Формировать у учащихся информационную компетентность позволяет использование на учебных занятиях электронных учебников, презентаций, видеороликов. Наглядность демонстрации,

четкость комментариев и инструкций обеспечивают усвоение образцов поведения. Использование новых электронных средств обучения освобождает учителя от обязанности быть единственным источником знаний, он выступает инициатором проблемных вопросов, организатором самостоятельной работы учащихся и обсуждения ее результатов, консультантом, помогающим преодолеть текущие затруднения при работе с новыми средствами обучения.

Объяснение нового материала, сопровождаемое демонстрационным видеоматериалом, – основной источник информации для учеников. При этом использование электронного учебника в контексте рассказа учителя включает зрительное восприятие учеников в процесс усвоения материала, что очень важно для создания у них точного и целостного представления об изучаемом явлении. Основные дидактические возможности аудиозаписи – формирование звукового образа, источник информации. Особенно эффективны аудиозаписи при работе с персоналиями. Интерактивная карта выполняет основную дидактическую функцию – формирование наглядных представлений, источник информации, позволяющий получить самую разнообразную информацию о ходе исторических битв, военных походах и сражениях и т.д.

Другой формой обучения, которая может развивать умение логично, доказательно отстаивать свою точку зрения является дискуссия. Дискуссия – это беседа, организуемая ведущим, когда у участников по какой-либо проблеме имеются разные точки зрения. Учащиеся приходят к различным выводам, каждый доказывает свои позиции. Выигрывают в результате такой работы все: каждый принимает участие, «пропускает» через себя иную точку зрения и, в конце концов, соглашаются, что лишать жизни человека ни при каких условиях нельзя, т.к. это естественное право и дано каждому человеку от рождения. Элемент дискуссии необходимо включать на всех этапах урока, ведь искусство дискутировать, отстаивать свою точку зрения, исходя из собственного опыта, у наших учащихся развито еще слабо.

Методические приёмы представляют собой совокупность приёмов преподавания, т.е. способов деятельности учителя и адекватных им способов деятельности учащихся. Под приёмами мы понимаем действия с предметами, а также словесные или письменно-графические действия. **Приёмы изучения фактического материала: образное повествование**, при котором главные исторические факты излагаются с использованием

графической наглядности; **ролевая игра**, при котором учащиеся получают роли участников исторических событий или деловые игры, где учащиеся получают роли современников и в процессе игры активно оппонировать друг другу.

Приёмы изучения теоретического материала: объяснение информации, которая должна быть усвоена в виде готовых понятий, суждений, умозаключений, оценок, выводов. Объяснение помогает убедительно показать внутренние связи и зависимости, смысл, сущность и значение исторических фактов и явлений. **Рассуждение** применяется для выявления причинно-следственных связей, существенных черт понятий. [З.с.32]Этот приём позволяет втянуть учеников в ход активной познавательной деятельности. Перед рассуждением обязательно ставится вопрос, который позволяет привлечь внимание учащихся к основному смыслу изучаемого материала. На каждый поставленный вопрос учитель даёт несколько альтернативных вариантов, сопоставляет факты и мнения. В результате последовательной постановки вопросов и ответов на логическую цепь вопросов учащиеся без труда осмысливают теоретическое содержание учебного материала.

Эти приёмы наиболее доступны, когда учитель применяет такие средства обучения, как логические схемы, учебные памятки, рисунки, аппликации, текстовые таблицы, смысловые планы, диаграммы. По ходу объяснения учащиеся ведут записи в рабочих тетрадях. Им надо лишь изучаемый материал понять и запомнить.

Приёмы изучения хронологии: основные даты связанные с главными фактами, например, первое упоминание о Казахском ханстве, обретение независимости РК.

Памятники художественного слова: произведения устного народного творчества (мифы, басни, песни, крылатые выражения). Дополняют и украшают рассказ учителя, создают яркие образы и картины прошлого, способствуют ощущению духа эпохи.

Все указанные группы документов учитель может включить в свой рассказ, если он передаёт сущность событий, хочет усилить эмоциональность в изложении материала. Отрывок должен быть небольшим, простым и понятным, легко восприниматься на слух. Незнакомые термины и понятия разъясняются.

Использование художественной литературы помогает воссоздать картины быта, общественных отношений. Краткий пересказ художественного произведения и задание на выявление

деталей, с тем чтобы ученики его обязательно прочитали, закрепляет, цементирует изученный материал.

Вообще, цитирование художественного произведения всегда у учащихся формирует яркий образ прошлого.

При работе с картами следует учесть, что учащимся бывает сложно соотнести общую и тематическую карты. Поэтому на уроке в начале изучения темы следует иметь две карты, показывающей местоположение того или иного объекта (государства) на общей карте, например карте мира, а потом уже на тематической.

Опорные сигналы в графическом, рисуночном, словесном, буквенном отображении информации достаточно эффективно закрепляют в памяти учащихся изученный материал. Опорными сигналами (ОС), можно пользоваться, когда ученики получили знания по новой теме. Например, ОС по теме «Национально-освободительное движение 1916 года»

Применяя на практике вышеуказанные методы и приемы добилась активизации познавательной деятельности учащихся на уроке и как следствие повышения качества и успеваемости учащихся на уроках истории.

Педагогика сотрудничества вся направлена на одно – дать ребенку уверенность в том, что он добьется успеха, научить его учиться, не допускать, чтобы он отстал и заметил свое отставание.

Педагогика сотрудничества - направленность педагогического процесса на индивидуальное развитие нравственных и творческих качеств личности учащихся. Основа учебной деятельности - обучение учащихся методам и формам самообразования и самовоспитания, в процессе преимущественного выполнения творческих заданий. В этой модели обучения главное внимание уделяется развитию нравственных и творческих качеств личности за счет дифференцированного подхода с учетом интересов, возможностей и способностей учащихся.

Всем известно, что успешное обучение и воспитание возможно только тогда, когда отношения между педагогом и учащимися носят демократический характер. Демократизация отношений между педагогами и детьми является первым главным условием перехода к сотрудничеству. Если эта работа не будет сделана, то выполнение других условий просто невозможно.

Поэтому, я считаю, что для достижения благоприятной атмосферы сотрудничества необходимо, чтобы в классе были демократические отношения как между учителем и учениками, так

и между учениками. Но для достижения необходимо применять новые положения: уделять внимание формированию навыков, необходимые в 21 веке: коммуникабельность, креативность, аналитическое мышление.

Необходимо развитие умений по темам для каждого класса и в идеале для каждого ученика. Если в процессе обучения основное внимание учителя обращается на развитие умений самообразования, то и учебная самостоятельность детей не заставит себя долго ждать. С достижением этого и начнется сотрудничество - учитель направляет, консультирует и контролирует, дети самостоятельно планируют, выполняют, самоанализируют и самооценивают.

Мы не можем пройти мимо того факта, что новые образовательные технологии стремительно входят в нашу жизнь. И чем быстрее мы обратимся к ним, оценим их значение и выработаем методику их применения, тем более полноценным, познавательным, увлекательным будет учебный процесс, как для учащихся, так и для нас самих.

ЛИТЕРАТУРА

1. Алимгазинов К.Ш. Интернет и историческое знание: новое обретение в казахстанской историографии. - Очерки по историографии и методологии истории Казахстана. А., 2007. С. 278-327.
2. Гузеев В.В. Познавательная самостоятельность учащихся и развитие образовательной технологии. – М.: НИИ шк. технологий, 2004. – 122с.
3. Жакишева С.А. Научно-методические требования к созданию электронного учебника // Современные проблемы образовательной политики в Казахстане. – Алматы: ТОО «Лем», 2006. С.76-84.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРЫНА СЕМИОТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

КАЗБЕКОВ А.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

АБАКИРОВА С. С.

PhD, қауымд. профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Дәстүрлі қазақ қоғамында құндылықтар қатарынан ұлттық тағамдар да орын алған, тәрбие тұрғысынан – ұлттық патриотизмді қалыптастырудың негізі деп білеміз. Ұлттық тағам – қазақ мәдениетінің бір саласы, бұл - коммуникациялық мәдениет кешені, сондықтан аталмыш құндылықты семиотикалық зерттеу оның инновациялық, яғни қазіргі заман тұрғысынан зерделеу, басқаша айтқанда тағам түрлерін дамыту, бүгінгі толқын ұрпақты ақпараттандыру болып табылады. Себебі, бағзыдан келе жатқан, қадір-қасиеті, денсаулыққа пайдасы заманалар тезінен өткен бірқатар ұлттық тағамдар ұмытыла бастады немесе ұлттық ас мәзірінен түсіп қалды десек те болар.

Қазақ халқы, жалпы, қай ұлт болса да ұлттық тағамдарын өзінің өмір сүру салтына орайластыра, бастысы энергетикалық және биологиялық қасиеттеріне баса назар аударғаны анық. Бұл орайда мен өз халқымның ұлттық тамаққа байланысты ұшқыр ой, тапқырлықтарына тәнтімін. Бір мысал келтіре кетейін, кәдімгі ұнтақ түріндегі құрғақ сүтті қазақ ойлап тапқан, қазіргі қолданып жүрген су жылытқышты (орыс тілінде кипятильник) да ойлап тапқан қазақтар екен. Ол жайлы кейінірек сөз ететін боламыз. Сонымен ұлттық тағам тақырыбына келейік. Ұлттық тағамды семиотикалық тұрғыдан талдау – тағамның танымдық деңгейін талдау, бағамдау, сипаттау деп түсінеміз. «Семиотика (грек. semeion-белгі) - ақпаратты және түрлі белгілік жүйелердің қасиеттерін сақтап философиялық-теориялық тұрғыдан зерттейтін ілім. Бүгінгі таңда батыс елдерінде коммуникация семиотикасы жеткілікті дамыған теория болып табылады, бұның тәсілдері адам болмысының әртүрлі танымдық деңгейінің әрекетін талдауға мүмкіндік береді» [1]. Ұлттық тағамды семиотикалық талдау - атадан балаға жеткен ұлттық астың қасиеттері, дүниетанымдық түсінік, семиотикалық технологиясын сипаттап, дәстүр бойынша қолдануды анықтайтын әлеуметтік маңызды сала.

Қазақтың ұлттық тағамдары заманалар бойы ет пен сүттен әзірленіп келді. Көші-қон жағдайында өмір сүрген халық ет пен

сүттен жартылай фабрикат әзірлеген (шұжық, қазы айналдыру, етті сүрлеу, т.б.), ал мал сүтінен қымыз, сарысу, құрт, қатық, ірімшік, көмпит (шоколад тәрізді) әзірлеу кең тарады. Бұл ауа райына төзімді, ыстық немесе аязды ауа райында бұзылмайтын, салқын түрінде де тұтынатын ас түрлері. Айта кетейік, астық дақылдары қазақ дастарқанына кейін келді, алдымен тары, кейінірек, егін шаруашылығының дамуына орай отырықшы аймақтарда ұн пайда болды. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында ет пен ұн тағамы үйлесті, яғни асылған еттің сорпасына жайма нан пісіріп, табаққа еттің астына салу кең тарады. XX ғасырдың басынан бастап Орта Азия елдерімен (тәжік, дұңған, өзбек, ұйғыр) араласудың нәтижесінде сол елдердің де тағамдары, сонымен қатар, көкөністер, тауық, қаз, үйрек еті, жұмыртқа, балық та қазақ дастарқанына араласты.

Қазақтың ұлттық тамақтары – жоғарыда атап өткенімдей, көшпелі өмір салтына негізделген дала символикасы, сондай-ақ халықтың бір-бірімен араласуын (түрлі деңгейдегі туыстық, достық) танытатын күрделі семиотика.

«Дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі басты кеңістіктік бейнесі «дала» ретінде шартты түрде белгіленген шексіз көлденең жазықтық болып табылады [2]. «Кеңістік» тұжырымдамасының семантикасы қазақ әлемінің этникалық бейнесінің негізінде жатыр, оның негізі универсумның кеңістіктік моделі болып табылады. Ол мифтерде бейнеленген, діни идеяларда көрініс тапқан, мәдени әдет-ғұрыптар мен әдет-ғұрыптарда да бейнеленген, [3] тілінде бекітілген, сондай-ақ дәстүрлі күнделікті мәдениетте ұсынылған және қазақтардың дәстүрлі тағамдарының күрделі символикасында көрсетілген».

Осы жерде тоқталып өтетін бір мәселе, қазақ дастарқанының өзге халықтардан бір ерекшелігі, қадірлі қонаққа төрт түлік малдың мүшелерін мүшелеп тартуы дер едік. «Қазақ халқы үйіне келген бейтаныс қонақты да «құдайы қонақ» деп қабылдап, ақ сары бас қой сойып, құрметтеп күткен. Осындай қонақжай халықта 54 түрлі кәделі табақ тарту, яғни ет тарту дәстүрі болған. Түркі тектес ұлттардың арасында қазақ халқындай мүшелеп, жіліктеп мал сойып, кәделеп ет асып, сый-табақ тартатын халық жоқ. Сонау, Үйсін, Алан, Қаңлы, Қыпшақ, Көктүрік дәуірлерінің өзінде тайқазанға ет асып, той-томалақ жасап, ас-мәзір берген. Етті тұздап, ыстап кептеріп, сүрлеп, дәмдеп пісіруге келгенде қазақтан озатын халық болмаса керек», - дейді этнограф ғалым Болайұлы [4].

Қойды жіліктегенде он үш мүшеге бөлінеді. Атап айтқанда, екі жамбас, екі ортан жілік, екі асықты жілік, екі тоқпан жілік, екі кәрі жілік (кей өңірлерде қаржілік дейді), бір беломыртқа, екі сүбе мен бес қабырға, бұғана және мойын. Бұлар кәделі жіліктер, мәртебелі меймандарға жіліктерге қосып сойылған қойдың басын, ірі қара малдың шекесін және қазы-қарта мен жал-жаяны да табаққа салады. Ал қазіргі уақытта үлкен ас-жиындарда етті табаққа турап салады, десек те құдалар немесе аса мәртебелі меймандарды күткенде етті мүшелеп тартады. Әйтпесе, сый-күрмет көрсетілмеді деп есептеледі. Бас табақ күрметті меймандардың ересектеріне тартылады, ол табаққа қойдың бас-жамбас, ортан жілігін, сүбе қабырғасын, жауырынын, белдемесін, кәрі жілігін, бір тілім құйрық май салынады, екінші табаққа ортан жілік, қабырға, омыртқа, сүбе, құйрық май салынады. Үшінші табаққа омыртқа, жауырын, сүбе, құйрық маймен салынады. Ал төртінші табаққа асықты жілік салынады, егер сол әулетке күйеу болса төс мүшесін қосады. Құдағиларға арналған табаққа жак, жамбас, кейінгі табаққа кәрі жілік, қабырға, омыртқа сүбесімен салынады. Одан кейінгі табаққа ортан жілік салынады. Содан кейін тоқпан жілік салынады. Жауырынмен тағы бір табақ тартылады. Қалған жіліктер, мәселен, асықты жілік, тоқпан жілік, жай омыртқа, қабырға жастар жағына беріледі. Қыз-келіншектер табағына асықты жілік, қалған қабырға, мойын омыртқа салынады. Балаларға бүйрек пен құлақ салынған. Қазақта туыстық табақ тарту дәстүрі де қатаң сақталады, мәселен, жасы 70-80-де болса да өз еліне төркіндеп келген әйел қызымыз деп есептеліп, оны төрге отырғызып, табағына құйымшақ салынып, сол елге күйеу болса, асықты жілік пен төс тартылады, күйеу жеңгелерге төс кәдесін береді. Жалпы, қазақта құдағи табақ, күйеу табақ, қыз табақ, келін табақ, жеңге табақ, жезде табақ, беташар табақ («Беташар» рәсімін жасаған адамға), бала табақ, құрдас табақ дейтін арнайы мүшелер тартылатын табақ түрлері баршылық. Қазақ етті ағаш табаққа, ал тұтастай бір қойдың етін астауға салады. Міне, жоғарыда айтып өткеніміздей, қазақтың тамақтану үрдісінің өзінде ұлттық мәдениет, әлеуметтік мәртебесі, рулық, туыстық байланыстар көрініс тапқан. Бір атап өтерлігі, қазақ ешуақытта сойылған малдың терісі, сүйегі, жүні, мүйізі тіпті тұяғына дейін тастамай, пайдаланған. Мысалы, сүйекті қайнатып, оның майынан сақар сабын қайнатып алған, сүйектерден музыкалық аспаптарды, төсекті, сандықты өрнектеген, тарақ, т.б. заттар жасаған.

Қазақтың ұлттық тағамдарының семиотикасы дегенде, олардың атауларының өзі айрықша мәнге ие. Мипалау, сірне, шыртылдақ,

кимай, жөргем, жент, жаубүйрек, т.б. атауларының шығу тегінің өзі үлкен бір сала. Осы жерде айта кетелік, қазір көпшіліктің көңілінен шықпай жүрген бір мәселе, қазақтың күрметті асын «бешбармақ» деп кемсіте атау дер едік. Бұл туралы жазушы Мархабат Байғұт былай дейді: «Бешбармақ» деу ұлттық тағамды қорлау. Бұл сөзді бұрын отарлау саясаты кезінде генерал-губернаторлар мен олардың жандайшаптары ойлап тапқан. Қолмен жегенді «казахи бешбармачничают» деп әжуалаған. «Бешбармақ» деп айтуға да, жазуға да болмайды». Адамда екі бармақ, сегіз саусақ бар. Олай болса, ата-бабадан келе жатқан қадірлі асты қорлап, «бешбармақ» деу жөн бе екен?! Әрине, халқымыздың бас тағамының атауының өзгеруіне қоғамдық өзгерістер, өзге тілдердің ана тілімізге араласуы секілді тарихи факторлардың әсер еткені анық. Сондай-ақ, түркітілдес татар мен башқұрттарда «бишбармақ», қырғыздың «бешбармақ» тағамдарының атауы да араласа келіп, біздің тіл фонетикамызға араласып, «бесбармақ» сөзі шығуы да әбден мүмкін. Яғни «бешбармақ», «бесбармақ» – кірме сөз, ондай атау біздің қазақта болмаған [5].

Қазақтың ас мәзіріндегі тағы бір ұлық іс – бас тарту, ет асатудың тәрбиелік мәнісі, ырымы, Ұлыстың ұлы күнінде әзірленетін Наурыз көженің денсаулыққа пайдасы мен ырымдау салты жеке өңгіме... Қазақ халқының тамақтану үрдісінде маусымдық ас туралы айтып өткеніміз жөн. Мәселен, жаз уақытында қой, марқа қозы етімен тамақтанып, сусынға көп ретте қымыз, саумал, қымыран (түйе сауатын өңірлерде), айран, тіске басарға күрт, сықпа күрт, ірімшік, май-қаймақ, бертін нан, бауырсақ болса, күзге қарай күздік сойылып, бұл қысқы соғымға дейін талғажау етерлік ыстық ас, ал қыста жылқы, бірнеше қой сойылған. Көктемгі «Жуанның жінішкеріп, жінішкенің үзілер шағы» дейтін уақытта да қыстан қонды шыққан мал сойылып, жаз жайлауға шығып, бие байланғанға дейін етпен күн көрген. Атап өтерлігі, қазақтың ас мәзірінде аптап ыстық күндерде салқын күйінде сақталатын айран көже, күрт көже, тары көже, бидай көже секілді шөлді де қандырып, ас ретінде де тоқ тамақ саналатын көжелердің түр-түрін әзірлей білген. Сонымен қатар, жазғы уақытта әйелдер қыс мерзіміне күрт қайнатып, сықпа күрт, сорпа күрт, ірімшік, қатық секілді сүттен түрлі тағамдарды қап-қабымен дайындап алған. Тағы бір айта кетерлігі, сүтті құрғату арқылы да әзірлеген. Ол үшін жаңа сойылған жас ешкінің терісін жүнінен әбден тазартып, қазанда қайнап жатқан сүтке салған. Тері сүтті сіңіргеннен кейін желге жайып, кептіріп, осылайша бір

теріге бірнеше рет сүт қайнатып, сіңіріп, кептіріп алған. Сонда сүтті сіңірген ешкі терісі қалындайды, бұлай дайындалған сүт те, тері де бүлінбейтін болған. Көш бойында тоқтаған жерде қайнаған суға теріден кесіп алып, салып жібергенде кәдімгідей жаңа сауып, пісірілген сүттей, иісі бұрқырап, төбет ашқан. Бұдан біз сүтті кептіріп алу технологиясының қазақ халқынан шыққанын аңғарамыз. Бұл – әлеуметтік экономикалық факторлар әсерінен қалыптасқан үрдіс. Тағы бір қызықты мәлімет, ағаш тостағанға сүт пісіріп алу әдісі де назар аудартады. Ыстық күнде қойшылар қойды сауып алып, отқа бірнеше малта тасты әбден қыздырып, тостағанға салып жібергенде қойдың қою сүті бірден пісіп, көпіріп шыға келген. Жоғарыда айтқан, қазіргі электр кипятельник дегеннің табиғи түрі осындай болған. Сондай-ақ, атпен жол жүргенде, тері ыдысқа - торсыққа сүт не айран құйып алып, қанжығаға байлағанда, ол шайқатылып, бетіне май тұнған, осындай өмір тәжірибесінің негізінде қазақтар сабаға, күбіге сүт немесе айран құйып, пісіп, шайқау арқылы майды қалқып алу технологиясын ойлап тапқан. Сонымен, маусымдық тамақтанудың өзі көшпенді елдің тіршілігіне орай пайда болды, мысалы, қыста қуатты ет тағамдарын жеп, томыртқа ішкен (томыртқа – жылқының майлы сорпасына мұз салған), ал көктем мен жазда сүт тағамдарымен тамақтанған, яғни ағзаның қыстағы биохимиялық қышқылдығын көктем мен жаздағы сүт тағамдары арқылы табиғи түрде реттеп отырған.

Қорыта айтқанда, семиотика адамдар арасындағы қарым-қатынас, байланыстың барлық түрін зерттейтін ғылым десек, қазақтың ғасырлар тезінен өткен ұлттық ас мәзірінің пайда болуы, дамуы, кейбір түрлерінің ұмыт бола бастауы, атаулары, халықтың өзара байланысына әсері – өз алдына бір әлеуметтік семиотикалық ғылым деп айтуға толық негіз бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мәдениеттану негіздері. Оқулық. 42 б. Т.Х.Фабитов, Н.Қалжнова
- 2 Шакенова 1991, Бахралинова 2013
- 3 Кодар 1998, Қарақұзова 1993
- 4 Б.Бопайұлы А.Қайбарұлымен «Қазақ ырымдары» кітабы 1998 жыл
- 5 <https://www.youtube.com/watch?v=cL8DJhHsIOM>

РОЛЬ КАЗАХСКОЙ ОПЕРЫ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ

КАСЕНОВ М. С.

магистрант, Торайгыров университет, г. Павлодар

АУБАКИРОВА С. С.

PhD, асоц. профессор, Торайгыров университет, г. Павлодар

Интерес к музыкальному искусству в Казахстане заметно возрастает, и это сопровождается интенсивным развитием художественной жизни в стране. В настоящее время проходят различные фестивали и конкурсы искусств, которые имеют международное значение. Достижения казахстанских музыкантов получают признание на мировой арене. Кроме того, проводятся многочисленные проекты и программы, направленные на повышение духовно-образовательного и культурного уровня общества.

Современная область оперного искусства представляет собой значительный контингент, поскольку на протяжении нескольких десятилетий отечественные мастера создавали широкий спектр произведений для музыкального театра, отличающихся разнообразием стилей, глубиной содержания и образного мира. В этих оперных произведениях заключены универсальные идеи, касающиеся жизни общества, духовного развития личности и философско-этических вопросов. Особенно важным направлением являются произведения, посвященные значимой и актуальной идее национальной независимости. В них наиболее полно проявляются масштабные и новаторские концепции. В основе тематики многих опер лежат идеалы свободы, патриотизма, любви к Родине, а также идеи национально-освободительных движений, борьбы за единство и сплоченность народа против угнетения буржуазно-феодальной системы. К таким операм можно отнести «Абылай хан» Е. Рахмадиева [1], «Отырар шайқасы» М. Мангитаева [2] и «Домалак ана» Б. Ботбаева [3].

При исследовании данного направления можно заметить любимую композиторами сферу, которая стала творческой лабораторией для освоения европейских форм и структур. Фольклорный материал сыграл значительную роль в этом эволюционном процессе, способствуя их интеграции в оперную композицию. Одной из основных целей является раскрытие национальной специфики словесного искусства, особенно в речитативных формах, таких как ораторское искусство – «шешендік

сөз», диалогические формы, а также формы устно-поэтического фольклора, такие как «айтыс», «бата», «жоқтау», «қарғыс», «жұмбақ» (загадки), «үгіт өлең» (назидательные песни), «терме» (избирательные песни), «толғау» (стихи-размышления) и многие другие, а также определение их функционального значения. В то же время мы стремимся проанализировать тенденции современного этапа их использования и наметить дальнейшие перспективы.

Приобретение независимости привело к сильному подъему национального самосознания, обращение к глубоко национальной тематике и богатому фольклору стало восприниматься естественно и органично. В этом контексте оперный спектакль «Абылай хан» Е. Рахмадиева стал значительным событием в истории казахского оперного искусства. Значимость этого произведения определяется прежде всего его национальным духом, высоким уровнем идейности и концептуальным содержанием, а также захватывающим и динамичным сюжетом, который отражает современную эпоху. Основываясь на древних корнях традиционной культуры, Рахмадиев свободно использует музыкальную драматургию и развивает методы интерпретации устного народного творчества и эпического повествования. Воплощение исторических и героических мотивов в концептуальном контексте этого произведения было обоснованным, так как автор стремился к использованию крупных форм, актуальных и социально значимых идей, а также достоверных и ярких образных образцов [4, с. 10].

Национальный колорит в обрисовке героев оперы создают жанры казахского песенно-поэтического фольклора – терме (в характеристике Бухар жырау), жұмбақ арбасу (спор загадки) в партиях Абылай хана и Калдан Серена; применение традиционной стихотворной формы – семи-восьмисложников, одиннадцатисложников. В этом смысле слова академика З.Ахметова являются весомым тому подтверждением: «Наиболее распространенные стихотворные формы казахской народной поэзии семи-восьмисложник, жыр и одиннадцатисложный стих были очень тесно связаны с традициями устной литературы, импровизацией и речитативом» [5, с.301].

Сохраняя многовековые традиции в претворении богатых фольклорных истоков в национальном оперном искусстве, Е.Рахмадиев создал поистине колоритное, содержательное монументальное творение, убедительно раскрывающее исторические страницы прошлого [1].

Опера «Отырар шайқасы» М. Мангитаева представляет собой новое, содержательное и монументальное произведение, вдохновленное мотивами романа Хасена Адибаева «Гибель Отырара», и убедительно раскрывает исторические страницы прошлого. Либретто для этой оперы было создано известным писателем Кадыром Мырзалиевым и отличается монументальностью, масштабностью идейного замысла, а также контрастной образной сферой. Композитор вдохновился историческим сюжетом, отражающим трагическую судьбу уникального памятника древности и культурного центра всей Средней Азии - города Отырара. Первоначально была предположена трагическая концовка, но по настоянию автора оперы конец произведения был изменен в сторону усиления оптимистического начала - веры в светлое будущее и радостной надежды на свободу. Содержание оперы было записано по словам самого автора.

Эпический и монументальный характер «Отырар шайқасы» определил разнообразие вокальных оперных форм. В музыкальной композиции широко используются арии, речитативы, дуэты и хоры для характеристики как главных, так и второстепенных персонажей. В связи с выбранным сюжетом особое внимание уделено народным сценам, которые активно вовлекаются в музыкальное действие. Массовые хоровые эпизоды, бытовые и лирические танцы прекрасно отображают портрет народа. Например, в начале оперы композитор использует народную песню «Елім-ай» для передачи глубины трагедии, а завершающий хор народа апофеозно выражает чаяния, радость, гнев и злобу народа в столкновении с завоевателями.

Опера «Домалақ ана», состоящая из двух действий, была создана при участии известного поэта и драматурга Нурлана Оразалина, а также писателя и критика Марала Искакбая. Идея написания оперы зрела у композитора на протяжении многих лет. Сюжет, созданный выдающимися отечественными писателями и поэтами, послужил основой для реализации задуманной концепции. Работа над произведением заняла несколько лет, с 1999 по 2005 год, и по задумке Д. Ботбаева она относится к жанру лирико-исторической оперы. Два акта и восемь картин рассказывают о жизни и подвигах реальных исторических личностей, таких как Байдибек би, святой Нурилы, Марату, Кара-Хайдар, Зерип и другие [4, с. 12].

Как отмечает композитор Д. Ботбаев: «Идея создания оперы зрела у меня на протяжении многих лет. С детства я неоднократно

перечитывал дастаны о «Домалақ ана». Реализация этого проекта зависела от поэтического текста, созданного двумя талантливыми авторами, которые оказали огромную поддержку в его реализации. Главной целью в этом произведении для меня было показать религиозность Величественной матери».

Тексты для оперы были заимствованы из их пьесы о великой матери казахской земли, Нуриле-аны, и ее жизни с батыром казахской земли Байдибеком батыром, с описанием его героических подвигов и заслуг перед Отечеством. Либретто отличается высоким поэтическим мастерством, глубоким философским мышлением, краткостью и точностью, умелым психологическим взглядом, а также богатством стилистики и языка.

Рассмотрение представленных произведений искусства обосновано тем, что они являются яркими примерами выражения чувств любви и преданности Родине, прославляют свободолюбивый национальный дух и возвеличивают героические поступки сыновей Отечества. Это в значительной степени связано с историческим прошлым Казахстана, которое неразрывно связано с борьбой за освобождение от иноземного владычества, что является подтверждением мощи и силы народа, его героизма и патриотизма.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Рахмадиев Е. Абылай хан. Клавир/Рукопись. – Алматы, 1998. – 303 с.
- 2 Маңғытаев М. «Отырар шайқасы» (битва за священный Отырар). – Алматы, 2006. – 254 с.
- 3 Домалақ ана. /Аңызға айналған тұлғалар. Құрастырған С.Дәуітұлы. – Алматы: ҚазАқпарат, 2009. – 115 б.
- 4 Мусагулова Г.Ж. Некоторые аспекты оперного искусства Казахстана на современном этапе // World Science, № 1(5), Vol.4, January 2016. – С. 9-14
- 5 Ахметов З. Казахское стихосложение. – Алма-Ата: Наука, 1964. – 458 с.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА АЙТЫСТЫҢ ОРНЫ

ОМАРХАНОВА А. Н.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Бірлік негізгі ЖББМ, Ертіс ауданы, Павлодар облысы

Ақындық өнердің биік шоқтығы болып табылатын айтыстың тарихы туралы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы былай дейді: «Бұрынғылар домбыра ұстап, өлең айтатұғыннан қайым білесің бе деуші еді... Қайым деп екі ақынның айттықан өлеңін айтады екен. Сонда Күдері қожа мен Ұлбике қыз айттықан. ... Бұлардан бұрын жырлап сөйлейтін болған. Жырлап сөйлейтіннің тұңғышы – ноғайлыдан шыққан би, Орманбет хан заманында қосшы бала, қазақтан жырлап сөйлеушінің басы-Бұхар жырау... Өлеңмен сөйлеушінің басы – Күдеріқожа, Ұлбике, Заманқожа, Ұмсын қыз, Қарақалпақ Жанкел ақын, Көтеш ақын, мұның заманында Ұлы Жүзде Күмпие деген қыз болған. Сонан кейін ақындар әр тараптан шыға берді... Күдеріқожа албырт бозбала күнінде Ұлбикемен айттысамын дегенде Күдерінің әкесі Еркөшек қожа да ақын екен, жырлап сөйлейді екен. Балам Ұлбикемен айттысамын десен, Бұхараға барып үш жыл оқып кел. Әйтпесе, онымен айттысуға жарамайсың деген екен. Ұлбике Жалайырдың ошақтысынан шыққан. Әкесі Жанкелді ақын, шешесі Жаңыл да ақын екен» [1, 112 б.], – деп, қазақтың дүниеге дәстүрлі көзқарастық бағдарын қалыптастыратын өте ықпалды интеллектуалдық күш болып табылатын айтыс өнерінің бастауында қазақтың қыздары тұрғанын атап көрсетеді. Көптеген ғылыми әдебиетте, әсіресе Батыс зерттеушілері тарапынан қауымдық пен даралықты бір-біріне қарсы қойып, «қазақ қоғамы-рулық қоғам, сондықтан онда даралық белгілер басылынып тасталған» деген пікірлер жиі айтылады. Біздің ойымызша, қауымдасу мен даралық бір-біріне қарсы құбылыс емес. Даралық ұжым ішінде де қалыптаса алады.

Батыс қуатты техникалық өркениетті қалыптастырса, шығыс елдерінде адамның рухани мәдениетін жетілдіруге көп көңіл бөлінген. Жеке-даралық адамдықтың қалыптасуында материалдық өндірістен гөрі рухани факторлардың рөлі айрықша болып табылады. Қазақ халқының рухани құндылықтарын қалыптастыруда ақындық ерекше орын алады. Тұлғаның басты қасиеттеріне еркіндік, таңдау, жауапкершілік жататын болса, ақын жыраулар өздері айтқандай, топ бастаған, топ алдында сөз бастаған, жау қайтарған, өз елі мен жері үшін құрбандыққа дайын тұлға. Оған сана мен ерік дербестігі

төн. Ол өзіне жауапкершілікті де ала алады. Міне осы қасиеттердің бәрі қазақтың ақын қыздарына да төн қасиет. Сыр бойында «Ақ әже» атанған Ақкенже кемпірдің өсиеті, өлеңдері ауызекі тарап кеткен. Жоңғарлардың кезекті бір шабуылынан кейін әлсіреген елдің ішкі жағдайына байланысты жиналған «Билер кеңесі» үш күнге созылып мәмлеге келе алмаған екен. Сонда Ақкенже ел жақсыларын бірлікке шақырып, қатты сөйлейді. Өлеңмен айтылған осы сөзін: Қабан да қаһар сезсе тартар басын, Елдікті ұмытқанды ар қарғасын. Қара күш анда да бар, күшін емес Жауынды тұтастығың талқандасын! – деп аяқтайды. Сонан кейін ел мәмлеге келген екен [2, 247 б.]. Дәстүр бойынша қайтыс болған адамды жоқтау, ең алдымен, қызының парызы. Қайтыс болған адамды бойжеткен қыз баласы болмаса ғана басқа әйел туыстары жоқтаған. Қазақ тарихындағы әйгілі адамдардың жақсылығы, елге сіңірген еңбегі, батырлығы, даналығы көбіне қыздарының жоқтау өлеңдері арқылы да ел есінде қалып отырған. Жоқтау өлең арқылы да қазақ қызының қоғам өміріндегі белсенділігі көрінеді [3, 62 б.]. Айтыстардан қазақ қызының өз басының құндылығын, еркіндігін сезіну басым екенін байқаймыз. Ақын «Мен» деп тұлғалық даралығын паш етеді. Және ер ақындар өз басының құндылығын, дербестігін топ бастаған, шаршы топ алдында сөз бастаған, ару сүйген, жау қайтарған ерлігі түрінде жырласа, қыз ақындар өзінің елінің еркесі екенін, жолының кез келген ерден үлкендігін, өзін ешкімнің мырзасынан төмен саналмайтынын, білім, ақыл, өнер жағынан өзіне ешкім тең келмейтінін, қандай ердің болса да құтын қашыратындығын өлеңмен өрнектейді. Жоғарыдағы айтылған ақындар айтысының басында тұрған Ұлбике мен Күдеріқожаның айтысында Ұлбикенің мына бір сөздерінен осы айқын көрінеді: Көргендер ақ жүзімді көркем дейді, Шешем сүйіп өзімді еркем дейді. Бабаныздан сұрап па ең тақсыр, қожам, Қыздың жолы қожадан үлкен дейді. Қазақ қызының рухани деңгейінің жетілуі, өзінің құндылығын сезінуі, сана мен ерік дербестігінің қалыптасуына арабша хат танып, сауатын ашқаннан көрі, ауызша мәдениеттің ықпалы зор болғанын мына жолдардан байқауға болады. Күдері: Аузың шие, лебің балдан тәтті, Өлімнен құтыла ма жүйрік атты. Қолыңда жайып тұрған кітабың жоқ, Оқымай қалай білдің шарифатты. Ұлбике: Сен-ақ оқы әліпби мен әбжатты, Мұрным әліп болғанда, қасым мәтті. Көкірегім –кітап сөзі, тілім құран, Мен сенен үйренбеймін шарифатты. Жаратқанның бар ма екен көрген нұрын, Нұрды көрген пейіштен алады орын. Қожеке-ау сенен мен бір сөз сұрайын, Не

жаратқан болады ілкі бұрын [3, 121 б.]. Бір таң қалдыратыны, ой-өрісті, табан астынан ұтымды сөз табуды талап ететін суырып салма ақындықпен қатар, әншілікті, белгілі бір музыкалық аспаппен сүйемелдеуді қажет ететін осындай бір өнердің күрделі түрі айтыста көбінесе сайысқа өмір көрген, талай айтысқа түскен тәжірибелі ер ақынмен жас балауса, көбіне 14–16 жасар қыз ақынның сайысқа түсетіні және көп жағдайда жеңіске жететіні. Т. Бөрібаев «Ұлт менталитеті» деген еңбегінде: «Қазақ философиясын түсіну мен зерттеудің бір ұшы осы менталитетте жатыр.

Менталитетті түсіну арқылы ұлттық философияның даму деңгейін түсіне аламыз. ... Ұлт менталитеті - қазақ философиясының мәдени коды» дей келе: «Көшпелі қоғамда айтыс тек ақындардың үлесі ғана болмай, оған бүкіл ел болып ат салысқан. Абайдың «әркімнің өнерге бар таласы» деуі сондықтан. Олай болса, айтыс өнері қазақтың қанына сіңген қасиеттердің бірі, менталитеттің бір ұшы. Соңғы кездері өнердің осы бір ерекше түріне қатты назар аударылып жүр. Ақындық өнердің жандануы, қазақ бойындағы өнерге деген шынайы қасиетті оятуда. Тотаритарлық заманда тұмшаланып, өнер сахнасынан мүлде құрып кете жаздаған бұл өнер түрінің бүгінде кең көрініс табуы астарында бейсаналық болмыс та жатқаны белгілі. Айтыс, шешендік өнер қазақ философиясының негізгі бір бөлігін құрайды. Бұларсыз қазақ философиясының дамуын көз алдына елестету өте қиын» [4, 82 б.]. Осындай дүниетанымдық мәселелерді көтерген, қазақ даналығының көрінісі, алғырлық пен тапқырлықты, шеберлікті қажет ететін сөз жарысы, өнер бәсекесі айтыстың қыз бен жігіттің (Күдеріқожа мен Ұлбике, Заманқожа мен Ұмсын қыз және т.б.) сөз сайысынан бастау алғанын жоғарыда айтып кеттік. Қазақ философиясы ақын-жыраулық, шешендік сөздер, түрінде көрінетін болса, осы сөз өнерінің өзі тұлғалық еркіндік пен белсенділік көрінісі болып табылады. Қазақ халқының қыз балаға ерекше ілтипаты мен құрметі көптеген ақындардың шығармаларында бейнеленеді. Бәрін тізбелеу мүмкін болмағандықтан, Ақан сері мен Мұрат ақынның қыз туралы айтқандарынан үзінді келтіруді жөн көрдік. Ақан сері Қорамсаұлы: Ешнәрсе ойламайды қыз жасында, Атаның бұлғақтайды ордасында. Қадірі ата-анаға ұлдан арттық, Бөтеннің тең көрмейді мырзасына. әлпештеп өсіреді ата-анасы, Кей қыздың ұлдан артық дәрежесі. Сүюге ұл мен қыздың бәрі бірдей, Туған соң бөтені жоқ өз баласы [4, 146 б.]. Мұрат Мөңкеұлы: Бұрандап ақ моншақтай керілген қыз, Оздырдың салтанатты еліңнен, қыз. Сәулесі ақ жүзіңнің жерге түссе,

Реңкің сары алтындай көрінген қыз. Шәй ішіп самаурыннан сәске түсте, Керіліп өзер тұрасың төріңнен, қыз. Қосшы ертіп, үкі қадап, жорға мініп, Көшкенде салтанатың көрінген қыз. Қамқа бөрік, кәмзол, бешпет, алтын ілгек, Ақ көйлек зер шашақтан киінген қыз Қызығын дүниенің, сізден көріп, Ата-анан үйде отырып сүйінген қыз. Шалықта ата-ананның дәулетіне, Бір күні жөнелерсін үйіңнен, қыз. Осы бір өлең жолдарынан қыз баланы ата-ананың, жалпы қазақ дәстүрлі қоғамының «Қыз өссе, елдің көркі» деп қаншалықты құрметтегенін анық көруге болады.

Осындай көзқарастан болар қазақ қыздары еркін, батыл болып өседі. Қазақ қыз баланың, жалпы әйел затының бойынан төменшектік, именшектік, орынсыз ұялшақтықтан көрі өжеттік, еркіндік, ақыл, парасат сияқты қасиеттерді жоғары бағалайды. Сондықтан да болар, қазақтың өзі мойындағандай, қол бастаудан да, ел бастаудан да қиын, шаршы топ алдында сөз бастау жауапкершілігін халқымыздың ақын қыздары ер азаматтармен бірдей мойнына ала алған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Көпеев М.Ж. Екі томдық. Т.1 –Алматы: Ғылым, 1992. –271 б.
2. Ел аузынан: Шешендік сөздер, ақындық толғамдар, аңыз әңгімелер (кұраст. Б.Адамбаев, Т.Жарқынбекова). –Алматы: Жазушы, 1989. – 368 б.
3. Қазақ мәдениетіндегі әйел бейнелері / Жауапты ред. Г.Адаева. Астана, 2014. – 194 б.
4. Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Екі томдық. Т.2 / Құраст.: М.Байділдаев, М.Мағауин. –Алматы: Жазушы, 1989. – 247 б.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ОҚУ – ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ОМАРХАНОВА А. Н.
тәрбие ісінің меңгерушісі, Бірлік НЖББМ,
Ертіс ауданы, Павлодар облысы

Қазіргі таңда ұлттық рухтың оянуы ұлттық тарих, мәдениет, салт-дәстүр жана көзқараспен қалыптастырды. «Дәстүрлік іс-әрекетіміз заман ағымына қарай қолданыста өзгеріс табады» деген пікірді әрбір ой толғаушы ғалымдардың еңбектерінен

байқауға болады. Ұлттық руханилық ұлттық құндылықтың мәні деп түсінеміз. Әр ұлттың ұлттық қасиеттері ұлттық тәрбиеге байланысты дамып қалыптасқан. Әрбір тұлға саналы түрде өзін басқалармен салыстыра келіп өзіндік ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырады [1, 18 б.].

Мектептегі білім мен тәрбие жұмысын ұлттық ерекшеліктерге негіздеп, мазмұнына халықтық ұғымдар енгізу, уақыт күтірмейтін мәселе. Мұны өмір талабы, заман ағымы қажетсінуде. Ұлттық ерекшеліктер ұғымын жалаң тұрғыда емес, әр пәннің мазмұнына үйлесімділікпен енгізе білуіміз керек. Осы орайда мен де оқыту мен тәрбие ісінде ұлттық сипатымызды айқындайтын халықтық педагогиканы кеңінен қолданамын. Мақсатым: Біріншіден: әр оқушы өзінің қазақ елі азаматы екенін, қазақ елінде туып өскенін мақтаныш ете алатындай етіп тәрбиелеу, қазақ мәдениетімен өркениетінің ешбір елден кем болмағандығына көздерін жеткізу. Екіншіден, оқушыларға қазақ халқының тарихын, ірі тұлғаларды, олардың ел ісіне қосқан үлесін өнеге ету, солар арқылы адамгершіліктің биік шыңына жетелеу.

Үшіншіден, оқыту барысында, апталықтарда, спорттық шараларда сынып сағаттарында ұлттық ойындарды, салт-дәстүрлерді, ауыз әдебиетінің әртүрлі жанрларын пайдаланып, оқушылардың қиялын, ойөрісін, әдеби сөздік қорын дамыту. Төртіншіден, халықтық педагогика арқылы қазіргі қоғамда болып жатқан келеңсіз оқиғалардан сақтандыру, салауатты өмір салтын насихаттау, дені сау, саналы, қоғам істеріне бейжай қарамайтын өскелең ұрпақ тәрбиелеу. Өзім беретін қазақ тілі мен әдебиет сабақтарының өзі, ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіру мақсатында құрылады десем де болады. Атап айтсам, әдебиет сабақтарында халық ауыз әдебиеті тарауының барлық түрі (мақал-мәтел, жаңылтпаш, аңыз, жырлар, шешендік, қанатты сөздер т.б.) ұрпағымызды адал еңбекке, өнербілімге тәрбиелеп, өмірге бейімдеп, жанұяның, Отан намысын қорғауға жетелесе, ұлттық құндылық қасиеттерімізді дәріптейтін тағы барлық салт-дәстүрлеріміз, әдет-ғұрыптарымыз, рәміздерімізді оқыта отырып меймандостық, кішіпейілділік, салауаттылық, инабаттылық, айырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайлылық, мәдениеттілік, шығармашылық, руханибайлық, махаббат т.б. сияқты жақсы қасиеттерді танып біліп, ұмтылу, сол бір жақсы қасиеттерге өздерін жетелеуге тәрбиелейді.

Біздің халқымыз өз ұрпақтарына ғасырдан - ғасырға ұлт қасиетін салт-дәстүрлермен, өнегелі әдет- ғұрыппен, үлгілі жөн жосықпен, әдепті ырым, тиыммен тәрбиелеп, ұлағатты ұл, инабатты қыз өсіріп отыр. Қазақ халқының әлеуметтік өмірін, тұрмыс ахуалына сәйкес қалыптасқан ырым-тиымдар бұлжытпай орындайтын заң ретінде қабылданып, баланы иманды болуға, кесепаттан аулақ болуға тәрбиелеген. Яғни, әрбір жасқа ұлттық тәрбие мен ұлттық идеология әрқашан серік болуға тиіс. Сонда ғана олар бабалар ізімен жүрген болады, бабалардың алдындағы борышын өтеген болады. Жалпы әр ұлттың өсіп, жетіліп келе жатқан жеткіншек ұл-қыздарының өз елінің тілін, ділін, әдет - ғұрпын, дәстүрін, тарихын, мәдениетін жете меңгерулеріне де бірден-бір атсалысатындар да осы күнгі ұстаздар мен тәлімгерлер.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани мәдени мұраларды қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз.

Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, қарттар үйіндегі аталар мен әжелер, нашарлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын-алып, болдырмаудың негізгі жолы.

Сабақты үнемі бір сарынды, бір деңгейде ұйымдастыру, баланың тез шаршауына, қабылдау мен ойлау әрекеттерінің тоқырауына, қызығушылығының төмендеуіне әкеліп соғады. Сондықтан пәндерді оқытуда да, сыныптан тыс жұмыстар жүргізгенде де жаңа технология элементтерін негізге ала отырып жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беруді, қазақтың салт- дәстүрлері, әдет-ғұрыптары туралы түсінік беруді, пайдалы, қажетті дүниелерді үнемі насихаттап отыруды дағдыға айналдыру қажет.

Қазіргі Қазақстанның білім аясының ахуалы ұлттық рухтағы бағдарларды, адами құндылықтарды, салт-дәстүрлерді, ойлау тәсілі мен тілді жаңғыртуды талап етеді. Дамыған елдерден қалмай отырып, Еліміздің ұлттық білім жүйесін қалыптастыру керек. Бұл білімді техникалық ақпараттық камтамасыз етудің әлемдік

деңгейіне жету мен жалпыадамзаттық құндылықтарды дәстүрлі ұлт жүйесімен байланыстыру арқылы қол жеткізуге болады. Осы жерде зерттеуге ұсынылып отырған идея әлемдік практикада өз тәжірибесін берген құбылыс болып табылады.

Қазіргі әлем әдебиетінің ХХІ ғ. ұсынған құндылықтары: адам құқықтары, демократия, азаматтық қоғам, толеранттылық, орнықты даму және т.б. Мәдени сабақтастыққа негізделген Жапония, Оңтүстік Корея, Кувейт, Бразилия елдерінің әлеуметтік тарихи тәжірибесі дәстүрлі құндылықтармен заман талабына сай мәдени жаңашылдықтарды үйлесімді біріктірудің өркениеттілікке жету жолының мүмкіндігін көрсетеді. Қазақ халқының да мыңжылдық көшіне қосатын мәдени құндылықтар жетістіктері жеткілікті [2, 44 б.].

Құндылық – адамның ішкі құқы, ізгілігі, адамдармен қарым-қатынасы, іс-әрекет кезіндегі көрсетілетін қайырымдылығы, тұрақтылығы, мейірімділік тәрбиесі.

Құндылық оқу мен тәрбие жұмысы арқылы жүзеге асады. Ал ұлттық құндылық белгілі бір ұлтқа тән, адам болмысындағы, қарым қатынасындағы адами құндылықтың, ұлылықтың жетілген жемісі. Құндылықтар жүйесі белгілі әлеуметтік-этникалық қауымдастықта қалыптасып дамитын болғандықтан ол ауқымдағы мәдени, тілдік, идеялық, мұраттық маңызы зор.

Ұлттық құндылық дегеніміз – адамзаттық құндылықтардың құрамдас бөлігі және әр ұлттың қоршаған табиғат ерекшеліктеріне қарай өмір салты негізінде ғасырлар бойы жинақталған тұрмыстық және рухани мұрасы. Елді елден, халықты халықтан айыратын бірден-бір белгі – оның ұлттық құндылықтары. Қазіргі кезең – ұлттық құндылықтардың жойылып бара жатқан кезі. Ұлттық құндылықтар ұлттық идея негізінде құралады .

Біз, ұстаздар кез келген пән сабақтарында халық даналығын, құдіретті сөз зергерлері – жыраулар мен шешендердің, ақындардың нақыл, өсиет сөздерін, классик жазушыларымыздың қанатты сөздерін ұлттық санамызға тығыз байланыстыра отырып пайдалану арқылы білім беруіміз шарт.

Осы орайда, негізгі көңіл бөлетініміз: тілге қабілеттілікті дамыту халық педагогикасының өзекті арналарымыздың бірі болып табылады.

Қысқасы, әрбір ұстаз өзі өтетін әр сабақты қазіргі заман талабына сай қазақ этнопедогогикасы және оның негізі халық педагогикасымен байланыстыра отырып оны тәрбиемен ұштастыра білім берсе, өз елін сүйетін жастарды әрі ұлттық рухы қалыптасқан

өскелең ұрпақты даярлап шығара алмақ. Бұған бұрынғы ата - бабаларымыз айрықша көңіл бөліп, ұрпағының білімді, ойлы да байсалды болуын мақсат етті. Мұны біз бала бойына сіңіре отырып білім нәрімен сусындата алсақ, ұтарымыз көп. Ал бұл асыл мұраларымызды бала тәрбиесінде орынды пайдалана білу әр ұстаздың біліміне байланысты. Ол үшін өзіміз білімді әрі білікті болуымыз керек. Сонда ғана ұлттық білімді қалыптастыра аламыз. Демек, оған қол жеткізу өз қолымызда.

Жаңа дәуірдегі «қазақ ұлттық мектебі» дегеніміз қандай мектеп, оның негізгі қызметі, мақсат-мүддесі, ұстанымдары мен тұғыры қандай, ол қай бағытта жұмыс жасауы қажет? Сонымен ғылыми педагогикалық тұрғыдан жүйелі зерттелуі, қазақ ұлттық мектебінің теориялық-әдіснамалық негізін, ғылыми-тұжырымдамалық ұстанымдары мен модельдік үлгілерін, даму үрдісін анықтау талап етілуде.

Қай ұлттың, қай халықтың болсын кемеліне келіп толысуына, рухани өсуіне, әдеби-мәдени дамуына басты ықпал жасайтын негізгі тірек-ұлттық мектеп. .

Қазақ тілінде оқытатын мектептердің басты міндеті – өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін, дінін қастерлейтін және оны жалпы адамзаттық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін ұлтжанды тұлға тәрбиелеу.

Қазақстан үшін білім мазмұнын жаңарту мен ақпараттық өркениеттің талаптарына сай етіп лайықтап, жаңа педагогикалық технология мен инновациялық қызметтің әлемдік деңгейін қамтамасыз ете отырып, оны қазақ халқының ұлттық рухани құндылықтарымен үйлестіре отырып, тәрбиелейтін этностық-мәдени білім жүйесін құру–бүгінгі күннің келесі мәселесі.

Ұлттық тіл – әр халықтың өзіндік ой-санасы мен парасатын, бүкіл болмыс тіршілігі мен сезім-түсінігін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші күретамыр. Онсыз халық аты бар да, заты жоқ тобыр болмақ. Жан-жақты мәдениетті тұлға – беделді тарихи сана иесі. Нақ осы тарихи сана этностық та, жалпы мемлекеттік те сананың негізі болып табылады. Айналып келгенде, тарихы бар халықтың ертеңі нұрлы болмақ

Сабақтарда қолданатын жаңа технология және ұлттық элементтерді бірнеше топтарға бөліп, жүйелеуге болады.

1. Сөзжұмбақты сабақта қолданған кезде сабақтың мазмұнын ашу үшін қандай да бір ұлттық элементтердің сөздерін келтіруге болады.

Сабақта сөзжұмбақтарды пайдалану оқушыларды ойлауға, тапқырлыққа, байқампаздыққа баулып, көп білуге, жан - жақты ізденуге ынта-жігерін арттырады.

2. Салауатты өмір салтын қалыптастыруда ұлттық ойындар және ұлттық тағамдардың маңызы өте зор екенін оқушылардың санасына жеткіземіз. Ұлттық ойындардан асық иіруді оқушыларды тарауды қайталаған кезде қолданған тиімді.

3. Киіз үйдің құрылысы. ХХ ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап қазақ мемлекетінің жеке шығуы ұлттық мәдениетін, оның ішінде киіз үй қадірі мен орнын өз дәрежесінде қайта көтеріп, ұлы бабаларымыздың киелі рухының қайта дәріптелуі, оларға лайықты ас пен тойлардың, соған сәйкес ұлттық мәдениеті рөлінің артуы киіз үйге құрылысы, оған қойылатын ұлттық бұйымдар туралы түсіндіру үшін алдын ала олардың аттарын конвертке салып, дайындап қойған жөн.

4.«Сөздің көркі – мақал». Қазақ халқы – ежелден сөз қадірін біліп, қасиетті сөздерді қастерлеп аузынан тастамай, өнеге ретінде данышпандығын өлеңмен өрнектеп, терең мағыналы сөздермен зерлеп, келе жатқан халық. Сөз зергерлерінің аузынан шыққан мәтелдер мен мақалдарды ретіне қарай қолдану ұрпақ тәрбиесіне көп себебін тигізеді. ондықтан барлық салт-дәстүрлерімізге байланысты мақал–мәтелдерді сабақтарда көптеп қолдануға болады [3, 8 б.].

а) Ата-бабамыздың өсімдіктерді ежелден қастерлеп, қадір тұтып келгендігіне өсімдіктерге арналып қойылған адам, жер – су аттары дәлел. Осыған байланысты шөп, жер, су, аң, құстардың аттарын жеке жинақтап, кейбір тақырыптарды өткенде сөзжұмбақтарға қолданған тиімді.

ә) Қазақ халқының ата – кәсібі мал өсіру болғандықтан төрт түлік мал туралы және олардан алынатын өнімнің пайдасын қалай қолданып келгені туралы, құстар мен табиғаттағы аңдарды қалай қорғап, олардың кейбір ерекшеліктерін пайдалана білгенін оқушыларға қосымша түсініктемелер беріп отыруға болады. Мысалы: үкі тырнағы, кірпі тікені, борсық ішегі, т.б.

Жаңа технологияны меңгеру оқытушының өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, білім алушыны өзіндік жұмыс атқаруына және ең басты мәселе – білім сапасын арттыруға көмектеседі. Қазіргі оқыту барысында оқытушы қолданып жүрген көптеген технологиялар жеке тұлғаның жетілуіне, оқытудың тиімділігінің негізін құруға бағытталған.

Құндылық мазмұнын талдай келе төмендегідей қорытынды жасауға болады: құндылық зат та, нәрсе де, мәселе де емес, олардың қасиеттері де емес, ол адамойынның қандай да бір жоғары түрі екендігі анықталады.

Құндылықтар бала кезден, ана сүтімен бірге, өзінің ана тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін игеру нәтижесінде орнығады. Сондықтан жұмысымының келесі бөлімінде оқушы тұлғасының құндылық бағдарын қалыптастырудың маңызы мәселесіне тоқталамын. Ғаламдық жаһандану жағдайындағы жаңа қоғамда орын алған ірі экономикалық өзгерістер мен технологиялық жетістіктер – қоғам дамуының қозғаушы күші болып табылатын білім жүйесіне орасан ықпалын тигізіп отыр. Әлемдік қауымдастықтың біртұтас білім кеңістігін қалыптастыруға бағытталған ортақ мүддеге барынша әрекеттенуі – жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген саналы да парасатты тұлғаны тәрбиелеу қажеттігін де алға тартып отырғаны шындық. Болашақта гүлденген Қазақстанның одан ары қарыштап өркендеуінің негізгі тұтқасы болатын демократиялық қоғамды құратын парасатты және білімді тұлғаларды дайындауда ұлттық тәлім-тәрбиенің атқаратын жұмысы зор екені даусыз. Озық жетістіктерге негізделген білім нәрімен қатар, ұлттық тәрбие құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақтар ғана ұлт тағдырын тереңінен таразылап, болашағын барынша болжайтын қоғам сұраныстарына жауап беретін және барынша әлеуметтенген тұлға ретінде танылатыны анық. Адамның ішкі құндылықтары әлемі оны дара тұлға ретінде ерекшелейді.

Білім берудегі ізгілендіру, дамыту ұстанымдары дара тұлғаның құндылық бағдарын қалыптастыруға қызмет етеді. Елін сүйетін адал перзенттерді тәрбиелеп шығару үшін оқушылардың бойына ұлттық рухани құндылықтарды дарыту қажет. Ал рухани құндылықтардың негізгі қайнар көзі – ұлттық тіл. Академик Ә.Қайдар: «Тілсіз адамзат қоғамының, адамзат қоғамынсыз тілдің де болмайтыны рас. Атабабалардан ұрпаққа аманат болып қалған бай рухани, мәдени мұрамызды өз бойына сіңіріп, сары майдай сақтап, жалғастыру арқылы тіл қауымын мән-гүрттіктен аман алып келе жатқан сирек құбылыс – осы тіліміз ғой. «Өркениет, мәдениет, салт-дәстүр, ұлттық менталитет» деп дәріптейтін құндылықтардың бәрі де, сайып келгенде, тіл қасиетіне барып тұрақтайды, тілдің құдіретті күшімен, тамаша жаратылысымен ғана бейнеленіп, бағаланып, реальді факторға айналады», – деп жазады [4, 10 б.].

Рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-салты, көзқарасы, шыққан түп тамырында жататыны белгілі. Сол ұлттық байлықты бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі, білім берудегі озық ұстанымдарымен байланыстыра отырып, әр адамның қабілеті, талантын ашу, өзіне-өзінің сенімін нығайту, өзіне-өзінің жол ашуына түрткі жасау – бүгінгі білім беру ісінің басты міндеті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бағзыбекова Н. Білім сапасын арттырудың алғы шарттары // «Қазақстан мектебі» №10, 2013 жыл. – 32б
2. Игенбаева Б. Жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамыта оқыту әдістемесі. 2005 ж. - 64б,
3. Бөрібаев Т. Қазақ менталитетінің әлеуметтік-философиялық табиғаты // Қазақстан жоғары мектебі. – 2003. – №4. – 196. 20 б.
4. Сыдықов М.Е. Сыныптан тыс жұмыстарда жеткіншектердің адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың педагогикалық шарттары. 13.00.01 – п.ғ.к. автореф. Түркістан, 2008. – 28 б.

КУЛЬТУРНАЯ ИДЕНТИФИКАЦИЯ В ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ КАЗАХСТАНА: ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ТРАДИЦИЙ И ИННОВАЦИЙ

РУСТЕМХАНОВА З. С.

воспитатель, Специальный детский сад, г. Экибастуз,
Павлодарская область

ШЕЙЕРМАН Т. В.

учитель-дефектолог, Специальный детский сад, г. Экибастуз,
Павлодарская область

Культура – это вечное и необходимое условие человеческой жизнедеятельности.

В Государственной Программе развития образования и науки на 2020–2025 годы обозначены важнейшие направления деятельности дошкольных организаций, одним из которых является создание условий для достижения нового качества образования. Оно во многом зависит от того, насколько эффективно осваиваются инновации, способствующие качественным изменениям деятельности дошкольных организаций.

Детская дошкольная организация сегодня – это сложный организм, стремящийся к совершенствованию, развитию;

ищущий новые возможности; создающий необходимые условия для удовлетворения потребности ребенка, семьи, общества; обеспечивающий условия для творческой профессиональной работы педагогов; отвечающий современным требованиям. Введение инноваций в образовательный процесс-это требование времени.

На сегодняшний день существует много передовых педагогических теорий и методик, используемых в работе с детьми дошкольного возраста-технология развития творческих способностей детей, развивающие игры В. В. Воскобовича, теория раннего обучения детей математике и чтению И. Зайцева, развивающие игры Б. Никитина, технология «критического мышления» и др.

В рамках программы «Рухани жаңғыру» одним из приоритетов является воспитание патриотов нашей Родины. Воспитание чувства патриотизма у дошкольников – процесс сложный и длительный.

Традиции предков-драгоценное наследие. Истоки возрождения культуры- в народных традициях. У каждого народа в воспитании потомков есть национальные особенности. Основными средствами пропаганды и реализации педагогической мысли казахов как этноса, выступает родной язык, народное творчество, символика, искусство, традиции, обычаи, обряды, народные игры, пословицы, поговорки и загадки.

Новое видение перспектив реформирования существующей системы образования связано с активным внедрением в практику педагогической работы опыта народной педагогики.

Народная педагогика-совокупное педагогическое знание и воспитательный опыт народа. Это опыт и его описание, это средства и идеи народного воспитания, это совокупность педагогических сведений и воспитательного опыта, сохранившихся в устном народном творчестве, обычаях, обрядах, детских играх, игрушках. «Воспитание, созданное самим народом и основанное на народных началах, - писал Ушинский К.Д., - имеет ту воспитательную силу, которой нет в самых лучших системах, основанных на абстрактных идеях» [1, 125 с.]

Народная педагогика исторически сложилась в глубокой древности и поэтому является предшественником научной педагогической мысли. Народная педагогика существует столько времени, сколько существует сам народ.

Воспитание и образование в демократическом обществе не могут эффективно функционировать, не могут даже просто существовать вне народной педагогики, без

этнопедагогики. Народная педагогика-педагогика национального развития, подъема, возрождения-одновременно –это и педагогика этнического самовоспитания, создающая личность патриота, сына народа с высокоразвитым чувством национальной гордости и человеческого достоинства.

Фольклор как средство расширения социокультурного опыта воспитанников с интеллектуальной недостаточностью.

Музыкальное воспитание является одним из разделов комплексного воспитания и развития воспитанников детского сада. Привить детям с ранних лет любовь к своей земле и своему народу, его доброй мудрости, накопленной веками, его богатой и живой культуре-очень важная задача. «Коли корнями основание крепко, то и древо неподвижно, а коли корней не будет, не к чему будет прилепиться» - гласит народная мудрость. Вводя изучение фольклора уже в младшем возрасте, мы тем самым закладываем базу для развития личностных качеств воспитанников.

Углубленное изучение фольклорного материала в процесс музыкального образования способствует не только формированию и развитию музыкальных способностей детей, но и формированию основ национального самосознания.

Учитывая своеобразие нервно-психического развития воспитанников, необходимо помнить, что народная музыка-ценный материал для развития музыкальных способностей детей с интеллектуальной недостаточностью, а также эффективное средство коррекции имеющихся у них отклонений.

Использование фольклорного материала в музыкальном образовании воспитанников нацелено на формирование у них системы знаний (о традициях казахского народа; о народном календаре; обрядах, обычаях, песнях, играх, хороводах, загадках, считалках и т.д.) и системы умений (слушать, воспринимать, исполнять, воспроизводить доступный фольклорный материал). Песня-малый стихотворный лирический жанр, существующий у всех народов и характеризующийся простотой музыкально-словесного построения. Песня-сложная форма народного поэтического творчества. Главное назначение песен-эстетическое воспитание. В песнях отражаются вековые ожидания, чаяния и сокровенные мечты народа. Их роль в воспитании огромна. Песни уникальны музыкально-поэтическим оформлением идеи-этической, эстетической, педагогической. В песнях определенно присутствует педагогическая идея, она обуславливает образовательно-воспитательную функцию песен.

Поэзия раннего возраста-колыбельные песни. Некоторые категории песен рассчитаны на конкретные возрастные группы. Колыбельная песня предназначена младенцу, поет ее преимущественно мать. Заслуживающими внимания средствами воспитательного воздействия являются пестушки и потешки. Пестушки получили свое название от слова пестовать-нянчить, носить на руках. Это короткие стихотворные припевы, которыми сопровождают движения ребенка при пестовании. Пение детских песен влияет на формирование творческих и умственных способностей ребенка. Напевая детские песни, ребенок развивается эмоционально, психически и физически. В мозге ребенка активизируются многие процессы, такие как память и внимание [2, 156 с.].

Успешному решению поставленных задач способствует насыщение фольклорным материалом всех форм работы: музыкальных занятий; занятий театрализованной деятельностью; индивидуальных занятий по интересам; досуговых форм (народных праздников, концертов, вечеров, спектаклей); экскурсий в социум. В детском саду дети знакомятся с элементами народных танцев. Он пронизан историей, культурой, самобытным характером нации. Преимуществом традиций-одна из сверкающих граней народной мудрости. Ритмическая гимнастика с использованием элементов казахского народного танца дает наглядное представление о красоте и национальном колорите казахского народного танца, приумноженных мелодико-ритмической и эмоциональной образностью казахской музыки.

Фольклор – это художественная педагогика, в которой собран тысячелетний народный опыт. Эта педагогика для всех и всё в ней заложено изначально.

Очевидно, что фольклорное воспитание приобщает детей к истокам национальных культур и имеет вполне практическое значение: понятие пользы и красоты в нем нерасторжимы. Приобщая детей к культуре Казахстана, воспитывается уважение к прошлому и настоящему его народа, гордость за его культуру. Детский фольклор – это особенная часть народной культуры, которая играет важнейшую роль в жизни каждого народа. Произведения фольклора имеют важнейшее значение в становлении и развитии личности каждого вновь появившегося на свет человека, освоение им культурных богатств предшествующих поколений. Они необходимы ребенку для выражения в художественной форме своего особого видения мира, порожденного возрастными психологическими особенностями

взаимодействия ребенка с окружающим миром, со сверстниками и взрослыми людьми, которые меняются по мере развития ребенка от рождения до отрочества.

Пословицы и поговорки-народные педагогические миниатюры.

Народ пристально наблюдал и знал психологические особенности детей: «Ребенка надо воспитать, пока он в колыбели», «Овощи видно в рассаде, человека – в детстве», «Привычка трехлетнего сохраняется до восьмидесяти лет» и др.

Поговорки и пословицы-одни из самых активных и широко распространенных памятников устного народного поэтического творчества. Высокую оценку поговоркам и пословицам как творению народного гения давали многие великие мыслители. Так, по образному выражению К.Д. Ушинского поговорки и пословицы-это «речевые самородки и самоцветы, в которых выкристаллизовалась мудрость народа» [1, 180 с.].

Пословицы, народные пословицы имеют форму, благоприятную для запоминания, что усиливает их значение как этнопедагогических средств. Пословицы прочно ложатся в память. Конечной целью пословиц всегда было воспитание, они с древнейших времен выступали как педагогические средства. О пословице хорошо сказал Я.А. Коменский: «Пословица или поговорка есть краткое и ловкое какое-нибудь высказывание, в котором одно говорится и иное подразумевается, то есть слова говорят о некотором внешнем физическом, знакомом предмете, а намекают на нечто внутреннее, духовное, менее знакомое». В этом высказывании содержится признание педагогических функций пословиц и учета в них народной педагогики: во-первых, намек выступает как средство воздействия на сознание воспитуемых, во-вторых, обучение идет от известного к неизвестному (знакомый предмет порождает незнакомую мысль).

Народные сказки-учебники жизни. Педагогическая культура народа в значительной степени аккумулировалась в народных сказках, по своим жанровым особенностям ставших первыми учебниками жизни. В сказках воплощены присущие народу нравственные черты: любовь к Родине и защита, беспредельная отвага в борьбе со злом, трудолюбие и мастерство, справедливость, верность в дружбе и творчестве и т.д. Сказки выражают характер народа, его психологию, жизненные позиции. Сказки развивают в ребенке ценнейшее качество-творческое воображение. Еще К.С. Станиславский заметил: «Когда народная фантазия создала

сказочный ковер-самолет, кому могло прийти в голову, что люди будут парить в воздухе на аэропланах?.. Фантазия, как и воображение, необходима художнику»

Чингиз Айтматов писал: «В наш цивилизованный научно-технический век не до сказок вроде бы, но это не значит, что сказку можно выбросить как ненужную вещь из жилища. Это было бы с нашей стороны неразумно и даже бесчеловечно. Нельзя пренебрегать опытом прошлого. Сказка-это опыт человечества. Мы должны беречь сказку так же, как бережем памятники старинного зодчества».

Слова сказок постоянно живут в детском сознании. «Сердце замирает у ребенка, когда он слушает или произносит слова, содержащие фантастическую картину», - писал В.А. Сухомлинский.

Загадки призваны развивать мышление детей, приучать их анализировать предметы и явления из различных областей окружающей действительности; причем наличие большого количества загадок об одном и том же явлении позволяло давать всестороннюю характеристику предмету (явлению). Загадки способствуют развитию памяти ребенка, его образному мышлению, быстроте умственных реакций. Загадка учит ребенка сравнивать признаки различных предметов, находить общее в них и тем самым формирует у него умение классифицировать предметы, отбрасывать их несущественные признаки. С помощью загадки формируются основы теоретического творческого мышления.

Педагогическая особенность сказок-в их занимательности. Ю. М Соколов, записавший 163 сказок от 47 сказочников, считает, что в сказке, «прежде всего, как и всякое художественное произведение стремится удовлетворить естественную потребность человеческой души в развлечении, отвлечении от окружающих забот и тревог, желание побыть в мире образов, созданных художественной мыслью. Сказка отвечает требованию занимательности» [2, 160 с.].

Сказки являются важным воспитательным средством, в течение столетий выработанным и проверенным народом. Народная сказка способствует формированию определенных нравственных ценностей идеала. Для девочек –это умница, рукодельница, для мальчиков –добрый молодец (смелый, добрый, честный, сильный, трудолюбивый, любящий Родину). Идеал для ребенка-далекая перспектива, к которой он будет стремиться, сверя с ним свои дела и поступки. Идеал, приобретенный в детстве, во многом определит его как личность. Работа со сказкой имеет различные формы: чтение сказок, из персказ, обсуждение поведения сказочных героев и

причин их успехов и неудач, театрализованное исполнение сказок, проведение конкурса знатока сказок, выставки рисунков детей по мотивам сказок и мн.др.

В силу отмеченных выше педагогических особенностей сказки по праву стали учебником жизни.

Казахские народные игры, как и игры других народов, содержат в себе огромный воспитательный и развивающий потенциал. В современных условиях возникла необходимость активного включения их в работу с детьми дошкольного возраста.

Казахский писатель М. О. Ауэзов писал: «Игра, впитав в себя народный дух, национальный колорит, обычаи и традиции, складывающиеся веками, способны влиять на формирование личности, и положительно воздействовать на развитие всех функций». В процессе применения казахской игры осуществляется коррекция недостатков произношения, лексико-грамматического строя речи, совершенствование моторных функций; развивается слуховое, зрительное восприятие, память.

Приобщая детей к культуре родного края, мы не только расширяем и углубляем знания о национальной культуре Казахстана, воспитываем уважение к прошлому и настоящему его народа, гордость за его культуру, но и решаем задачу по становлению у них ценного отношения к обществу, формированию толерантности качества, необходимого в условиях полиэтничного и поликонфессионального состава населения Республики Казахстан.

ЛИТЕРАТУРА

1 Измайлов А.Э. Народная педагогика: Педагогические воззрения народов Средней Азии и Казахстана.-М.; Педагогика, 1991.- 256с.

2 Волков Г.Н. Этнопедагогика: Учеб. для студ. сред. и высш. пед. учеб. заведений. -2-е изд., испр. и доп. – М.: Издательский центр «Академия», 2000.-176 с.

ДӘСТҮРЛІ ӘН ХАЛЫҚ МҰРАСЫ

САРКАМБАЕВ Н.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

АУБАКИРОВА С. С.

ғылыми жетекші, PhD, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Ұлтымыздың мұнымен қуанышы, қайғысы халқымыздың болмысы көрініс тапқан дәстүрлі ән өнері – ол халқымыздың асыл қазынасы болып табылады. Оларды сақтау, қорғау және насихаттау тілмен өнердің болашағына жай қарамау елін сүйетін, құрметтейтін әр азаматтың міндеті.

Қазақ халқының әншілік мұрасы туралы айтқан кезде халқымыздың музыка мәдениетінің өкілдеріне Ақан сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ сынды тұлғалардың еңбектерін мысалға алуға болады. Әр заманның бұлбұлдарының сара жолын жалғастырған Қосымжан Бабақов, Қали Байжанов, Жүсіпбек Елебеков, Жәнібек Кәрменов, Ғарифолла Құрманғалиев, Қайрат Байбосынов сияқты дарынды тұлғаларды айтуымыз қажет. Сан ғасырда сынақтан өтіп осы күнге жеткен дәстүрлі ән өнерінің тарихы тереңде жатыр. Дәстүрлі ән айту өнерінің басқа жанрлармен салыстырғанда құрылымы өзгеше. Домбыраның, қобыздың сүйемелдеуімен айтылатын әндер кең тынысты, қиын ырғақты-ірімді қажет етеді. Сондықтан, дана Абай:

«Құлақтан кіріп, бойды алар

Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар

Әнді сүйсең, менше сүй», – деп өлеңіне арқау еткен әсем ән мен тәтті күйдің құдіреті мені де өзіне баурап алды [1].

Дәстүрлі әннің мәтіндерінің лингвомәдени бейнесін қарастыруда музыкалық дискурсқа арналған ғылыми зерттеу еңбектердің әдіс-тәсілдерін негізге алуға болады. Мысалы, «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» жинағының материалдары, А. В. Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» атты музыкалық-этнографиялық жинағы, қазақ музыкасының белгілі тұлғалары Л. Хамиди, А. Жұбанов, М. Төлебаев, М. Ахметова, Б. Уахатов, А. Сейдімбек, О. Асқардың ғылыми еңбектері, қазақ музыка өнерінің тарихына арналған.

Қазіргі кезде қазақ халқының дәстүрлі әннің құрылымдық жүйесіне сәйкес классификациялары сараланып, бақсылар сарыны

сияқты салт-дәстүр мен әдет-ғұрып ән мәтіндеріне нақты мысалдар негізінде талдау жасалған, мысалы олар:

- дәстүрлі халық әнінің стилистикалық бояудағы форматы арқылы эмоционалды мазмұн беретіні ғылыми тұжырымдар;

- қазақтың дәстүрлі ән мәтіндерінде сөздің семантикалық, яғни әуен мен сөз үйлестіріліп эмоционалды тұрғыда дамиды;

- дәстүрлі әннің бейнесін ашуда айтушы мен тыңдаушының коммуникативтік ниеті мен сөйлеу мүмкіндігі арқылы нәтижеге жету.

Сондықтан дәстүрлі ән мәселесі - жеке өнер адамдарының ғана емес, сол өнердің тиісті бағалануына негіз бола алатын жалпы халықтық мәселе болып табылады.

Дәстүрлі ән өнері – халықтың рухани азығы, мәдениетіміздің ұлттық ерекшелігін айқын таныта алатын шоқтығы биік бөлігі. Бірақ, жаһандық ақпараттық толқынның әсерінен туындап отырған жаңа мәдени сарынның музыка әлемінен ұлттық нақышты ысыра бастағаны ұлт руханиятына немқұрайлы қарамайтын жанды шын ойландырса керек. Осындай толғаныстарға байланысты дәстүр сабақтастығын жалғастырып, дәстүрлі ән өнерінің бүгінгі күндегі насихатталуын қарастыра келе «дәстүрлі ән» өнерінің бүгінгі таңдағы мақсаты мен маңыздылығына байланысты ой қозғау қажет [2].

Дәстүрлі ән XIX ғасырда шарықтап дами түсуіне негіз болған басы Біржан салдың, Ақан серінің заман шындығын паш етіп, рухани өнер арқылы халық санасын оятуға жасаған бірегей қадамдары ретінде бағаласақ, екінші жағынан, аталмыш өнердің бойынан синкреттілігі әлі іргесін сөге қоймаған шын дарындылықтың, дала мәдениетінің, дала тынысының көрінісін көркем сипаттауы болып табылады. Яғни, әншілер өз заманының тарихи бетбұрыстарындағы шындықты ән мен көркемдік тіл арқылы өзінше суреттей алды. Сол кезде әнші-ақынның тағдырын саралап қарайтын болсақ, міндетті түрде жеке өмірі қоғамдық өмірдің қалтарыстарымен астасып жатады. Мысалы, Біржанның Жанботамен қайшылығы, Ақан серінің ізденістері, трагедиялық жағдайы, Мәди, Балуан Шолақтың, Мұсалардың қуғын-сүргіні қайсысын айтсақ та тарихи қалтарыстан алшақ емес еді. Сондықтан, олардың өнерлері халықтың мұнымен ұштасып жатқандықтан бағалы бола білді. Шындыққа жеткен тілі мен ащы зардан туған шабытты үні дәл өз заманының мұн-қайғысын көрсете алды. Сол себепті қазіргі дәстүрлі ән өнерінің негізін қалаған белгілі әнші-ақындардың мектебі өз заманында аса құнды болған.

Сондықтан, дәстүрлі ән өнері ХХ ғасырда жоғары бағаланып, халықтың есінде сақталған. ХХ ғасырда көптеген ұлттық құндылықтарды жинақтау, зерделеу, қайта жаңғырту мәселелерінің дәстүрлі ән өнерінің теориялық ғылыми негізін қарастырған ғалым Ахмет Жұбановтың ойынша, дәстүрлі ән өнерінің эстетикалық және этикалық қуатының теориялық негіздемелерін қалыптастырған зерттеушілік жұмыстарымен ерекшеленген. Дәстүрлі ән өнері әншілік шеберліктің аясында ғана емес ұлттық өнердің барлық қырына дендеп еніп жатқандықтан, ұлттық болмыстың табиғатын түгел қамти түсті. Бұның бәрі мемлекеттік қолдаудың, соған бағыт сілтеген, сол игі істі қорғап, қолпаштауға жүрегімен кіріскен азаматтарымыздың арқасында іске асқан еді. Кенестік идеологияға қайшы келген тұсын көмескілеп тастағанның өзінде де, дәстүрлі әншілердің орындау шеберлігі шынымен кәсіби мамандардың бағасын алып та үлгерген кезең еді. Бұл кездері халықтық мектептер жаңғырып, өзінің рухани қуатын танытып жатты, яғни, эстетикалық талғамды арттыру міндеттерін алдыға тартты.

Олай болса, дәстүрлі ән өнерінің бүгінгі таңдағы міндет-мақсаты туралы, ХІХ-ХХ ғасырдағыдай емес, қазіргі жағдай жаһандық үрдіске әлдеқайда кең бетбұрыс жасаған заманда, ақпараттық құралдардың шектеусіз қолжетімді тұсында, өнерге деген жана форматтағы көзқарастардың қалыптаса бастаған тұсында дәстүрлі әннің, дәстүрлі өнер философиясының мән мағынасыны қаншалықты маңызды деген сұрақтардың өнер зерттеушілерінің де, орындаушылардың да көкейінде сайрап жатыр. Бұл жаңалыққа, постмодернистік ұстанымның жетегіндегі мәдени ағымдарға, өзгерістерге саналы адамның қарсылығы бола қоймас. Ол - заңды нәрсе, заңды құбылыс [3].

Рухани мәселе, руханилық туралы сөз қылғанда ұлттық мүддені алға тарту керектігін ұмытпаған дұрыс. Ұлт деген ұғымның өзі тарихи түрлі формациялардан өтіп, әбден қанға сіңіп, ұлттық құндылықтары тарихи негізде қалыптасқан терең ұғым. Жоғарыда атап өткеніміздей, кешегі Біржан, Ақандардың өнері өз заманында қаншалықты шынайлығымен, заманауилығымен маңызды болса, бүгінгі таңда руханилығымен маңызды екенін естен шығармаған абзал. Себебі, олардың өнері өз заманының шындығымен қатар ұлттық эстетикалық, ұлттық сұлулықтың идеалын, шынайы биік тұлғасының формасын жасап, ұлттық мәдениеттің рухани мазмұнын тереңдете алды. Олардың өздері өз туындыларының жиынтық кейіпкерлеріне айналып кеткендей. Олардың ішкі рухы,

рухани беріктігі, дамуға ұмтылысы, жаңалыққа дайындығы, жігері, жалынды сөзі, сөзіне сай әрекеті ұрпаққа үлгі боларлықтай биік мысалдардың үлгісі. Осы тұрғыдан қарай алсақ, әр ұлттың рухани мәдениетінің мазмұны тереңдей түседі. Себебі, бұл күшті мәдениетті жасап отырған тарихтың өзі болса, мойындаған халық. Ал халық шындығы, қашан да ақиқатқа жуық екенін кезінде данышпан Шәкәрім Құдайбердіұлының да атап өткенін еске алу бұл тұста орынды болар. Яғни, халық мойындаған ұғымдар сол халықтың руханилығы болып табылады. Демек, дәстүрлі ән өнерінің бүгінгі таңдағы мақсаты мен міндетін ұлттық эстетикалық танымды паш ету, рухани құндылықтардың ақиқат үлгісі ретінде дәріптеу, қазақ ұлтының ұлттық мұрасы арқылы ұлт тарихымен сабақтастыру, сол арқылы ұлт биігін, рухани өлшемін айқындау мақсатында көрінетіндігін ерекшелеп айтуға болады. Бұндай ұғымды өзімізге белгілі батыстық мәдениетте де нақты ұстанады. Қанша эстрадалық қысқа мазмұнды, алайда өткір сезімді әуез құлақ тұндырғанымен, олар ұлттық мұраның биігін, классикалық орындаушылардың бағасын арзандатқан емес. Бізге де сол ұстаным үлгі боларлықтай.

Дәстүрлі ән өнерінің бойына жинай алған рухани күдіретін, әншілердің жігерін, айтылып жатқан қаншама рухани құндылықтарды дамытып, кейінгі ұрпаққа жеткізу мәселесін қалай іске асыруға болады? Қазіргі заманда да, бұрын да тәрбие мәселесіне келгенде баланы игі істерге баулуды ерте бастан қолға алу керектігі дәлелді қажет ете қоймайтын ұғым болса керек. Дәстүрлі әнге үйрету тәрбиесі де сол ертеден басталса еш ағаттығы бола қоймас еді. Байқап қарасақ, бала дүниеге келісімен табиғатынан баяндылыққа, тыныштыққа, жайлылыққа жаны жақын болып келеді. Даңғыр-дүңғыр, сарт-сұрт кілең құлақ тесетін жоғарғы дыбыстар баланың мазасын кетіреді. Әрине, үйренгенше, ал уақыт өте келе, әр түрлі дыбыстарды қабылдауды үйреніп алады. Алайда, бала табиғатынан бойына ұлттық қасиетті дарыта алған ұлттық әуендерді қабылдауға жуық болып келеді. Ұлттық фольклорлық бесік-жырынан бастап, қоңыр үнді күй мен әуезді ананың аузынан шыққан жайлы, баянды әндер қалай болғанда да, ауыр темір ішекті аспаптардың үніне қарағанда жағымды болып келеді. Бұл жерде айта кету керек, қазақ ұлттық аспаптарының басым көпшілігі табиғи материалдарға құрылған. Оның өзіндік жеке сыры болса керек. Қазақ - әр үннің баяндылығына аса мән берген халық. Олай болса, балаға нәліктен сол қажеттілігін ерте кезден бастап бермеске?.. Сондай сазды халықтық үннің күдіретін

қоғамдық жерде де баланың бойына сіңірсе жаман болмас еді ғой. Мысалы, мектепте. Қазақстандағы музыка мектептерінде бұрын-соңды болмаған дәстүрлі ән сыныптарын ашып, оларға кәсіби деңгейде дәріс берсе, балалардың музыкалық дағдысын дамытса, сол арқылы эстетикалық талғамы да артар еді. Көбінде академиялық білімге негізделіп, басымдықты нақты ғылымдарға ғана ден қоятын еліміздің көпшілік мектептеріндегі ұлттық тәрбиенің мазмұнын тереңдету мақсатын да қайта қарастыру да артық болмас. Мысалы, дамыған елдердің қай-қайсысын алсаң да, баланың дамуына тұлғалық қалыптасуына ән мен сахналық, бейнелеу өнерін негізгі орынға қояды. Себебі, абстрактылы ойлау дағдысы дамымай, қиял ұшқырлығы дамымай, шығармашылық нәтижелер болмайды [4]. Өйткені, ән ана сүтіндей баланың бойына ерте сіңсе, онда ол балаға ауа мен су тәрізді күнделікті қажеттілігіне айналады. Ал мұндай қажеттілік, бала бойына туа біткен дарындылық дәнінің ерте көктеп, гүлденіп жеміс беруіне себебін тигізеді. Осындай эстетикалық тәрбиені қалыптастыру мақсатында, дәстүрлі ән арқылы музыкалық тәрбие беру қамын неғұрлым ертерек қарастырудың қажеттілігін айтпасақ та өзінен - өзі түсінікті. Ағылшын елінің белгілі психолог педагогі Говард Гарднер адам бойында бірнеше көпқырлы зияттың болатыны дәлелдеген. Соның бірі - музыкалық зият екенін мойындасақ, ән өнеріне қатысты дарындылықты да арнайы мектеп қабырғасында оқытуға болатынын болжауға болады. Жалпы, Қазақстандағы музыка мектептеріне дәстүрлі әннің білім беру жайы бұрын-соңды ғылыми тұрғыдан жүйеленіп, арнайы зерттеліп оқыту жүйесіне қатысты нақты пайымдаулар жасалған еместігін де атап өтуге болады.

Дәстүрлі әнді оқытуда ерекше қолға алатын тағы бір мәселе – әншілік өнерді, тарих, әдебиет сияқты пәндермен кіріктіру арқылы оқыту. Себебі оқушы тек ән өнерін ғана үйренбей, оның рухани құдіретін түсініп, тарихи маңызын жете білгені дұрыс. Әнді айтудағы ұлттық болмыстың тарихи маңызына жауапкершілікпен қарау керектігін үйреткен де абзал. Сонда шәкірттің өнге деген құрметі ғана артып қоймай, оның нәсихат жасауына, зерттеушілік жұмысына да, сын тұрғысына ойлау қабілетінің артуына да жол ашылар еді. Мектеп қабырғасындағы оқушылардың қызығушылығы да артар еді.

Дәстүрлі әнді дәріптеу мен оқытудың тағы бір мәселесі - дарындылықты дамыту мен іріктеу мәселесі. Шетелдік дамыған елдердің ән колледждерінің іріктеу кезеңдеріне мән беріп шолу

жасап көрсеңіз, іріктеуге келген қатысушылардың көпшілігінің ән айту мақамы мен талғамы жоғары екені байқалады, демек, халықтың өнге деген эстетикалық талғамдары бар, қалыптасқан, неге бара жатқандарын түсінеді, әнді айтудың мақсатын түсінетіндігі байқалады. Қазіргі жастардың арасында ән айтуды тек тірліктің көзі ретінде қарайтындары көптеп кездеседі. Халық та тыңдайды. Алайда, халықтың құлағын тәрбиелеу міндетін ойлап жатқаны шамалы. Демек, тыңдарманның да құлағын тәрбиелеген дұрыс болар. Сондай мәселелердің бірі жасөспірім талантты шәкірттерімізді, дәстүрлі вокалға тәрбиелеу барысында шешуін таппай жатқан «дауыс қою» педагогикасының әлі күнге дейін нақты ғылыми тұрғыдан жүйеленбеуі. Дәстүрлі вокалды орындағанда оның маңызы мен оны қолданудың әдіс-тәсілдерін, дауыс қоюдың техникалық тиімді жолдарын қарастыру мәселелерінің де тиімділігін зерттеп қарастырған дұрыс. Бұл - әрине, қалтарысы мен қиыншылығы аз емес күрделі тақырыптардың бірі. Алайда, қазақ дәстүрлі ән вокалына «дауыс қоюдың» мәселелеріне байланысты ғылыми-теориялық мақалалар, әдіс-тәсілдер, әдістемелік оқу-құралдардың аздығы да назар аударарлық жай. Дәстүрлі вокал турасында ғылыми еңбектерді іздегенде, Ә. Нұғыманованың «Қазақтың әншілік дәстүрі» ғылыми монографиялық жинағы, Б. Тілеуханның «Қазақтың кәсіби вокалды өнерінің кейбір ерекшеліктері», Б. Тілеухан, Р. Несіпбайдың «Исполнительская специфика казахского народно-профессионального искусства пения» сияқты мақалаларды атап айтуға болар еді. Бұл еңбектерді оқи келе, біз дәстүрлі вокал педагогикасының елімізде әлі күнге дейін ғылыми теориялық жағынан бекітілмегенін және толық бір арнайы еңбек болып жарияланбағанын түсінеміз.

Қазір әлемдегі музыкалық білім жоғары деңгейде дамыған елдерде, дұрыс «дауыс қоюдың» техникалық жолдары анықталып, дамыту дұрыс жүйелі жолға қойылған. Дәстүрлі ән – қазақ елінің ұлттық мәдениетінің тарихи қалыптасқан құндылығы, баға жетпес мұрасы. Әннің қанат жайып қалықтауы – орындаушыдан бұрын, тыңдарманның талғамымен өлшенетін құбылыс. Ендігі міндет – тыңдармандардың қатарын көбейту, жас ұрпақтың құлағын дәстүрлі әннің сазына үйрету, жаттықтыру, талғамын тереңдету. Сондықтан, дәстүрлі әнді тыңдауды мектеп жасынан бастап дәріптеп, дәстүрлі әннің мән-мағынасын тарихи әлеуметтік тұрғыдан ғана емес, соның бойынан көрінетін эстетикалық рухани қуатын жеткізе білу дағдысын, әнді талғаммен тыңдау талғамын дамытуды мектеп

жасынан бастап қолға алу керек. Әнге деген махаббат, биік талғам терен құндылықтарды қалыптастырады. Ол ұлтқа деген құрметті арттырып, отансүйгіштікке дәріптейтін аса бағалы өнеріміздің бірі. Себебі әр ән – бір тарих, әрбір ұлттық әуен – ұлт рухының тынысы.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әуезов М. М. Әуезов шығармаларының елу томдық жинағы. – Алматы: Ғылым, 2001. Т. 4. – 456 б.
- 2 Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы: Ғылым, 1974. – 288 б.
- 3 Мухаржовский Я. Литературный язык и поэтический язык // Пражский лингвистический кружок. – М.: Прогресс, 1967. – 560 с.
- 4 Қоңыратбай Ә. Қазақ музыкасының тарихы. – Алматы: Дәуір, 2011. – 204 б.

КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҚТАРЫНДАҒЫ СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

СЕРДАЛИНА Ж. К.
технология пәнінің мұғалімі, №4 Ертіс ЖОББМ,
Ертіс ауданы, Павлодар облысы

Қазақтың қазақ болуы өз елінің, өз жұртының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын жетік білуінен басталады. Тарихымыз қайта жаңғырып, баяғы ұмыт қалғанымызды өз дәрежесінде зерттеуге зейін қойылды. Қазақ елінің тыныс-тіршілігінде, тұрмысында кеңінен пайдаланып келе жатқан ата кәсібінің тереңдігін, мол мәдениетін танытатын, алайда әлі күнге дейін жан-жақты зерттелмей келе жатқан өнер саласы.

Халықтың қолөнері өзінің тарихы мен кейбір ұйымдастыру мәселелерінің жеткілікті зерттелмегеніне қарамастан, күнделікті тұрмысқа қажетті қоршаған затты, көпшілік тұтынатын бұйымды өсемдеуге бейім өнер ретінде, жалпы мәдени дәрежені жоғары көрсетуге тән дамып келе жатыр.

Көне заманнан келе жатқан қолөнері өзінің өсу жолында өз халқының дәстүрлі көркемдік мұрасын сақтап қалды. Қоғамдық дамудың қай сағасында болсын қоғаммен бірге дамыған қолөнері әр дәуірде өзінің өшпес ізін қалдырып, әлеуметтік-көркемдік жағынан дәуір тынысын қалт жібермей әсерін тигізіп отырды. Қолөнерінің қазіргі дәуірдегі дамуы күрделі де аса бай. Еліміз егемендік алып, өз

салт-дәстүрін қайта жаңғыртып, тарихын зерттеп, дінін, тілін қайта жаңғыртып жатыр. Онымен бірге ол күнделікті тұрмысымызды, гүлденген өмірімізді жан-жақты бейнелеуде, халықты эстетикалық жағынан тәрбиелеуге қызмет етеді.

Өмірде қолданылатын және сонымен бірге безендіру ретінде қызмет ететін заттар сәндік және қолданбалы деп аталады. Қолданбалы өмірде қолданылатын, сәндік-өмірді безендіруді білдіреді. Сәндік-қолданбалы өнер - бұл халықтық өнер: адамдар заттар жасайды, оларға қажетті пішін мен өрнек табады, олардан табылған сұлулықты сақтайды және барлық жетістіктерін ұрпақтарына мұра етеді. Сәндік-қолданбалы өнерде шеберлердің айналадағы шындықты бейнелеуге, қоршаған әлемнің сұлулығын тоқтатуға, есте сақтауға деген ұмтылысы айқын көрінеді. Күнделікті өмірде қолдануға арналған әдемі заттардың мұндай сипаттамасы өнердің ерекше түрінің -сәндік-қолданбалы өнердің болуы туралы айтуға мүмкіндік береді. Сәндік-қолданбалы өнер туындыларынан біз халықтың даналығын, оның мінезін, өмір салтын көреміз. Бұл шығармаларға халықтың жаны, оның сезімдері мен жақсы өмір туралы идеялары салынған, сондықтан сәндік-қолданбалы өнер объектілері осындай үлкен танымдық және эстетикалық мәнге ие.

Бүгінде әр үйде халық шеберлерінің туындылары бар. Олар біздің өмірімізге утилитарлық заттар ретінде емес, ең алдымен көркем туындылар ретінде енеді: біздің эстетикалық талғамымызға сай, олар ауылдық және қалалық тұрғын үйлердің сәніне айналады [1, 22 б.]. Халықтық сәндік-қолданбалы өнер сұлулыққа деген сезімталдықты тәрбиелейді, үйлесімді дамыған тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді. Терең көркемдік дәстүрлерге негізделген халық өнері болашақ адамның қалыптасуына жағымды әсер етеді. Сәндік-қолданбалы өнер туындылары көркемдік талғамды қалыптастырады, адамның шығармашылық әлеуетін анықтайтын эстетикалық тұрғыдан толыққанды орта жасайды. Педагогика мен этнопедагогикада олар эстетикалық, патриоттық, көркем еңбектік бағыттарының білім беру және тәрбиелік міндеттерін жүзеге асырудың тиімді құралы ретінде сипатталады.

Қазақтың халық өнерінің маңыздылығы туралы ақын және ағартушы Абай Құнанбаев жазған. Ол қазақ қолданбалы өнері-халықтың дарындылығының көрінісі екенін атап өтті. Халық шеберлері шебер, ісмер деп аталады. Абай шеберлердің пайдаланған құрметін атап өтеді: олар еңбек құралдарын жасай отырып, қоғам үшін еңбексүйгіштік пен мақсатқа ұмтылушылықтың үлгісі

болды. Шеберлердің бұйымдары өмірді безендірді, ал шебердің өзі физикалық және рухани сұлулықтың көрінісі ретінде қабылданды. Оған ар-ождан, сыпайылық, ақыл, білім сияқты мінез-құлық белгілері жатқызылды, бұл халық шеберін сапалы, мұқият және адал жұмыс істеуге міндеттеді. Абай шеберлерді тек олардың таланты мен шеберлігі үшін ғана емес, сонымен қатар шәкірттердің тәрбиешілері - жас буын өкілдері ретінде құрметтейтінін жазады.

Шеберлердің шығармашылығында көрініс тапқан тәжірибені игеру, олар жасаған заттарға салынған еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу өскелең ұрпақты тарихи дамып келе жатқан мәдениетке - жалпыадамзаттық және ұлттық мәдениетке біріктірудің қажетті жағдайларын құрайды. Еліміздің өскелең ұрпағы өзге арналар арқылы және өзге нысандарда (басқа адамдармен өзара қарым-қатынас орнатудағы дербестік, қызметті таңдауда өзін-өзі еркін айқындау және т.б.) қазақ мәдениетіне тән дербестік, даралық, субъективтілік идеалдарын меңгереді. Бірақ өз тамырларынды есте сақтау, өз тарихынды және өз халқының дәстүрлерін білу – бұл қазіргі білім беру жүйесін реформалаудың түрлі бағыттарында айқын байқалатын бағдар. Патриоттық тәрбиенің міндеттерін жүзеге асырудың негізгі шарттарының бірі - бейнелеу және сәндік-қолданбалы ұлттық өнерді дамытуға үндеу. Дәстүрлі мәдениеттерде барлық тұрмыстық заттар шығармашылық жұмыстардың белгілі бір ерекшеліктерін іс жүзінде сақтайды, олардың материалдық құндылығы көбінесе эстетикалық құндылықпен анықталады. Бұл діни-салттық өмір аясында тұрмыстық заттардың көпшілігі бастапқыда қасиетті (оның ішінде сиқырлы) мағынаға ие болғандығына байланысты: іс жүзінде бұл заттар өздерінің шығу тегіне байланысты. Синкретизм, ұжымшылдық, дәстүрлілік, күнделікті заттардың эстетикаға бағытталуы – бұл халықтық өнердің өзіндік «мәдени тұтастық» ретінде анықтайтын және олардың адамдар өміріндегі нақты орнын ерекше түрде көрсетуге мүмкіндік беретін белгілері. Пайдалы және әдеміліктің органикалық синтезі көрінетін өнер туындысының сапалық сипаттамасы оның формасының сәнділігіне байланысты өнімнің сұлулығы болып табылады [2, 89 б.].

Қазақтардың халық кәсіпшіліктерінде әр түрлі дәуірлердің, кезеңдердің, ұрпақтардың жазулары ұштасқаны белгілі. Киізден, жүннен, былғарыдан, ағаштан, сүйектен, металдан жасалған барлық бұйымдарда ежелгі мотивтерді оңай көруге болады, өйткені қолөнердің табиғаты барлық уақытта жинақталған

тәжірибемен, қалыптасқан дәстүрлермен, өмір сүру жағдайларына және қоғамның эстетикалық мұраттарына қатаң сәйкестікпен анықталды. Қазақтардың бай көркем мұрасы, олардың ою – өрнек өнері, халық шеберлерінің жоғары техникалық шеберлігі, халық көркемөнер қолөнерінің қайталанбас колориті және, әрине, халық костюмі-ерекше ұлттық мақтанш. Бұрын көшпелі өмір салтын жүргізген түркі-қазақ халықтары дәстүрлі мәдениеттің көптеген элементтерін, ең алдымен материалдық-заттық құндылықтарды сақтап қалды. Сәндік-қолданбалы өнер туындыларына күнделікті қолданатын заттардың кең спектрін жатқызуға болады, ал қазір бұл халықтар ауылдық жерлерде қолданылады. Бұл заттардың ерекше маңызы бар, ол утилитарлық қажеттіліктермен шектелмейді. Қоғам мүшелері өздерінің жеке өсуі үшін дәстүрлі мәдениеттерде қайнар көздерді тапты, және бұл сәндік-қолданбалы өнер, сиқырлы, діни, салттық тәжірибемен (және онымен генетикалық байланысты ойын) бірге дамып келе жатқан әлеуметтік тәжірибенің ең көне түрлеріне жататын әмбебап қызмет түрі болып табылады. Сәндік-қолданбалы өнердің дамып келе жатқан және білім берудің бай «ресурстары» әлі күнге дейін мектепте білім беру тәжірибесінде сұранысқа ие емес және бастауыш мектепке қатысты жан-жақты арнайы зерттеуден өтпеген. Осыған байланысты оқу құралы ретінде сәндік-қолданбалы өнер туындыларына жүгінудің ғылыми негізін айқындайтын тиісті бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету жоқ.

Сәндік-қолданбалы өнерді қолданумен еңбек сабақтарының ерекшелігі жас оқушылардың шығармашылық қиялын, жақсы эстетикалық талғамын, халық өнеріне, туған өлкесінің өнеріне деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігін дамыту үшін қосымша мүмкіндіктердің пайда болуымен байланысты. Балалар сәндік-қолданбалы өнердің ерекшеліктерімен танысады, олар әртүрлі сәндік және дизайнерлік жұмыстарды өз бетінше орындау үшін шығармашылық қабілеттер мен дағдыларды дамытады. Оқушыларға халық өнерінің көркемдік мәнерлілігін ашуға ерекше көңіл бөлінеді. Сәндік-безендіру жұмыстарының мазмұнына ою-өрнектерді, тұрмыстық заттарды безендіру эскиздерін, көрме стендтерінің, қабырға газеттерінің, кітап графикасы элементтерінің және т. б. эскиздерін орындау кіреді. Шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында студенттер тақырыптың практикалық мақсаты мен оның формасын, материалын, безендіру элементтерінің тығыз байланысын түсіне бастайды, заттарды сәндік безендірудің сәтті, мәнерлі шешімін сәтсіздіктен ажыратуға үйренеді [3, 12 б.].

Балаларды сәндік-қолданбалы өнерді қолдана отырып ұлттық өнерге үйрету кезінде олардың көркемдік қабылдау саласында мынадай міндеттер жүзеге асырылады:

1. Балалардың күнделікті өмірдегі өнер объектілеріне деген қызығушылығын тәрбиелеу.
 2. Балалардың күнделікті өмірде қолданылатын заттарды кұрудың әртүрлі әдістерін игеруі.
 3. Ою-өрнекті таңдау кезінде балалардың талғамын тәрбиелеу.
- Жалпы білім беретін мектептің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – оқушылардың көркемдік білімі мен эстетикалық тәрбиесін жақсартуолардың әдемі, жоғары эстетикалық талғамын, өнердің ғана емес, сонымен бірге қоршаған шындықтың сұлулығын түсіну, бағалау қабілеттерін қалыптастыру. Мектеп мұғалімдері барлық оқу пәндерінің, факультативтер мен өнер үйірмелерінің тәрбиелік және білім беру мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға бағытталған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жәнібеков Ә. Қазақ қол өнерінің мәдениеті.-Алматы: Өнер,1982.-120б
2. Абай. Собр. сочинений в двух томах. - Алматы, 1995. , -188с
3. Асылханов Е. С. Программа кружковых занятий по изготовлению художественных изделий из войлока. Алматы,, 2014.-25 с.

VI–XII ҒАСЫРЛАРДА ОРТАЛЫҚ АЗИЯ КӨШПЕНДІЛЕРІНІҢ БИЛІК ЖҮЙЕСİNДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

СҮЛЕЙМЕН Ж. С.

тарих пәнінің мұғалімі, Мұхтар Әуезов атындағы орта білім мектебі,
Павлодар қ.

Орта Азияның ерте ортағасырлық көшпелі империяларының билік институттары мен қоғамдық ұйымының зерттелу тарихы 18 ғасырдың ортасынан қазіргі уақытқа дейінгі кезенді қамтиды. Осы екі жарым ғасырдан астам уақыт ішінде тарихи білім парадигмалары мен әдіснамалық көзқарастар өзгеріске ұшырады, көшпелілердің қарастырылған империялық қауымдастықтары туралы жаңа деректер жинақталды, бүгінгі таңда маңыздылығын сақтап қалған

идеялар мен теорияларды қамтитын концептуалды зерттеулер пайда болды (В. В. Радлов, В. В. Бартольд, О. Латтимор, Л. Н. Гумилев, С. Г. Кляшторный, Г. Е. Марков, А. М. Хазанов, Т. Барфилд, Н. Н. Крадин және т.б.), тарихи мектептер дүниеге келді, көшпелілердің елеулі кезеңдегі қоғамдық-саяси құрылымдарын зерттеудің векторын анықтайтын пікірталастар жүргізілді [1].

Осы өзгерістерді ескере отырып, VI–XII ғасырдың басындағы Орталық Азияның көшпелі империяларындағы билік пен қоғамдық қатынастарды зерттеудің кезеңділігі құрастырылды. Бірінші кезеңде (XVIII ғ. ортасы мен XIX–XX ғ. тоғысы) ерте орта ғасырлардағы Орталық Азияның көшпелі империяларындағы қоғамдық құрылыс пен саяси ұйым туралы зерттеулер жүргізілген жоқ, бірақ ол қарастырылып отырған аймақтың көшпелілері туралы ғылыми ойларды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Екінші кезең шеңберінде (XIX–XX ғасырлар тоғысы – 1940 жылдар аралығы) эволюционизм мен позитивизм көшпенділер тарихын әлемдік-тарихи процеске енгізді, көшпенділер мен егіншілердің қоғамдық-саяси құрылымдарын салыстыруға негіз қалады және көшпелі қауымдарға белгілі бір баға (көбінесе европоцентризм негізінде) берілді. Тайпалық жүйе көшпелілердің әлеуметтік құрылымының негізі болып саналды. Оның ұзақ уақыт бойы сақталуы дала жағдайындағы тіршілік ерекшеліктерімен айқындалып, әлеуметтік қайшылықтарға, қанау элементтеріне қарамастан көшпелілердің империялар құруы, олардың қоғамдық дамудағы егіншілерден артта қалуының дәлелі ретінде қарастырылды. 1930 жылдары ерте марксистік түсіндірмелерде ортағасырлық көшпенділер құл иеленушілік кезеңге аяқ баспай, рулық институттарды сақтай отырып, бірден рулық құрылыстан феодализмге көшті деген пікір айтылды. Үшінші кезең (1950–1980 жылдардың соңы) дүниежүзілік тарих ғылымындағы жаңа әдіснамалық көзқарастардың (неоэволюционизм, неомарксизм, өркениет теориясы, структурализм және дүниежүзілік жүйе тарихы, тарихи антропология) дамуымен байланысты болды. Осы концептуалды негізде көшпелілердің әлеуметтік институттарын бағалаудың өзіндік көзқарастары қалыптасты [2]. Ең алдымен көшпелілердің қоғамдық-саяси даму ерекшеліктеріне назар аударылды. Төртінші кезең әртүрлі тәсілдер мен концепциялармен, социогенез және политогенездің көп сызықты теорияларын қолданумен, салыстырмалы тарихи және мәдениетаралық салыстырулармен, бастапқы зерттеу стратегияларын сынаумен, зерттеулерде әртүрлі

теориялық ілімдердің үйлесімімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, еліміз егемендік алғаннан кейін, жаңа деректер мен материалдар бойынша зерттеулер жүргізіліп, көптеген еңбектер жарық көрді.

Орта Азияның ерте орта ғасырлардағы көшпелі империяларының саяси жүйелерін зерттеу империялық саясаттардың басқару құрылымы, басқару міндеттеріне және ішкі және сыртқы «қиындықтарға» барабар екенін көрсетті. Түркі қағанаттарында дәстүрлі әкімшілік жүйе (орталығын қаған басқарған, қанат басшысы ретінде яғу және шад, тұтықтар, әскерилендірілген ондық құрылым) көшпелілерді басқарумен (саяси және әлеуметтік күтпеген жағдайларды, табиғи апаттарды қоспағанда), ал халықаралық саудадан кірісті қамтамасыз ету, қала халқы мен тырықшы мемлекеттер, тайпаларға қатысты билікті ұйымдастырудың күрделі түрлері қолданылды. Уақыт өте келе империя территориясы арқылы өткен қалалар, егіншілік, сауда жолдары, базарлар мен пошта станциялары пайда болған Екінші Түрік мен басқа қағанаттарда (түргеш, қарлұқ, кимақ, оғыз) фискалдық-әкімшілік қызметті одан әрі күрделендіре түсу тенденциясы бар ерте мемлекеттік үлгідегі билік аппараты қалыптасты. Мемлекеттік басқару жүйесінің одан әрі дамымауы, қағанаттардың құлауына байланысты жүзеге аспады. Қарахан мемлекетінде әкімшілік-басқару жүйесі жоғарыда айтылған империялық бірлестіктерге қарағанда әлдеқайда күрделі және жетілдірілген болды [3].

Көшпелі империялардағы билік қаған, жоғарғы басшы, хан арқылы іске асты. Ерте ортағасырлық деректердегі билеуші бейнесі көшпелілердің билікке деген психикалық және әлеуметтік-мәдени қатынасты ашады. Қаған – табысты әскери қолбасшы, жеңімпаз, әлемнің «төрт бұрышын» бағындырушы, мемлекетті құрушы ретінде бейнеленеді. Оның билігі Аспаннан табысталаып, харизма, даналық, діни ғұрыптар мен рәсімдерді орындау (Аспан мен қоғам арасындағы делдал), жомарттылық пен халық қамын ойлайтын ерекше қасиетті-саяси мәртебесі болды. Кейбір билеушілер мәдениет қайраткерлері ретінде де әрекет етті. Қаған қатаң тәртіп сақталған әскери салада, атап айтқанда, ондық жүйе, қолбасшылар иерархиясында ең үлкен билікке ие болды. Жоғарғы биліктің тұрақтылығы көбінесе жеке қасиеттерге және сәтті әскери әрекеттерге байланысты еді. Билеушінің жағымсыз бейнесі тікелей қарама-қарсы бағалаулармен сипатталады, олардың арасында ашкөздік, қорқақтық және әскери жеңіліс көзге түседі [4].

Билеушінің ортасы көшпелі элита өкілдерінің кең ауқымымен ұсынылған. Мұндай элиталар біртұтас элиталық қабат емес, әлеуметтік-саяси статусы бойынша, территориялық (сарай төңірегіндегілер, қанат басылары, тайпалық ақсүйектер және т.б.) және функционалдық (саяси, әскери, әлеуметтік-мәдени, діни және басқа) рөлдер атқарды. Элитадағы негізгі рөлдер билеуші руға, билеушінің ақсүйек туыстарына және қағанның үлкен әйеліне тиесілі болды. Олар жоғары әкімшілік және әскери қызметтерді атқарды және қағанмен бірге билеуші элитаны құрады. Бұл қабаттың күнделікті өмірі мерекелермен, императорлық аң аулаумен, рәсімдер мен діни ғұрыптарға қатысумен, әскери жорықтармен, «байлықпен» байланысты болды. Басқа жағынан, жоғары лауазымдар оларға қоғамды басқару, империялық меншікті сақтау және көбейту, халықты қорғау, жорықтар ұйымдастыру міндеттерін жүктеді. Билеушілермен қатар көшпелі ақсүйектердің аса көрнекті өкілдері (Күлтегін, Тоныкөк, Елюй Даши және т.б.) қоғамның басқа топтары үшін мінез-құлық үлгілерін жасады. Сонымен қатар, империялардың саяси орталығы қызметтік ақсүйектердің қалыптасып, әр түрлі әлеуметтік топтағылар, оның ішінде жағдайы төмен адамдар жеке қасиеттерінің арқасында ықпал мен лауазымға ие болған жер болды.

Көшпелі империялардың әлеуметтік құрылымы әскери-саяси бағыныштылыққа және тайпалар мен тайпалық одақтардың иерархиялық дәрежелі жүйесіне құрылды, мұнда салық төлейтін көшпелі тайпалар мен отырықшы қауымдар ең төменгі сатыны иеленді. Қарапайым көшпелілердің мәртебесі көбінесе оның шежірелік тобының берілген иерархиядағы орнына байланысты болды. Көшпелі қоғамдар ішінде мал басының азаюы, аштық мен жоқшылық аз болған жоқ, бірақ сонымен бірге көшпелілердің еркін мәртебесі сақталды. Әскери науқандар материалдық шығынның орнын толтырып, «байлықты» қайта қалпына келтірді.

Қарастырылып отырған көшпелі қоғамдарда мүліктік және жеке тәуелділік кең тараған, бірақ тәуелді адамдардың жағдайы отырықшы қоғамдардағы төменгі халықтың мәртебесімен сәйкес келген жоқ. Осыған байланысты көрші отырықшы қоғамдарды зерттеу негізінде қалыптасқан әлеуметтік лексиканы қолдану дұрыс емес. «Құл» терминінің көшпелі қоғамдарға қатысты қолданылуы ең алдымен олардың саяси бағынуын білдірді, бірақ тәуелділіктің жеке түрлерінің пайда болуына әкелмеді. Көбінесе қамқорлық, туыстық өзара көмек және ерікті жұмысқа қабылдау,

болжамды тәуелділік қатынастар астында жасырылды. Құл дәрежесіндегі адамдар, қызметшілер, және басқа да құқықтары шектеулі адамдар көшпелі империялардың билеушілері мен жоғары шенеуніктерінің ордаларында көп шоғырланды.

Көшпелі империялардың Қытаймен және басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы күрделі сипат алды, оның ішінде әскери-саяси, экономикалық, әлеуметтік, идеологиялық және мәдени салалар болды. Кейбір зерттеушілер пайымдауынша, Қытай көшпелілер «перифериясы» үшін өркениеттік «донор» ретінде әрекет етті. Ерте ортағасырлық дәуірдегі империялық дала кеңістігі мен Аспан асты империясы арасындағы қарым-қатынастардың динамикасы көшпелі империялардың пайда болуы мен нығаюы – Қытайдың әлсіреуі, көтерілістер, әулеттердің ауысуы кезеңінде болды деп болжайды. Аспан асты империясының әскери-саяси қуатының тұрақтануы мен нығаюы төлемдер мен сый-сияпаттардың тоқтатылуына, Қытайдың көшпенділердің ішкі істеріне араласуына, шекарадағы қорғаныс қабілетінің күшеюіне, қытай әскерлерінің Моңғол даласына басып кіруіне, көбінесе, көшпенділердің жеңілуі және бағынуына әкелді [5].

Көшпелі империялардың дағдарысы мен күйреуіне ортылық билік әлсіздігі, жаулап алулардың тоқтауы, элита бірлігінің жоғалуы, басқарушы тап санының өсуі, көтерілістер мен азаматтық қақтығыстар, билеушілердің ұтымсыз саясаты мен жеке қасиеттері, және армияның төмен тиімділігі әсер етті. Қосымша факторларға табиғи апаттарды, жұт, ашаршылық, эпидемияларды жатқызуға болады. Сонымен қатар, көшпелілердің қоғамдық-саяси жүйелерінің күрделенуі де жаһандық тарихи процестердің дамуының салдары болды. Ол даладағы ең күрделі әлеуметтік процестер (урбанизация, мемлекеттіліктің қалыптасуы, ауыл шаруашылығының, қолөнердің, транзиттік және жергілікті сауданың дамуы), саяси және экономикалық себептермен (сауда жолдарының ауысуы, даладағы көптеген отырықшы қауымдардың бар болуымен) түсіндірілді.

Қорытындылай келе, VI–XII ғасырдағы Орталық Азия көшпелілерінің мемлекеттілігі мен өзіндік ерекше билік жүйесі болды деп айта аламыз. Бұл тұжырым еуроцентризмдік көзқарас жүйесіне қайшы келеді, өйткені көшпелілер әлемі мен отырықшы халық әлемін бірдей критерийлер бойынша бағалауға болмайды. Ортағасырлық көшпелілер әлемінде ең ауқымды және күрделі бірлестіктер рөлі көшпелі империяларға тиесілі болды. Саяси

жағынан көшпелілердің далалық империялары басқарудың әртүрлі дәстүрлерін біріктірді. Көшпелі саясаттардың әрқайсысында биліктің құрамдас бөліктерінің әртүрлі арақатынасы болды және ол өзінің дамуының белгілі бір кезеңдерінде айтарлықтай өзгеруі мүмкін еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Eisenstadt S. N. The Political Systems of Empires. New York: The Free Press, 1963.
Мәдениаралық салыстырулар: Қазақстанның әртүрлі аймақтарындағы киелі күнтізбелердің әсерін салыстырмалы түрде зерттеу немесе киелі күнтізбелерді басқа елдермен салыстыру қызығушылық тудырады. Бұл әрбір мәдени контексттің ортақ үрдістері мен бірегей ерекшеліктерін ашады [3, 131 б.].

Технологиялар мен бұқаралық ақпарат құралдарының әсері туралы зерттеулер: Зерттеу сонымен қатар заманауи технологиялар мен медианың қасиетті күнтізбеге және оны қоғамның қабылдауына әсерін қамтуы мүмкін. Бұған күнтізбеге енгізілген оқиғаларды

ілгерілету және атап өту үшін Интернетті, әлеуметтік медианы және басқа медиа платформаларды пайдалануды талдау кіреді.

Қоғамдағы өзгерістерді есепке алу: Болашақ зерттеулерде алдыңғы зерттеулерден бері аймақтың қоғамы мен мәдениетіндегі өзгерістерді ескеру қажет. Бұл қасиетті күнтізбенің әсер ету динамикасын және оның заманауи әлеуметтік-мәдени жағдайларға бейімделуін бағалауға мүмкіндік береді.

Қорытынды жасай отырып, біз жалпы алғанда, қасиетті күнтізбенің Павлодар облысының мәдениеті мен қоғамына әсері саласындағы одан әрі зерттеу осы құбылыстың рөлін тереңірек түсінуге ықпал ететін маңызды бағыт болып табылады деп санаймыз. өңірдің өмірі мен оның мәдени мұрасын сақтау мен дамытудың тиісті стратегиясын әзірлеу керек деп есепейміз.



ЕСТАЙ БЕРКИМБАЕВ, МАВЗОЛЕЙ

XX в. Памятник находится в аэри Естай (бывшее село Ынтымак) в Актюбинском районе Павлодарской области. Объект представляет собой архитектурное сооружение в виде мавзолея из кирпича, установленного над могилой Естай Беркимбаева.

Дополнительная информация



Мамыр/Май

Дс/Пн	Сс/Вт	Ср/Ср	Бс/Чт	Жм/Пт	Сы/Сб	Жс/Вс
		1	2	3	4	5
6	7	8	9	10	11	12
13	14	15	16	17	18	19
20	21	22	23	24	25	26
27	28	29	30	31		

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Павлодар қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ Ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету бөлімі, Павлодар облысының 2024 жылға арналған айтулы және есте қаларлық даталары, Құрастырған: Г.К.Ахметова Редактор: Ж.М.Тоқатова, Павлодар, 2023 ж.

2 Қазақстанның киелі географиясы: Табиғат, археология, этнография және діни сәулет нысандарының тізілімі / ред. ред. ҚР ҰҒА академигі Б.А. Байтанаева. – Алматы: Археология институты. ОН. Марғұлана, 2017. – Т. 1. – 904 б.

3 https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A1%D0%B0%D1%82%D0%BF%D0%B0%D0%B5%D0%B2_%D0%9A%D0%B0%D0%BD%D1%8B%D1%88_%D0%98%D0%BC%D0%B0%D0%BD%D1%82%D0%B0%D0%B5%D0%B2%D0%B8%D1%87

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІН АНГЛИЯҒА ТАНЫСТЫРҒАН ЭНТОНИ ДЖЕНКИНСОН ЕҢБЕГІ

АКШАНОВА А. М.
оқытушы, «Қазақстан тарихы» кафедрасы,
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың басы сауда жолдарының өзгеруі нәтижесінде Еуропа елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуында терең өзгерістерге әкеліп соқтырған ең үлкен географиялық ашылулар уақыты ретінде тарихқа енді. XV ғасырдың аяғынан бастап әлемдік нарықтағы революция Солтүстік Италияның сауда үстемдігін, әсіресе Батыс Еуропадан Үндістанға тікелей теңіз жолының орнатылуымен жойыла бастады. Осыған байланысты жаңа нарықтарды іздеу процесінде саудагер-кәсіпкерлердің көзқарас ерісіне Орталық Азия шыға бастады. Атап айтқанда, Орта Азия және Иран арқылы Үндістанмен сауда қатынасын жүзеге асыру үшін сол кезде Мәскеу мемлекетінің иелігінде болған Еділ жолын пайдалану мүмкіндігі туралы мәселе туындады [1, 546 б.].

Энтони Дженкинсон (1529-1610/1611) – ағылшын дипломаты және Ресей мемлекетіндегі елшісі, саяхатшы, көпес. Лестерширдегі Маркет-Харборо қаласында дүниеге келген. Ол Мәскеуді және Ресей империясын зерттеген алғашқы ағылшындардың бірі болды. Дженкинсон Мәскеу компаниясы мен ағылшын тәжі атынан саяхатшы және зерттеуші болды. Мәскеу мен Ресейге сапарында IV Иванмен бірнеше рет кездесті. Өзінің бірнеше жазбаша шығармалар арқылы өзінің саяхаттарын егжей-тегжейлі айтып берді.

XVI ғасырдың I жартысы Ресей мен Орта Азия хандықтары арасындағы қарым- қатынастың тереңдеу түсті. Бұл мәселедегі бастама, профессор В. В. Бартольдтың пікірінше, Ресейге немесе хандықтарға емес, ағылшын Дженкинсонға тиесілі болды. Англия ол кезде өз саудасының жаңа нарықтарын іздеп, Иран және басқа Азия мемлекеттерімен сауда қатынасын орнатуға тырысты. Осы мақсатта Энтони Дженкинсон I Елизаветта патшайымның қолдауымен, 1557 жылы Мәскеу компаниясы деп аталатын, Орта Азия, Хиуа мен

Бұхара арқылы сауда байланыстарын реттеуге бағытталған, төрт экспедиция бастаған.

Ағылшын елшісі Ресей патшасы IV Иван қабылдауында төрт рет болып, одан Еділ өзені мен Каспий теңізі бойымен қауіпсіз жүруге рұқсат хаттарын алған. Осылайша Дженкинсонның патша қолдауымен, Шығысқа – Орта Азияға, Бұхара мен Иранға сапары бастау алды. Дженкинсонның 1558–1559 жылдардағы Хиуа мен Бұхараға сапары, Мәскеу мен Орталық Азия арасындағы одан әрі қарым-қатынастарды дамыту үшін үлкен маңызға ие болды, өйткені Дженкинсон IV Иваннан арнайы жарғыға ие болып, осылайша Мәскеу мемлекетінің Орталық Азиядағы алғашқы ресми өкілі болды. Бұған дейін Ресей мен Орта Азия хандықтары бір-бірімен тікелей және ресми қатынасқа түспеген аумақтар болып саналған.

Елші өзінің саяхаттары кезінде Бұхара және Хиуа хандықтарының саяси және экономикалық жағдайы туралы, сондай-ақ XVI ғасырдың ортасындағы Орталық Азияны мекендеген халықтардың ұлттық дәстүрлері мен тұрмыс жағдайлары туралы құнды деректер жинады. Бұл деректер оның «1558 жылы Ресейдің Мәскеу қаласынан Бактриядағы Бұхара қаласына дейінгі» естелік жазбаларында көрсетілген. Аталмыш сапары қазақ жерінің батыс бөлігі арқылы өткен. Жолда елші қазақ ауылдауында біршама тұрақтап, қазақтар жайлы құнды этнографиялық мәлімет қалдырған. Дженкинсонның өзі қалдырған Орта Азияға саяхат материалдарында «Олар ешқашан садақсыз, жебесіз және қылышсыз саяхаттамайды, мейлі бүркітпен аң аулау болсын, мейлі басқа да ойын-сауық үшін, олар ат үстінде де, жаяу да өте жақсы атқыштар. Бұл елде ақша айналымы жоқтың қасы. Олар алтын-күміс, тиын-тебенді пайдаланбайды, киім-кешек немесе басқа да қажетті заттар қажет болғанда, малдарын айырбастайды. Оларда нан да жоқ, өйткені олар жер жыртпайды да, егін екпейді де; олар көп мөлшердегі етті жейді, әсіресе жылқы етін. Олардың жақсы көретін сусыны – қышқыл бие сүті /қымыз/ [2].

Сонымен қатар, елші Орта Азияның XVI ғ. құнды картографиялық мәліметтерін қағаз бетіне түсірген тұлға. Кеңістікті ұйымдастыру схемасы, бір жағынан, Птоломейдің графикалық сызбалары (Амудария Каспий теңізіне құятын жерде) ішінара дұрысытығын сақтады, екінші жағынан, елшінің картасында Tartaria, Turchestan, Persia, Corasan, India orientalis, China, Cathaio и Mongol топонимдері, картографиялық кенестікте кездесе бастады. Ташкентті, Амударияны, Сырдарияны және Обьді қайта

орналастыратын бұл схеманың революциялық элементі келесі элементтер болып табылады: 1) Амудария (Окс) және Сырдария (Яксарт) Каспий теңізінен бөлінген; 2) олар Kitaia Lacus байланысты; 3) Kitaia Lacus Арал теңізі деп түсіндіруге болады; 4) Kitaia Lacus Обь өзенімен байланысты; 5) Обь өзені Сыр (Сырдария) және Ташкентпен байланысты; 6) Kitaia Lacus Катаймен байланысты, ол Обьтен шығысқа қарай басталып, мүмкін Солтүстік Мин Қытайды емес, Моңғолияны сипаттайды. Саяхат сипаттамасын және Дженкинсон карталарының көшірмелерін салыстырмалы талдау картографиялық кеңістікке аймақ туралы жаңа білімдерді енгізу процесі және ескі схемалардың тұрақтылығы қалай өткенін көрсетті [3, 29 б.].

Дженкинсон бірінші болып Орталық Азияның негізгі өзендері Амудария және Сырдарияны Каспий теңізінен дәстүрлі қалыптасақан картографиялық схемалардан қарағанда бөлген болатын. Саяхатшы Орта Азияның қалалары мен ауылдарының арасын өлшеген. Дженкинсон құрастырған карталарда кейбір кемшіліктер мен дәлсіздіктер болса да, олар сол кездегі Орталық Азия аумақтарын жеткілікті түрде бейнелеуге қызмет етті.

Елші өз жазбаларында қазақ елінің ішкі жағдайы туралы біршама мәлімет қалдырған «Қытай елдерінен бейбіт уақытта және жол жүру тегін кезде Бұқараға мускус, ревень, атлас, қамқа т.б. хаттарды әкелген. Мен Бұқарада болған кезімде Қытайдан басқа елдердің барлығынан керуендер келетін. Ол жақтан керуеннің келмеуі себебі, менің келуімнен 3 жыл бұрын Бұхара мен Қытайдың жол бойында орналасқан екі үлкен татар елі мен қалалары шекарасында қоныс тепкен, пұтқа табыншуы және мұсылман дала халықтарымен ұзақ уақытқа созылған жанжал. Бұл қалалар Ташкент және Қашқар деп аталады; Ташкентпен соғысып жатқан халықты мұсылман дініндегілер кассактар /қазақтар/ деп аталады, ал Қашқармен соғысқандарды Қанғарлар деп атайды, олар пұтқа табынушылар. Бұлардың екеуі де өте күшті; олар далада тұрады, қалалары да, үйлері де жоқ, жоғарыда аталған қалаларды жаулап ала жаздады...»

Дженкинсон қалдырған картографиялық мәліметтерде жер бедері мен жергілікті ландшафтан ақпарат ғана емес, сонымен қатар этнографиялық, діни, әскери және тарихи элементтер толы. Топонимикалық тұрғыдан Дженкинсонның картасы өзінен бұрынғыларға қарағанда күрделі және бай. Қазақ мемлекеті өзіне тән автоэтноним, кратоним және политоним – Кассакция (Казакия)

астындағы қазақтардың экономикалық, әскери даму ерекшеліктерін, саяси-әкімшілік құрылыс жүйесін ғана емес, жалпы көршілес мемлекеттердің өмір сүру ерекшеліктерін көрсетеді. Мұнда түркітілдес және басқа да мемлекеттер көрсетілген.

Энтони Дженкинсонның елшілік сапары, Қазақ хандығының тағында Хакназар ханның билігімен тұспа-тұс келді. Хакназар хан тұсындағы Қазақ мемлекеті (билігі: 1538–1580) өзінің гүлдену кезеңін бастан кешірді. Қазақ тарихында Хакназар ханның тұлғасы мемлекеттің ішкі қақтығыстардан кейін қайта жандануы, оның билігі мен ықпалының күшеюімен байланысты. Оның билігі кезінде мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатында айтарлықтай өрлеу болды. Хакназар тұсындағы Қазақ мемлекетінің геосаяси субъективтілігі күшейе түсті, бұл көптеген тарихи деректерде, соның ішінде орыс деректерінде де көрсетілген.

Осы кезеңде (1557–1572 жж.) Қазақ мемлекетінде болған елшісі Энтони Дженкинсон қазақ билеушісімен екі жақты маңызды ағылшын-қазақ байланыстарын орнатты. Оның салдары, 1561 жылы Лондонға хан Хакназардың ішкі ортасының өкілі Ару сұлтан бастаған қазақ дипломатиялық миссиясын жіберу болды. Ару сұлтанның Лондонға сапары 1561–1576 жылға дейін созылып, сәтті аяқталады. Ару Сұлтанға «Патшайым I Елизаветаның кіндік қызы» атанған және ағылшын сарайында «Патшайым I Елизаветаның сән жөніндегі кеңесшісі» құрметті атағы беріледі. Ару сұлтан Лондондағы миссиясын 15 жыл, 1576 жылы қайтыс болғанға дейін жалғастырды [4, 125 б.].

Әрбір сапардан кейін Энтони Дженкинсон саяхат нәтижелері мен әсерінен туындағын кітаптар жазды. Сапарларын сипаттау мәтінінен көрініп тұрғандай, Дженкинсон Орталық Азияда болуын Қытайға апаратын жолдар туралы ақпарат жинау үшін пайдаланды. Бұхараға және бүкіл Орта Азияға келетін болсақ, ол жергілікті феодалдық билеушілердің тынымсыз және жойқын аралық күрестерінің болуын ескере отырып, онымен сауда байланысының мүмкіндіктерін асыра айтқан жоқ. Осылайша, Дженкинсон Бұхара экспедициясы кезінде Каспий теңізі мен Орталық Азия жағалауын сипаттаған, жергілікті халық жайлы этнографиялық дерек қалдырған, сыртқы жағдайды біршама сипаттаған алғашқы Батыс Еуропа саяхатшысы болғандығын көреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Тожибаев Ш. А. Путешествие Антония Дженкинсона в Бухару (1558–1559) / Ш. А. Тожибаев // Молодой ученый. –№ 6 (86). – 2015. С. 546-549.

2 Энтони Дженкинсон. Путешествие в Среднюю Азию. Английские путешественники в Московском государстве в XVI веке. - Москва.: Соцэкгиз. 1937

3 Горшенина С. М. Энтони Дженкинсон және оның XVI ғасырдағы Орталық Азияның картографиялық схемаларын ревизиясы. Qazaq Historical Review. 2023. No 1 (1). 22-55 б.

4 Сыдыкназаров М.-А.. Ару Султан – первая дипломатическая представительница казахского государства, первая представительница исламского и тюркского мира при дворе Тюдоров королевы Англии Елизаветы I // Адам әлемі. – 2023. – No1(95). – С. 108-131

ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ БЕЛСЕНДІРУ ӘДІСТЕРІ

АХАНОВА А. Т.

тарих пәнінің мұғалімі, Сілеті ЖОББМ, Ертіс ауданы, Павлодар облысы

Тарих пәні, оның ішінде Қазақстан тарихы пәнін оқыту мектеп қабырғасында берілетін маңызды білім болып табылады. Мектепте тарихты оқыту дәстүрлі түрде дәрістерді тыңдау, оқулықтарды оқу, талқыланған оқиғаларды есте сақтауды қамтиды. Дегенмен, технология дамыған сайын және оқушылардың қалай білімді алатындығы туралы түсінігіміз жақсарған сайын, оқушыларды қызықтыра алатын және тақырыпты тереңірек түсінуге ықпал ететін тарихты оқытудың жаңа әдістері пайда болғанын ескерген абзал. Ал, мектепте Қазақстан тарихын оқыту ұлттық бірегейлік пен патриотизмді дәріптеу үшін ғана маңызды емес, сонымен қатар оқушылардың еліміздің әлемдегі орнын түсінуіне көмектесу үшін де маңызды. Сәйкесінше, осындай маңыздылыққа ие білімді жоғарыда атап өткендей қызықтыра алатын әдістер қолдану қажет. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін сипаттамалық және талдау жұмысы негізінде зерттеу жүргізілді. Бұл зерттеу жұмысында Қазақстан тарихын оқытудың кейбір тиімді әдістерін, оның ішінде бастапқы дереккөздерді анықтау, көрнекі құралдарды қолдану және

тәжірибелік оқыту, технологияларды пайдалану, жобалық оқыту және тәжірибелік оқыту секілді жаңа әдіс-тәсілдерді талқылаймыз.

Біз қарастыратын бірінші жаңа әдіс – тарихты оқытуда ақпараттық-технологияны пайдалану. Планшеттер мен смартфондар сияқты сандық құрылғылардың кең таралуына байланысты мұғалімдер енді тарихты өмірге келтіру үшін интерактивті құралдарды пайдалана алады. Мұның бір мысалы оқушыларға тарихи орындарды зерттеп, оқиғаларды сол жерде болғандай сезінуге мүмкіндік беретін «виртуалды шындық» [1, 6 б.]. Берклидегі Калифорния университетінің зерттеуіне сәйкес, тарих сабақтарында «виртуалды шындықты» пайдалану студенттер арасында белсенділік пен түсіністіктің артуына әкелді. Мұғалімдер тарихи ақпаратты қызықты және динамикалық түрде ұсыну үшін бейнелер мен подкасттар сияқты мультимедиялық құралдарды да пайдалана алады. Сонымен қатар, онлайн деректер базасы мен мұрағаттар оқушыларға тарихи құжаттарды талдауға және өз бетінше қорытынды жасауға мүмкіндік беретін бастапқы бастапқы материалдарға қолжеткізуге мүмкіндік береді.

Тарихты оқытудың тағы бір жаңа әдісі – жобалық оқыту. Бұл әдіс оқушыларды тарихи ақпаратты зерттеуді, талдауды және синтездеуді талап ететін жобалармен жұмыс істеуді қамтиды. Мысалы, оқушылар белгілі бір уақыт кезеңі немесе оқиға туралы деректі фильм жасау үшін топтарда жұмыс істей алады немесе белгілі бір дәуірдің артефактілерін көрсететін мұражай экспонатын жобалауы мүмкін. Бағалауды, стандарттарды және студенттерді тестілеуді зерттеудің ұлттық орталығының зерттеуі жобалық оқыту оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдылары мен мазмұндық білімдерін жақсартуға әкелетінін көрсетті [2, 12 б.]. Оқытудың бұл түрі оқушыларды шығармашылықпен айналысуға мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен қатар сыни ойлау, зерттеу және коммуникация сияқты маңызды дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Тәжірибелік оқыту – тарихты оқытудың тағы бір жаңа әдісі. Бұл тәсіл оқушылардың тарихи оқиғаларды немесе жағдайларды имитациялайтын әрекеттерге қатысуын қамтиды. Мысалы, оқушылар соғыстағы шайқастың қайта қойылымына қатысуы мүмкін немесе олар пікірталас немесе жалған сот процесінде тарихи тұлғалар ретінде рөл атқаруы мүмкін. Миннесота университетінің зерттеуіне сәйкес, тәжірибелік оқыту студенттерге тарихи оқиғалар мен тұжырымдамаларды тереңірек түсінуге көмектеседі [3, 18 б.].

Бұл сонымен қатар әртүрлі уақыт кезеңдеріндегі адамдардың орнына өздерін қойып, эмпатияны дамытуға көмектеседі.

Бұл жоғарыда анықталған әдістер жалпы тарихты зерттеуге қатысты қолданылатын жаңа әдіс-тәсілдер. Одан тыс Қазақстан тарихын оқытуда қолданылатын жаңа әдістерге келетін болсақ, оларда өз кезегінде өзектілікке ие. Себебі, жергілікті тарихты түсіну үшін балаларға көп дәлелдер керек. Олардың осы тарихпен байланысын сездіру, түсіндіру оқытушы үшін маңызды жұмыстың бірі болып табылады.

Қазақстан тарихын оқытудың бірінші әдісі – бастапқы дереккөздерді пайдалану. Бастапқы дереккөздер – фотосуреттер, күнделіктер, хаттар және ресми құжаттар сияқты белгілі бір уақыт кезеңі немесе оқиғаның түпнұсқа құжаттары немесе артефактілері. Бастапқы дереккөздерді пайдалану арқылы оқушылар сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыта алады және тарихи дәлелдерді талдау және түсіндіруді үйренеді. Мысалы, мұғалімдер оқушыларға Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуына байланысты егемендік туралы декларация, конституцияны немесе саяси көшбасшылардың сөйлеген сөздері сияқты бастапқы дереккөздерді бере алады. Бұл оқушыларға ел тәуелсіздігінің саяси және әлеуметтік жағдайын және оның тарихындағы басты тұлғалардың ролін түсінуге көмектеседі.

Қазақстан тарихын оқытудың тағы бір тиімді әдісі – көрнекі құралдарды пайдалану. Көрнекі құралдарға оқушыларға тарихи оқиғалар мен концепцияларды елестетуге және түсінуге көмектесетін карталар, диаграммалар, уақыт шкаласы және бейнелер жатады. Мысалы, мұғалімдер Қазақстандағы әртүрлі этностардың көші-қон заңдылықтарын немесе елдің географиялық ерекшеліктерін көрсету үшін карталарды пайдалана алады. Уақыт кестелері оқушыларға Қазақстан тарихындағы негізгі оқиғалардың хронологиясын түсінуге көмектесе, бейнероликтер тарихи оқиғаларды өмірге әкеліп, оларды қызықтыра түседі. Визуалды қабылдау арқылы балалардың көз алдында осы мекенде адамдар қалай өмір сүрген, олардың белгілі бір шешімдерге не үшін барғандығы көрсетіледі. Оқыту үдерісінің барлық кезеңдерінде оқушыларға «бірдей талаптарды» олардың ерекшеліктерін, жеке психологиялық дамуын ескермей жүзеге асыру, оқушылардың ерекшеліктерін, жеке психологиялық дамуын ескермей жүзеге асыру, оқушылардың нормалды оқуына бөгет жасайды, оқуға деген қызығушылықтарын жоғалтады. Оқу қызметін саралап ұйымдастыру, бір жағынан оқушылардың ақыл-

ойының даму деңгейін, психологиялық ерекшеліктерін, абстрактілі-логикалық ойлауын ескереді. Екінші жағынан тұлғаның жеке мұқтаждығын, нақты білім беру аймағында оның қызығушылығы мен мүмкіндігін назарға алу.

Пікірсайыс арқылы оқыту Қазақстан тарихын оқытудың тағы бір тиімді әдісі болып табылады. Бұл әдіс оқушыларді рөлдік ойындар немесе пікірталас сияқты тарихи оқиғаларды немесе жағдайларды имитациялайтын әрекеттерге тартуды қамтиды. Мысалы, оқушылар Қазақстан тарихындағы Қорқыт ата немесе ақын Абай Құнанбаев сияқты тарихи тұлғалардың рөлін сомдай алады. Сондай-ақ олар Қазақстан тарихының Кеңес өкіметінің әсері немесе діннің қоғамдағы рөлі сияқты даулы мәселелерді зерттейтін пікірталастарға немесе жалған сот процестеріне қатыса алады. Мысал ретінде, ортаға Қазақстан тарихындағы елеулі оқиғаның бірі «жоңғар шапқыншылығы кезінде қазақтардың басын біріктірудің тиімді жолын ұсынады» тақырыбын беріп, оқушыларды екі топқа бөліп, әр топ өзінше осы мәселені шешудің жолын қарастыруды сұрау. Бұл бірінші ретте жоңғар шапқыншылығын, оның қазақ халқына тигізген әсерін және бытыраңқылықты реттеудің жолдарын үйрететін әдіс [4, 28 б.]. Осындай әдіс негізінде балалардың сыни ойлауы мен зерттеуге қызығушылығы артады.

Келесі бір әдіс, бұл оқушыларды мектепке таяу орналасқан тарихи мекендерге апару. Қазақстанның әрбір нүктесінде тарихи мекен, орын, ғимарат жер бар екендігі анық. Мысал ретінде, Есік қаласының оқушыларын кемінде бірнеше рет «Алтын адам» табылған қорғандарға апаруға болады. ЮНЕСКО тарапында қорғалатын «Қожа Ахмет Яссауи» кесенесі терең тарихымыздың нақты көзбен көруге болатын дәлелі. Қазақстанның солтүстік өңірлеріндегі мектептерде андрон мәдениетінің мұрасы, шығыс өңірде «Берел», «Шілікті» қорымдары. Батыстағы Маңғыстаудағы жер асты мешіттері немесе сарматтардың тарихи мұрасы, Сарайшық қаласы секілді объектілер, балалардың тарихты тек абстрактылы емес, нақты көзбен көріп, сезінуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс, тарихи жәдірегілерді құрметтеу және оның мемлекеттілігіміздегі рөлін қабылдауды арттырады.

Дидактикалық тұрғыда оқушылардың жеке қабілеттеріне сәйкес ұйымдастырылған әдістердің, формалардың және құралдардың жиынтығын іске асыру арқылы әр оқушының мүмкіндіктерін дамыту үшін оңтайлы жағдайлар жасауда нәтижесі айқындалады. Тарих пәнін оқытуда саралау тәсілін қолданып түрлі жетістіктерге қол жеткізуге болады. Дағдыларды жетілдіруде, мәтіндермен бірнеше

жұмыс түрлерін ұйымдастыру кезінде саралау тәсілінің маңызы зор. ДЖИГСО әдісі негізінде ресурстарды, ақпарат материалдарын пайдалануда топтық жұмыс жасап (оқушы деңгейін анықтап алып), тапсырмаларды күрделендіріп беруге мүмкіндік туғызады. Шығармашылықпен айналысатын оқушыларды анықтау үшін сабақ барысында оқушының жас ерекшелігіне қарай белгілі бір тақырып беріп, жеке жұмыстар жүргізуге болады. Кей жағдайда презентация дайындауды да тапсырма етіп беріп, зерттеу жұмыстарын іске асыруға да болады. Қабілеті жоғары оқушылар өз бетінше ізденуге, жоба құрастыруға машықтанады. Жаңадан жаңаны табу және басқа пәндермен байланыс орнату, ғылыми терминдерді қолдану, тақырып деңгейінен тыс жұмыстар жүргізу – оқушының сыни тұрғыдан ойлау қабілеті мен зейінін толықтыра түседі. Оқушы өз бетінше жұмыс жасауға бейімделеді. Қазіргі таңда, мұғалім сабақты жоспарлау кезінде саралау жұмысының жалпы ортақ қабылданған тәсілдерін қарастырған жөн. – тапсырма (білім деңгейі әр түрлі оқушыларға арналған тапсырмалар) – дереккөздер (ауқымы талқылануға негіз болатын мәтіндер) – қарқын (оқушы деңгейіне қарай қолданылатын тәсіл) – жіктеу (топқа бөлу) – диалог және қолдау көрсету (ынталандыру, мадақтау) – қорытынды (анализ) – бағалау (оқушы қажеттілігіне қарай қолданылатын тәсіл).

Қорыта келгенде, мектепте Қазақстан тарихын оқытуда оқушыларды қызықтыратын, сыни тұрғыдан ойлауға ықпал ететін тиімді әдістер қажет. Бастапқы дереккөздерді, көрнекі құралдарды және тәжірибелік оқыту бар. Сонымен қатар, оқушыларды қызықтыру , пәнді тереңірек түсінуіне ықпал ететін бірнеше жаңа әдіс-тәсілдер де бар. Технологияларды пайдалану, жобалық оқыту және тәжірибелік оқыту зерттеу барысында анықталған бірнеше мысалдар ғана боып табылады. Жалпы бұл әдістерді пайдалану оқушыларға Қазақстан тарихы мен оның әлемдегі орнын тереңірек түсінуге көмектеседі.

Осы әдістерді оқытуға енгізу арқылы Қазақстандағы тарих мұғалімдері оқушыларға маңызды дағдыларды дамытуға және өз елінің бай мұрасын тереңірек бағалауға, құндылығын түсінуге көмектесе алады. Себебі, ғасырлар толқынындағы Қазақстан тарихы өте маңызды, әлі де терең баға беруді талап ететін оқиғаларға бай. Қазақстан мемлекеттілігі үшін еңбек еткен қарапайым шаруалардан бастап, саяси партиялар мен қозғалыстардың көшбасшыларының еңбегін елеу, оларға лайықты құрмет көрсетіп, идеяларын ұмытпай, кейінгі ұрпаққа жаңа жолмен жеткізу маңызды қызмет болып табылады. Осылайша, осы жаңа әдістерді оқытуға енгізу арқылы

тарих мұғалімдері оқушыларға маңызды дағдыларды дамытуға және біздің әлемді қалыптастырған адамдарға, оқиғаларға және идеяларға үлкен баға беруге көмектесе алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жумадилаева Г. И. Инновациялық әдістер мен оқытудың ақпараттық технологиялары тарих сабағында қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын дамыту, – 2018. – № 2. – 16 б.
2. Нурланова А. К. Тарих пәнін оқытуда тиімді инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану – 2016. – № 4. – 18б
3. Сейткалиева А. К. Білім жүйесінде инновациялық әдіс-тәсілдерді қарқынды пайдалану //Педагогическая наука и практика. – 2022. – № 1 (35). –113 б.
4. Түрлі деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру. Астана, НЗМ.2016.-40б

ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ҮРДСІНДЕ ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

АХМЕТОВА Г. Ж.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ЕЛЬМУРАТОВА Б. Ж.

т.ғ.к., қауымд. профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Жылдам өзгеретін әлем, ақпаратты қабылдаудың жаңа тәсілдері, мәдени әртүрлілік, ХХІ ғасырдағы органы технологияландыру оқыту мақсаттарын білім алушылардың метапәндік және жеке тұлғалық нәтижелерге қол жеткізуіне, олардың қабілеттері мен алған білімдерін қолдана отырып, нақты өмірдегі мәселелерді шешуге дайын болуына, цифрлық технологияларды қолдана отырып, өзекті ақпарат негізінде шешім қабылдауға баса назар аударуды қажет етеді. Оқытудағы инновациялар – оқытудың жаңа әдістері, білім мазмұнын ұйымдастырудың жаңа тәсілдері, білім беру нәтижелерін бағалау әдістері. Тарихи концептілер негізінде оқыту тарихи оқиғалардың мағыналары мен маңыздылығын, процестер мен оқиғаларды «тез түсінуге» бағытталған, бұл өз кезегінде пәннің мағынасын терең түсінуге көмектеседі. Тарихи концептілерге сүйене отырып, тарихи материалдарды талдау жүзеге асырылады. Оқу сауаттылығы – «жазбаша мәтіндерді түсіну және оларға рефлексия жасау қабілеті. Білім алушылар диаграммалар,

суреттер, карталар, кестелер және графиктер түрінде берілген әртүрлі жанрдағы мәтінді түсіну, ақпаратты табу, мәтінді түсіндіру, оның мазмұны туралы ойлану, оның мәні мен мағынасын бағалау қабілетін көрсетуі тиіс» [1]. Оқу барысында біз келесідей 3 сұрақты қою және олардың жауабын іздеу арқылы «Факіден – мағынаға» жолынан өтеміз:

1. Маған мәтіннен нені түсіну керек? Сонда біз фактілерді іздеп, оларды бекітеміз.

2. Мен сұраққа қалай жауап беремін? Ол үшін біз фактілерді байланыстырамыз, талдаймыз, қадамдардың ретін белгілейміз, өзара байланыстар орнатамыз, мәнмәтінге, жеке тәжірибемізге, құндылықтар мен мақсаттарға қатысты ашып түсіндіреміз.


3. Мен жауабымды қалай дәлелдеймін? Мақсатқа қалай қол жеткізетініміз, қандай тәсілді таңдайтынымыз, сұраққа қандай жауап қайтаратынымыз, қандай дәлел келтіретініміз туралы шешім қабылдаймыз.

Қазіргі маңызды білім беру технологияларының бірі – сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы, яғни қалыптасқан идеяларды жоққа шығаратын, өз тәжірибесіне сүйене отырып, жаңа идеяларды жобалау әдістері. Креативті ойлау дегеніміз – инсайттарға, жаңа тәсілдерге, тың көзқарастарға жетелейтін ойлау түрі, жалпы алғанда, ол – нәрселерді түсіну мен көре білудің жаңа жолы. Сұрақтарды шешімдердің жаңа нұсқаларын ашатындай етіп қою, немесе құбылыстардың арасында біздің күткенімізден асып түсетін және қиялдың көмегімен, әлемді мүлдем жаңаша кейіпте көру мүмкіндігін ашатын байланыстарды орнату [4].

Пәндік білімді, пәндік және жалпы оқу дағдыларын қалыптастыру және бақылауда Бенджамин Блумның оқу мақсаттарын игеру және жіктеу категорияларының таксономиясы қолданылады.

Тапсырмаларды қалай жобалау керек?

1. Мақсатты тұжырымдау және оны таксономия деңгейімен байланыстыру кестесіне назар аударыңыз.



Сурет 1

2. Нәтиже қалай ұсынылатынын анықтаңыз – ауызша түрде немесе артефакт жасалады (нәтиже графикалық түрде немесе қатты мәтін түрінде жазылады ма?).

3. Ақпарат көздерін, оларға арналған тапсырмаларды, жұмыс түрін таңдаңыз (балалардың өзіндік жұмысы, тапсырмалар тізбегі немесе диалогқа негізделген өзіндік жұмыс). Қазақстан тарихы пәнінен «Қазақ халқының қалыптасуы» тақырыбы [2] 1 сабағының Блум таксономиясында орындалу үлгісі.

Білу: Қазақстан аумағындағы халықтың құрылу үрдісінің кезеңдерін ата.

Түсіну: Экономикалық аймақтың құрылуы қандай факторларға байланысты екенін анықта.

Қолдану: Мәтіндегі қателерді тап.

«Қазақ» термині туралы ғалымдар арасында бір ғана пікір бар. Қазақ хандығын зерттеушілердің пікірінше, қазақ- түркі сөзі. Бастапқыда ол ерікті, еркін деген мағынада қолданылды. «Қазақ» сөзі өз ортасынан немесе мемлекетінен бөлектеніп, тәуелсіз өмір сүрген еркін адамдарды білдірген. Бір деректерде «қазақ» атауы туралы «Қазақ» сөзі тұңғыш рет 1242 жылы жазылған араб-француз сөздігінде кездеседі. Бұл сөздікте «қазақ» ұғымы, «сарбаз», «жауынгер» деген мағынада түсіндіріледі.

Талдау: Мәтінге сүйене отырып, қазақстан жерінде қазақ халқының этникалық негізін қалаған тайпа, мемлекеттерлі уақыт сызығында көрсетіңіз.

Синтез: Ортағасырлық қала тұрғыны мен егіншінің келісімге келу диалогын құрастырыңыз.

Бағалау: Монғол шапқыншылығы қазақ халқының қалыптасуына әсер етті деген пікірмен келісесіз бе? Әлде келіспейсіз бе? Дәлелде.

Мәтінді оқи және түсіне білу ғана емес, мақсатқа жетуге керекті ақпаратты сан алуан, оқу көздерінен басқа көздерден таңдай да білу керек. Мысалы, авторлардың позицияларын анықтау, сосын негізгі тезистерді және әрбір тезисті растайтын дәлелдерді бөліп ала алуы.

Себептерді көру. Мақсаты: себептер, себептер мен салдарлардың факторларын анықтау, оқиғалар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды орнату (тергеу орталық тіктөртбұрышқа орналастырылған). Қалай:


Талданған мәселені анықтаңыз.

Факторлардың (себептердің) тізімін жасаңыз.

Мәселе мен факторлар арасында байланыс орнатыңыз.

Себептердің әсер ету күшін көрсетіңіз.

Мысал



Сурет 2

Дәлелдеу-дәлел


Мақсаты: дәлелдемелерді тану, бағалау, түсіндіру. Мәлімдемені қолдау немесе жоққа шығару үшін дәлелдер жиынтығын талдау.

Қалай:

Сіз үшін қызықты мәселені дәлелдеуді талап етіңіз.

Дәлелдеу дәлелін В. Даннаның құрылымдық моделіне сәйкес реттеніз.

Дәлелдеу-дәлелдеу – бұл тезистің ақиқатын немесе жалғандығын дәлелдеуге бағытталған тұжырым. Зерттеуші В. Данн дәлелдеудің құрылымдық моделін ұсынды (дәлелдеу-дәлелдеу), ол жалпыланған түрде келесідей:




Сурет 3

Дұрыс бұрышта ойлау

Мақсаты: пікірлер мен фактілерді анықтау

Қалай: мәтінді оқып, фактілер мен пікірлерді бөліп, графикалық схемаға енгіземіз.



Сурет 4


Факт – бұл белгілі бір уақытта белгілі бір жерде болған ойдан шығарылған оқиға емес, нақты оқиға. Факт нақты және оқшауланған. Оны тексеруге болады.

Пікір – бұл адамның құнды пікірі.

Көпіршіктер

Мақсаты: проблеманы, салдарын, шешу тәсілдерін анықтау.

Қалай: мәтінді оқығанда мәселені анықтап, фактілерді, салдарларды, шешімдерді бөліп көрсету керек.



Сурет 5

«Тірек сигналдары»

Оқушыларға белгілер мен сызбалар арқылы тақырыптың мазмұнын ашуға мүмкіндік береді. Негізгі құзыреттерді дамыту үшін «Адамды тану» мысалын қарастырайық. Ойын оқушылар ұсынылған сипаттама негізінде тарихи тұлғаны анықтаудан тұрады. Тағы бір нұсқа – оқушыларға топта тарихи тұлғалардың портреттерін беру. Белгілі бір уақыт ішінде олар тарихи тұлғаны сипаттауы керек.

Бірнеше өзгеше көздерден алынған ақпаратты түсіндіру және жалпылау. Мысалы, ғылыми журналдарда, блоггерлерде, форумдарда жарияланған мәтіндер; YouTube, TikTok видеолары ұсынылады. Яғни, қазіргі кездегі ең алдымен пайдаланылатын ақпарат көздері. - Интернеттегі ақпаратты пайдалану, оның ішінде, сенімді сайттарды және онлайн құжаттарды ажырата білу. Тапсырмаға берілген материалдар топтамасында бір мәселені шешудің әртүрлі тәсілдері ұсынылады. Көзқарастардың қайсыбірін таңдау үшін, дереккөздің дұрыстығы мен сенімділігін анықтау қажет, мәтінде не ұсынылып отырғанын – фактілер мен пікірлер ме – соны түсіну керек. Бәлкім, блогтың, сюжеттің авторы эмоцияларды басқара отырып, өз көзқарасын сіңіруді көздеген жоқ па деген мәселені де айқындау керек болады. Ақпаратты талдау арқылы бір

тәсілді таңдап, өз көзқарасыңды растау үшін барынша сенімді және беделді дәлелдерді ұсыну керек [3].

Егер дәстүрлі бағалар баланың оқуға деген қызығушылығын арттырып, жақсы нәтиже бермесе, біз оқытудың жаңа түрлерін қолдана бастаймыз. Тиімді оқытуды ынталандыруда ішкі мотивация бағаларға қарағанда пайдалырақ. Жаңа оқу сценарийлері онлайн – марафондар ұсынылады. Марафонды бір пән бойынша да немесе бірден бірнеше пән бойынша ұйымдастыруға болады. Марафонды сауатты ыңғаймен ұйымдастырған кезде материалды оқудың стандартты емес форматы, қызықты тапсырмалар оқушылардың қызығушылығын оятатыны сөзсіз. Марафон тапсырмалары оқушылардың сыныпта көргендерін қайталамауы тиіс. Тапсырмалардың өзінде оларды орындауға ынталы болу үшін қазірдің өзінде уәждеуіш сипаты болуы керек. Шығармашылықты бағалауға бағытталған тапсырмаларда ойлау, бірнеше жауап форматтары қолданылады.

Еркін құрастырылған жауаптар:

- жазбаша жауап – бірнеше сөз (мысалы, тақырып иллюстрацияға немесе ғылыми сұраққа жауап) қысқа мәтінге (мысалы, әңгіменің соңы немесе жоба идеясын түсіндіру);

- көрнекі құралдарды пайдалана отырып жауап беруге (мысалы, дизайн плакаттар немесе көрсетілген пішіндер жиынтығының тіркесімі) қолдау көрсетіледі.

Оқушылар сабақты өмірде қолдануға болатынына сенсе, олардың оқуға және алған білімдерін шығармашылықпен пайдалануға деген ішкі ынтасы күштірек болады. Мәселені қою және шешу, білімді тасымалдау, күрделі қарым-қатынас және іргелі біліммен танысу сияқты оқу дағдыларын үйрену және дамыту шығармашылықты дамытады. Мысалы, егер оқушылардан жаңа бірдеңе ойлап табу ұсынылса, олар өздерінің білімдері мен шығармашылықтарын сәтті жобаны ойлап табу немесе қызықты есеп шығару үшін пайдалануы керек. Сондықтан мектептегі сабақтар оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың тағы бір стратегиясы болып табылады [5].

Жоғарыда айтылғандардың барлығын қорытындылай келе, оқу үрдісінде белсенді және интерактивті әдістерді қолдану оқушылардың танымдық белсенділігі мен ынтасын арттыруға, интеллектуалдық белсенділігін қалыптастыруға және дамытуға, білімнің практикалық құндылығын ашуға және оқу үлгерімін арттыруға, яғни оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 104 б.

2 Қазақстан тарихы. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық/ Н.С. Бакина, Н.Т. Жанакоева, Қ.Қ. Сүлейменова – Алматы: Атамұра, 2018. – 240 бет.

3 Facion P. Critical Thinking: What It Is and Why Counts. – 2003

4 Авдеенко Н. А., Денищева Л. О., Краснянская К. А., Михайлова А. М., Пинская М. А. Креативность для каждого: внедрение развития навыков XXI века в практику российских школ // Вопросы образования. 2018. № 4. С. 282-304.

5 Рисовый штурм и еще 21 способ мыслить нестандартно / Майкл Микалко ; пер. с англ. Ларисы Царук, Сергея Комарова. – 4-е изд. – М. : Манн, Иванов и Фербер, 2018. – 416 с.

РОЛЬ А. БУКЕЙХАНОВА В СТАНОВЛЕНИИ КАЗАХСТАНА

БАТТАЛОВ А. Б.
магистр права, СОШ 27, г. Павлодар

Осмысление проблем истории Казахстана первых двух десятилетий 20 века является одним из актуальнейших, сложнейших и во многом противоречивых вопросов современной исторической науки. Начало прошлого века в истории казахов занимает особое место. Широкое рассмотрение вопросов истории народа тесно связано с элитой, формировавшейся в конце 19 - начале 20 веков, интеллигенцией, представляющей собой «неоднородный пласт» как по происхождению, так и по взглядам на пути развития казахского народа. Стремление царизма подавить все зачатки казахской самобытности, прослеживающееся на протяжении всех лет с момента воссоединения Казахского ханства с Российской империей, попытки искусственной замены культуры, идеологии, традиций приводят к большому упадку духа казахского народа. К тому же предпринимаются различные пути колонизации степняков: казачья экспансия, переселение крестьян. Одной из главных целей

колониальной политики было стремление расколоть общество на разрозненные группы. Но казахская интеллигенция, получившая блестящее образование и понимающая все тягостные последствия политики, проводимой в степи царизмом, стремится к освобождению и активно включается в борьбу с несправедливостью властей [1, с.52].

Алихан Нурмухамедович Букейханов – видный общественный и государственный деятель, организатор и лидер национально-демократической партии «Алаш», глава первого казахского правительства Алаш-Орда, учёный-энциклопедист, основоположник казахского краеведения, талантливый публицист. Алихан Букейханов всю свою сознательную жизнь посвятил борьбе за свободу и политическую самостоятельность казахского народа.

Алихан Нурмухамедович Букейханов родился в 1866 году (ныне Каркаралинский район, Карагандинской области). Окончил Омское техническое училище (1888), экономический факультет Санкт-Петербургского лесотехнического института (1894). Обучаясь в Омске и Санкт-Петербурге, Алихан Букейханов был знаком с русскими учеными такими как Г. Потанин, академики Ф. Щербина, С. Швецов, Бартольд и Радлов. Будучи студентом, А. Букейханов, наряду с блестящим освоением основных предметов, изучает западную философию, русскую классическую литературу и юриспруденцию. Он перевел на казахский язык и дал комментарии к философским изречениям Льва Толстого, которого он называл «последним из пророков», а также состоял в переписке с В. Короленко. Букейханов принимал участие в экспедиции Ф.А. Щербина, которая в 1904 году исследовала особенности природы и экономики северо-восточных и центральных областей Казахстана и Сибири и подготовила материалы к широкому переселению русских крестьян на земли казахов.

Оживление политической жизни в Казахстане начавшаяся в 1905 году связано с первой Российской революции. В 1905 году Алихан Букейханов вступил в конституционно-демократическую партию России (кадеты), провел собрание в Уральске и Семипалатинске с целью организации казахского отделения партии кадетов. Кадетами признавалась культурная автономия, а не государственное самоопределение нации. Главной целью лидеров казахской элиты было создание автономной казахской государственности в составе России.

В 1905 году принял активное участие в массовом антиколониальном выступлении в Каркаралинске, и был одним из составителей петиции, в которой выдвигались политические требования. Букейханов

был избран депутатом в Первую Государственную Российскую думу по Семипалатинскому округу, участвовал в составлении документа, названного «Выборгским манифестом», осуждающим роспуск Государственной Думы. За активную деятельность против колониальной политики царизма Алихан Буке ханов сидел в тюрьмах Семипалатинска и Павлодара.

В 1907 году выходит царский манифест, «дарующий» народам России относительную политическую свободу. Это событие в России внесло свои коррективы и в деятельность казахской интеллигенции, она энергично берется за создание своих печатных изданий. Так первым изданием становится журнал «Айкап», который печатался на казахском языке (на основе арабской графики). Данное издание освещало все стороны жизни казахского народа. Авторы, собравшиеся вокруг журнала, представляли прогрессивную казахскую интеллигенцию. Важное место на страницах журнала занимало обсуждение аграрного вопроса, авторы пытались донести до сознания рядовых членов казахского общества те законы, на основании которых отчуждались исконно казахские земли, разъясняя при этом цели и планы царизма, предупреждая о том, что отчуждение излишков – только начало жесткой политики Российской империи. А. Букейханов также работал в кадетских газетах «Иртыш», «Омич», «Голос» в качестве редактора.

После роспуска Первой Государственной Думы, лишенный возможности привлечь внимание к проблемам казахского народа, он пытается сделать это через российскую печать. В «Сибирских вопросах» появляются его статьи «Переселенческие наделы в Акмолинской области», «Русские поселения в глубине Степного края», «Отчуждение киргизских орошаемых пашен», которые убедительно доказывают, что традиционная форма хозяйствования казахов – кочевое скотоводство – не прихоть казахов, не дань «природной лени», а единственная возможность выжить в условиях сурового и засушливого климата. Также Букейханов раскрывает факты искажений результатов исследования хозяйств о невозможности обработки земли обычными экстенсивными методами, убеждает, что переселение – бедствие не только для казахов, лишившихся пастбищ, зимовок, водопоев, но и для самих переселенцев. А. Букейханов разоблачил лживые призывы царского правительства «облагородить степь» как не имеющие оснований и несущие только бедствие народам степи. В 1905-1913 годы его политические взгляды окончательно оформились и получили

отражение в русской периодике, он публикует ряд научных статей в «Новом энциклопедическом словаре», в сборнике «Формы национального движения в современных государствах». Большим шагом в стремлении разбудить национальное самосознание казахов и в организации просветительской деятельности стало издание первой газеты «Казах», где приняли участие А. Букейханов, А. Байтурсынов, Х. Досмухамедов, М. Дулатов и другие. Это ярко демонстрирует пробуждение прогрессивной демократической и патриотической казахской интеллигенции в начале XX века. Алихан Букейханов под псевдонимом «Кыр баласы» – «Сын степей», «Степняк» печатал такие статьи, как «Дума и казахи», «Думские партии». В 1916 году Букейханов озвучил идею земства как органа местного самоуправления, существующего во взаимодействии с центральной властью – один из главных элементов его политической программы.

Февральскую революцию казахская элита встретила с одобрением и пониманием, так как народ освободился от гнета и насилия царизма. Свержение царского режима и демократизации общественно-политической жизни в стране, казахская интеллигенция решили создать свою политическую партию. В июле 1917 года на Всеказахском съезде в Оренбурге была образована партия «Алаш». Эта была первая политическая партия в истории казахского народа. Вскоре был разработан проект программы партии, состоящий из 10 разделов. Основной целью программы было создание казахской автономии в составе Российской федеративной демократической республики [2, с.256].

Но после съезда, пути А. Букейханова и партии кадетов разошлись по основным вопросам это - предоставление автономии казахскому народу, о взаимоотношении государства и церкви, также несогласие кадетов сохранить частную собственность на землю и по ряду других принципиальных вопросов. Свое кредо Алихан Нурмухамедович изложил в статье «Почему я вышел из партии кадетов», выразив свою точку зрения одной лишь фразой, что он против «сохранения империи при существующих границах». В декабре 1917 года по инициативе А. Букейханова на Всеказахском учредительном курултае была провозглашена «Алаш-Орда» из 25 кандидатур, 10 из которых отводились представителям других народов т.е. автономия казахов, имеющая единую территорию, историю, культуру и язык, гарантирующая права национальных меньшинств и пропорциональное представительство во всех учреждениях автономии. Съезд решил, что в состав автономии должны войти: Букеевская Орда, Уральская,

Тургайская, Акмолинская, Семипалатинская. Сырдарьинские области и районы Закаспийской области и Алтайской губернии, населенные казахами и поручил Алаш-Орде «немедленно взять в свои руки всю исполнительную власть над казахским населением». Деятельность молодой автономии проходила в сложных условиях, но все же работа велась активно.

За 1918 год правительство Алаш издает ряд распоряжений, регулирующих основы землепользования, ведет переписку с другими автономиями. Находясь в эпицентре гражданской войны, отряды Алаш-Орды принимают участие в боевых операциях против большевиков, но большевики все же приходят к власти. Начинается переговоры между руководством советов и партией «Алаш». Итогом этих переговоров стало обещание материальной помощи на культурные нужды будущей автономии, установление мира. Позднее активисты «Алаша» начали подвергаться репрессиям, при этом обе стороны не доверяли друг другу, так как Советы хотели с помощью лидеров и активистов партии «Алаш», усилить свое влияние среди казахского населения. В марте 1920 года Алаш-Орда была окончательно ликвидирована, но ее члены подвергались гонениям и репрессиям еще многие годы. Несмотря на недолгое существование, движение Алаш оказало огромное влияние на историю Казахстана. Именно лидерами этой партии, еще в начале века, была выдвинута идея о создании независимого суверенного Казахстана. Многие члены движения были не только правозащитниками и политическими деятелями, но и крупными просветителями.

Алихан Букейханов оставил очень богатое, бесценное наследие. Одна лишь его публицистика насчитывает более тысячи статей, очерков и заметок, опубликованных в более чем 50 газетах и журналах, ряд фундаментальных научных трудов, очерков по истории Казахстана, антропологии, земледелию, животноводству, литературе и другим отраслям знаний до и после Октябрьского переворота. В последние годы увидели свет многие научные исследования и публицистические статьи Алихана Букейхана, долгие годы, бывшие под запретом. По свидетельству ученых Оксфордского университета, занимающихся исследованием жизни и деятельности Букейхана, он «...играл ведущую роль в своих исследованиях в развитии литературы и казахской прессы». (Общество по изучению Средней Азии. «Казахи о русских» – Оксфорд, Англия, 1985 [3, с.47].

Судьба казахской интеллигенции тех лет отразилась и в биографии А. Букейханова. Трижды осужденный царским режимом за политическую деятельность, подвергнутый ссылке за пределы Казахстана, он и в советское время неоднократно арестовывается правоохранительными органами, а Алаш» был общим именем для древних родов казахов, которые впоследствии получили этноним «Казах».

Выдающийся деятель национально-освободительного движения казахского народа начала XX века Алихан Букейханов придавал исключительное значение прессе в разъяснении целей и задач патриотически настроенной интеллигенции в социально-экономическом и культурном возрождении Казахстана. Он стал идеологом первой национальной газеты «Казах» (1913–1918 годы) и в публицистике отстаивал коренные интересы своего народа. Казахский публицист бескомпромиссно и страстно боролся за право культурного и политического самоопределения родного народа, но как социал-демократ по убеждениям увязывал вопросы национального освобождения с запросами русской революции. Блестяще и разносторонне образованный, по масштабу своего научного дарования он стоял вровень с современной ему русской социологической и экономической мыслью.

Средоточием всех болевых вопросов Букейханов признает земельный, на который он и ищет ответ. Его статья строится как аналитический комментарий к перипетиям острого диалога власти с обделенными землей представителями коренного населения. На основе обширного дополнительного статистического материала развенчивается фарисейская суть «готовности» губернатора Надарова и его чиновников послужить идеалам равенства и справедливости. Автор указывает на произвол, чинимый казенными землемерами, которые размежевывают ценные для скотоводства земли, оставляя казахам камни, пески, солонцы. Он убежден, что многие примеры отчуждения водных земель от казахов, тогда как ими и пользоваться больше некому, имеют подоплекой желание взять с них ренту. И приходит к выводу, что сама форма организации поселений ориентирована на сверхэксплуатацию и так ограниченных ресурсов местного населения. Алихан Букейханов анализирует последствия притеснений коренного населения Степного края, чинимых царской администрацией в угоду разрядки напряжения в аграрном секторе Европейской части России, показывает всю

меру социальной опасности разрушения веками складывавшегося хозяйственного уклада жизни.

Системность кочевого хозяйства разваливается, когда аулы отрезаются от естественных водоемов для скота пашнями переселенцев, когда лучшие сенокосные угодья целых родов прирезаются к наделам поселян и выкашиваются. Автор приводит многочисленные доказательства ухудшения положения кочевых хозяйств, согнанных с берегов озер и обосновавших свои зимовки на берегах малых рек, плохо пригодных к этому сезону хозяйствования, и заключает: «...какой смысл имеют абсолютные числа десятин Киргизской земли, где можно согнать киргиз с их усадьбы, отобрать их пашни, покосы и водные источники, без которых летние и осенние пастбища не могут быть использованы, обречь киргизское хозяйство на верное разорение, а народ в нищету, – и что в результате?» [4, с.89].

Публицист проводит в своих очерках мысль о необходимости законодательного регулирования землепользования в Степном крае с учетом естественных жизненных интересов казахского народа. В исторической перспективе экономический облик Казахстана видится ему как преимущественная сельскохозяйственная специализация на основе оседлости. Приверженец идеи национального самоопределения как конечной цели буржуазно-демократической революции, А. Букейханов прозорливо видел значение правового регулирования фактического сосуществования двух типов хозяйствования на казахской земле – традиционного полукочевого и новосформировавшегося хуторского. Эта мысль проводится им в статье 1917 года «Общесибирский съезд»: «...если казахская нация образует автономию, то русских, живущих среди нас, заберем с собой». Таким образом, публицистическое наследие Алихана Букейханова продолжает активно влиять на процесс этнокультурной идентификации народа Казахстана.

ЛИТЕРАТУРА

1. Сеитов Э. А. Букейханов как историк и общественно-политический деятель: автореферат диссерт. на соискание ученой степени канд. полит. наук. - Алматы, 1996. – 96 с.
2. Букейханов А. Формы национального движения в современных государствах: - Питер: СПб, 1980. – 599 с.
3. Мамраева А. К. Общественно-политическое развитие Казахстана начала XX века и А. Букейханов. – Алматы: Олке, 1998. – 87 с.

4. Мамраева А. К. Общественно-политическая деятельность и политико-правовые взгляды А. Букейханова. – Караганда: Болашақ-Баспа, 1998. –214 с.

КАЗАХСКОЕ УСТНОЕ НАРОДНОЕ ТВОРЧЕСТВО КАК ИСТОРИЧЕСКИЙ ИСТОЧНИК

БЕКИШЕВА В. Б.

магистрант, группа МИШ – 22, Павлодарский педагогический университет
имени Ә. Марғұлан, г. Павлодар

АБДРАХМАНОВ Б. Н

к.и.н., ассоц. профессор, Павлодарский педагогический университет
имени Ә. Марғұлан, г. Павлодар

В условиях современного независимого Казахстана особенно стало актуальным изучение своей национальной истории, и здесь большую роль приобретает устное народное творчество казахов – как один из исторических источников.

Казахское устное народное творчество очень богато и разнообразно. Именно в современных реалиях нашего казахстанского общества важно обратить внимание на данное направление – как устное народное творчество. Здесь мы можем видеть, такие аспекты в менталитете сегодняшних современных казахов – интерпретировать себя как принадлежность к государству – т.е. идет самоидентификация, понятие и осознание того, что изучение своей национальной истории это также важно и нужно, идет динамичное развитие этнической и этнокультурной истории, т.е. национальное самосознание опирается на национальную историю своего народа.

баяндап өткеніміздей Патшалы Ресей заманынан бастап славян текті халықтар мен өзге де ұлт өкілдері Қазақ жеріне жаппай қоңыс аударуы, халықтардың Сталиндік депортациясы, Хрущевтің тың және тынайған жерлерді игеру науқаны кезінде сырттан көптеген ұлттардың қоңыс аударып келуі әсер етті. Бұл кезеңде қазақ ұлты өз жерінде тұрып, ұлттық азшылыққа айналды. Қоғамдық қатынас, іс-қағаздарын жүргізуде орыс тілі ресми қарым-қатынас тіліне айналды. Осыған байланысты қоғамдық және ұлтаралық қатынаста орыс тілділердің мерейі үстем болды. Қазақ ұлтының өкілі өз жерінде тұрып, өзінің ана тілінде өзін тұлға ретінде жүзеге асыра алмайтын, құқығын қорғай алмайтын жағдайға жетті. Ұлтаралық қатынаста түйіткілді мәселелер интернационалдық принциптер негізінде байырғы автохтонды ұлт – Қазақ ұлтының ұлттық мүдесіне нұсқан келтіре отырып шешілді. Республика аумағында қазақ тіліндегі мектептердің саны орыс тілді және аралас мектептердің санынан аз болды. Мәселен тәуелсіздігімізді алатын жылдың қарсаңындағы мәліметтер бойынша республикадағы жалпы орта білім беретін мектептердің саны 8230 болған. Олардың ішінде 2798 қазақ тілінде, 3570 орыс тілінде, қалған 87 мектеп тәжік, өзбек, ұйғыр тілінде тәрбие және білім берген. Зер салып қарасаныздар 1991 жылдары республикадағы қазақ ұлты өкілдерінің саны бұған дейін басым болып келген орыс этносы санымен теңесіп, басымдық алып аса бастаған түс. Осы кездің өзінде қазақ мектептерінің саны қысқарып, орыс тілді мектептерден аз болды. Шынтауытында қазақ тілді мектептердің саны жалпы республика аумағындағы мектептердің 3/1-ін де құраған жоқ. Себебі, аралас тілді мектептер дегеніміз іс жүзінде орыс тілі басымдық берілген білім ошақтары болатын, яғни шапаның теріс айналырып кигізген орыс тілді мектептер еді. Аралас мектептер рухани отарлаудың құралы болғандығын ғалым Мекемтас Мырзахметов ағамыз өзінің еңбектерінде зерттеп, зиянды қыр-сырын ашып, ұлттығымызға қатерлі екенін тарихи дәлелмен ғылыми негіздеп жазды. «Түземдіктердің мектебі» деп аталатын аралас мектептердің бастауында Патшалы Ресей мемлекеті тұсындағы миссионерлер Ильминский, Алекторов, Остроумовтар тұрды. Олар қазақты орыстандырудың кілті – аралас мектепте деп қараған. Сондай-ақ 1991 жылғы мектепке дейінгі ұйымдардың статистикасына назар аударатын болсақ, республика аумағында 8743 бала-бақшалар жұмыс істеген. Олардың 6995 орыс тілді, ал 1748 қазақ тілді бала-бақшалар болған, яғни 75 %-дан астамы орыс тілді мектепке дейінгі ұйымдар болды [4, 128-136 б.].

Өнер мен білім мәдениет ошақтары болып табылатын үлкен қалаларда интернационалдық принциппен халықтардың этностық белгілеріне қарай жасырын лимиттер белгіленді. Қалаға қоңыс аударуды қалаған қазақ ұлты өкілдерін қалаға тіркеуге алмай, қоңыс аударуға мүмкіндік бермеді. Мәдениет пен өркениеттің ошағы деп танылған Алматы қаласының өзінде жалғыз бір ғана қазақ тілді мектеп болды. Қалардағы қазақ ұлты өкілдерінің саны аз болды, қазақтар негізінен ауылды жерлерде өмір сүрді. Ауылды жерлерде мектеп бітірген түлектерге бірден жоғары оқу орынына түсуіне мүмкіндік бермей, коммунистік құрлысты құруға ат салысулары үшін бір-екі жыл шопандарға көмекші қылып жіберілді. Бір жылға ауылда қалған қыз балалар көбінесе тұрмыс құрып сол жерде қалатын. Ер балалар жарқын коммунизмді құруға өз үлестерін қосқаннан кейін әскери борыштарын өтеуге Кеңес армиясына баратын. Армиядан кейін көбінесе жоғарғы оқу орынына түсу мәселесінің өзектілігі көмескі тартып, әрі қарай ауыл тіршілігіне араласып кете беретін. Тұрмыстық шовинизм өркендеп, қоғамдық орындар мен көшелерде қазақ тілінде сөйлескен адамдарға славян текті халықтардың таратыптан түсініксіз тілде сөйлесулерін доғарып, орыс тілінде сөйлесулерін талап еткен ескертулер жасалды. Жаңа дүниеге келген қазақ сәбилеріне қазақша есімнің орнына айтуға оңай деп орысша қойған екен [5, 6].

КСРО құрамында болған ҚазКСР-дағы ұлт мәселесінің жалпы жағдайы осындай болды. Бейнелеп айтсақ, орыс тілі жоғары арбитр қызметінде болып, этнос аралық қарым-қатынастың құралы саналды. Орыс тілін тұтынушалардың құқығы айрықша қорғалып, қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қабылданды. Соған орай барлық артықшылықтарды пайдалануына жол ашылды. Осы жердің түпкілікті байырғы тұрғындары – қазақтар демографиялық ес жиып, этностық басымдыққа шыға бастауына қарамастан ана тілі тұрмыстық деңгейден аспайтын этнос ішіндегі қарым-қатынас құралына айналды. Ұлттық мүдде интернационалдық принцип деген желеумен шектеліп, орыс шовинизмі кең етек жайды. Этностардың ұлттық кімдігін (идентификация) айқындауға жол берілмей, «Совет адамы» деген түсінік сырттан идеологиямен танылды. Этностар арасындағы кез келген мәселе қазақ ұлтының мүддесін шектеу есебінен шешілді. Қазақ ұлты өкілдері санасында интернационалдық принциптермен тапталған бойкүйездік, көнбістік стереотипі қалыптасты. Бұл халықтар достығының, ынтымақтастығының, татулығының жарқын көрінісі, эталоны деп насихатталды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Молдахмет М. СССР –дің күйреуі: қазаққа ұлт ретінде тигізген пайдасы мен зияны./ Молдахмет М. // Ақиқат, №8, 2013, 29-30 б б.

2 Айталы А. Одақты күйреткен мәскеулік шовинистік партия және мемлекеттік аппарат пен ұлттардың еркіндікке ұмтылысы./ Айталы А. //Ақиқат, №8, 2013,36 б б.

3 М.Х. Асылбек. Қазақстан Кеңес өкіметі орнағаннан екінші дүниежүзілік соғыс жылдарынан кейінге дейін (1917-1953 жж.).

4 Алдажұманов Қ.С., Асылбеков М.Х., Әбілғожин Ж.Б., Байпаков К.М. Қазақстан тарихы. / 4 том. Алматы «Атамұра» 2010, 764 б.

5 <https://kk.wikipedia.org/wiki>

6 <https://abai.kz/post/149343>

РОЛЬ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ ИСТОРИИ

КАЛИЕВ Д. С.

учитель истории, СОШ имени Т. Бигельдинова,
Актогайский район, Павлодарская область

Для успешной конкуренции на мировой арене страны нуждаются в подготовке высококвалифицированных кадров, которые смогут использовать свои знания и навыки для развития экономики страны. Человеческий капитал рассматривается как основной фактор экономического роста в связи с отходом многих стран от сырьевой направленности экономики, трудоемкого производства и стимулирования развития инноваций и технологий. Поэтому особый упор делается на развитии и повышении качества высшего образования, которое направлено на формирование востребованных кадров в соответствие с новыми реалиями [1, с. 203].

Среди дисциплин гуманитарного цикла модульных образовательных программ специальности, историческая наука занимает особое место, так как играет важную роль в процессе становления человека и развития критического мышления личности в обществе. Однако для выполнения требований, выдвигаемых в образовательных стандартах, необходимы новые, отличные от традиционных, технологии и методы, обеспечивающие освоение и практическое применение в профессиональной деятельности, то

есть применять полученные теоретические знания и практические навыки в педагогической, научно-исследовательской деятельности. К сожалению, проблема овладения современными педагогическими технологиями до сих пор не нашла должного внимания и отражения.

Отличительными признаками современных образовательных технологий являются изменение характера деятельности и взаимодействия субъектов образовательного процесса, смена приоритетов - от трансляции знаний к созданию условий для более полной реализации личностного потенциала и проявления субъектных свойств в учебно-познавательной, информационно-поисковой, научно-исследовательской, учебно-профессиональной или контрольно-оценочной деятельности.

Формирование социальных и профессионально значимых качеств личности требует внедрения информационно-коммуникативных технологий обучения, способствующих инновационному развитию учебного заведения. Целью современного образования является формирование личности, которая способна на основе полученных глубоких знаний, профессиональных компетенций и умений свободно ориентироваться, самореализоваться, саморазвиваться и самостоятельно принимать правильные решения в условиях быстроразвивающегося производства [2, с.135].

Сущность внедрения информационно-коммуникационных технологий состоит в следующем: учебный процесс организуется таким образом, чтобы фактически все учащиеся оказывались вовлеченными в процесс изучения. При этом они имеют возможность осознавать и рефлексировать по причине того, что они знают и думают.

Внедрение интерактивных технологий на уроках истории имеет ряд преимуществ:

1. Знакомство с историческими событиями можно сопровождать показом видеофрагментов, фотографий
2. Широко использовать показ репродукций картин художников
3. Демонстрировать графический материал (таблицы, схемы)
4. «Оживлять карты»
5. Активизировать учебный процесс и т.д. [3, с.88–89].

Информационные технологии студенты используют широко при самостоятельной работе по поиску, осознанию, переработке и использованию информации, таких как, презентации, создание сайтов, видеороликов и т.п. Используемая мультимедийность создает психологические условия, способствующие лучшему

восприятию и запоминанию учебного материала с включением подсознательных реакций обучающихся [4, с.125].

Например, студенты на практических занятиях по историческим дисциплинам презентуют свои работы. Это вид самостоятельной работы студентов по созданию наглядных информационных пособий, выполненных с помощью мультимедийной компьютерной программы Power Point. Этот вид работы требует координации навыков студента по сбору, систематизации, переработке информации, оформления ее в виде подборки материалов, кратко отражающих основные вопросы изучаемой темы, в электронном виде.

В конце семестра обучающиеся по изученным дисциплинам сдают творческий экзамен – защита проекта или написание статьи. Некоторые студенты уже с первых дней задумываются над написанием статьи по изученным и интересным для них темам дисциплины. Например, студенты Қайрат Б., Зейнолаев Д. по дисциплине «Қазақстанның отаршылдық кезеңінің тарихы», опубликовали статью «Елдің тәуелсіздігін сақтау» [5]. Кубеева Л. изучив дисциплину «Современная история стран Европы и Америки» опубликовала статью «Неофашизм как угроза человечности» в Сатпаевских чтениях в 2021 году и заняла 2 место [6].

В ходе изучения многих исторических дисциплины у обучающихся развиваются навыки научно-исследовательской деятельности; студенты приобщаются к научным знаниям, проявляется готовность и способность студентов к проведению научно-исследовательских и экспериментальных работ. Научно-исследовательская работа – позволяет студентам самим искать и анализировать различную информацию, делать выводы и искать пути их решения.

Вместе с тем информационные технологии применяются в воспитательной работе при проведении различных конкурсов, брейн-рингов, в профориентации и других мероприятиях.

Выбор конкретной педагогической технологии и методов обучения определяется целью формирования творческого потенциала личности, развития у выпускников креативных качеств таких как: эмоциональность, воображение, оригинальность, критичность мышления, способность анализировать и оценивать явления, способность к самостоятельной исследовательской поисковой работе [7].

Таким образом, современный преподаватель должен обладать большим жизненным опытом, научными знаниями, быть

инициативной и творческой личностью. Это необходимо чтобы выработать достаточно высокую компетентность в передаче знаний студентам и применение полученных знаний к жизни в комплексе. Тогда мы способны решить многие проблемы. Использование технологий позволяет обучающимся развить навыки межличностного взаимодействия, приобретенные в других видах деятельности, умение и способность к продуктивной деятельности, общий уровень психического развития. Учащиеся свободно оперируют знаниями, лучше усваивают причинно-следственные, хронологические и другие связи. Разнообразие форм и методов организации урока повышает интерес учащихся к предмету, формирует их историческое сознание.

ЛИТЕРАТУРА

1 Ельмуратова Б.Ж., Кулумбаева М.Ж., Аубакиров М.Н. Аналитическая работа обучающихся (из опыта работы) // Материалы Международной научно-практической конференции «Перспективы развития высшего образования в Республике Казахстан», посвящённой 30-летию Независимости Республики Казахстан, Павлодар, 2021, С.203-206.

2 Семенец Н.И., Шульгина О.В. Применение информационных технологий российскими педагогами в образовательном пространстве // Материалы VIII международной научно-практической конференции: «Россия и Европа: связь культуры и экономики». – Прага, Чехия, 28 февраля 2014 г. , С.134-137.

3 Маркова Л.В. Использование информационно-коммуникационных технологий на уроках истории // Инновационная Наука №1, 2020, С. 87-89.

4 Ганиева Г.Р. Активизация творческого потенциала учащихся на уроках с использованием информационных технологий // Материалы IX международной научно-практической конференции «Образование: традиции и инновации», Прага, Чешская республика, 8 октября 2015 г., С.125-127.

5 Қайрат Б., Зейнолаев Д., Ельмуратова Б.Ж. Қазақ елінің тәуелсіздігін сақтау тарихынан Өлкетану, - Кереку, Павлодар, № 3-4, 2018, С.44-49.

6 Кубеева Л., Ельмуратова Б.Ж. Неофашизм как угроза человечности // Материалы международной научной конференции молодых ученых, магистрантов, студентов и школьников XXI Сатпаевские чтения Т.8 – Павлодар, 2021, С.186-193.

7 Методика личностно-ориентированного обучения. Как обучать всех по-разному?: пособие для учителя / А.В.Хуторской. – М.:Изд-во ВЛАДОС-ПРЕСС, 2005.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕК ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ЖАҢҒЫРТУШЫ

КАРИМОВ Қ. С.

PhD докторант, Қожа Ахмет Яссауи атындағы
Халықаралық Қазақ-Түрік Университеті, Түркістан қ.

НАЙМАНБАЕВ Б. Р.

т.ғ.к., доцент, Ө. Жәнібеков атындағы

Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ.

Өзбекәлі Жәнібеков болмысынан адалдық пен тазалықты жаны сүйетін ерекше жан. Қай нәрсені болса да бүкпей, жалтартпай бетке айтатын турашыл тұлға. Өз заманының қайталанбас заңғары. Ө.Жәнібековтің аты-жөні 1960 жылдардың аяғында «Лениншіл жас» газеттерінің беттерінен мақалаларын, комсомолдық есепті баяндамаларын көріп есімде қалыпты. 1974 ж. КазГУ-дың тарих факультетін бітіріп Мәдениет министрлігіне қарасты тарихи-сәулет ескерткіштерін зерттеу және реставрациялау мекемесіне жолдамамен барып жұмысқа орналастым. Бір күні бас архитектор Алмас Ордабаев өзінің ЦК-ның бөлім меңгерушісі Өзбекәлі Жәнібековпен бірге оңтүстік облыстарды аралап Арыстанбаб, Қожа Ахмет Яссауи, Айша Биби, Бабаджа қатын т.б. ескерткіштерін көрген сапарында сәулет мұраларының тарихын терең білетін, өзі фотоға түсіріп, туристік маршруттарға қалай қосуға болатынын мамандармен ақылдасқан, мұндай шенеунікті алғаш көргенім деп аузының суы құрығанша таңқалып айтып отырды. 1977 жылы Өзекен Мәдениет министрінің орынбасары болып қызметке келді, бірінші жұмысын Мәдениет министрлігінен республикадағы музейлерді қадағалап отыратын төрт инспекторы бар музейлер бөлімін ашты, бұрын бүкіл республикаға жалғыз инспектор болатын. Қожа Ахмет Яссауи сәулет кешеніне бұрын-соңды болмаған ғылыми зерттеу ізденіс, жөндеу реставрация жұмыстары басталды. Алдымен ғимараттың дәлізінде бір жерге үйіліп қалған құлпытастарды алып, аты-жөндерін арабистер оқыған соң, жуып-тазалап, сынған-кетілген жерлерін реставрациялап көрнекті орындарға қойылды. Келушілер тұңғыш рет Абылай ханның, Қаз дауысты Қазыбек бидің,

Жолбарыс ханның т.б. тарихи қайраткерлердің қабіртастарын көріп тамашалауға мүмкіншілік жасалды. Кітапханада сақталған 30-ға жуық ескі кітаптар мен қолжазбаларды мамандар оқып экспозицияға қойылды. Ахмет Яссауидің қабіртасын жапқан кілемді, Орталық музей қорынан алып, Алматы кілем тоқу фабрикасында қалпына келтіруге немесе қайтадан тура сондай кілем тоқуға келісім жасалды.

Бастығымыз қазақ деген аты болмаса, күйеуі орыс, орысшылдығы басым, бір күні мені жұмыстан шығарам дегенімен қоймай, орныма фотограф болып істеп жүрген орыс жігітін алмақшы болды. Шақырды, бардым, бәлен де түген, сен бізде істеуге мамандығың келмейді дегенде Тельман Оразбаев деген бас инженер жандайшаптанып реставрация бұл кісінің жекеменшік мекемесі емес қой, мемлекеттік, сондықтан сен түсінуің керек дей бергенде мен сен дұрыс айтып отырсың бұл мемлекеттің қарауындағы кәсіпорын деп, ал сендер жеке меншік қылып алып, мені жұмыстан босатпақсындар дедім. Содан бір күні бухгалтерияның бір қағазын маған әкелгенде, қол қоймай бірге істейтін Марат Сембинмен ақылдасып ол кісі сен тура Ө. Жәнібековке бар, арызды қазақша қолмен түсінікті етіп жаз да бүгіннен қалдырма деді. Бардым Өзекен үндемей арызымды оқып шықты да фотограф деген сөздің астын сызып Светлана Пенькова деген инспектор бар еді, соны шақырып алып бүгіннен бастап осы іспен шұғылдан! Тезірек қорытындысын айт деп тоқ еткізді. Сен жұмысыңды істей бер – дегенде мен қуанып кеттім. Бізде істеп жатқан орыстар қазақтың тарихынан, мәдениетінен хабары жоқ, сондықтан не істеп жатқандарын өздері білмейді – дедім Өзбекәлі Жәнібековке. Алдымен бүкіл Қазақстан бойынша тарихи-сәулет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін жасау керек, мынадай маңызды ескерткіштер бар деп айта бастап едім, ақырын жымыды да: жеке ісінді утресить етіп алайық, содан кейін кел деді. Бір апта өткен соң барып рақметімді айтып ем былай деді: Бүкіл Қазақстан бойынша тарихи-архитектуралық, археологиялық ескерткіштерге қорғау және мемориалдық тақталар қоямыз, Казреставрацияда күйо цехын құрдық, үш жұмысшы дюралюминиден көлемі 80*80 (см) тақтарларды құяды, сен солардың қазақша-орысша текстерін жазып әкеп тұрасың аптасына жұма күндері маған келесің, мен «Бекітемін» деген қолымды қоямын, жұмыс қарқынды болу үшін айына қанша тақтаның текстің дайындауды «Казреставрацияның» жоспарлау бөлімінен білесің деді. Сөйтіп мен аптасына бір рет Өзбекәлінің қабылдауына кіріп тұратын болдым.

1980 жылы қаңтар айында Ө. Жәнібековке бір кіргенімде Қызылжарда Абылайханның сарайы болғандығын ол жайында кезінде Есмағамбет Ысмаиловтың, Сәбит Мұқановтың кітаптарында бар екенін оған қосымша М. Әуезов атындағы институттың қолжазбалар қорынан өзім тапқан Абылайхан туралы жырда хан сарайы туралы төрт шумақ жолды және өзімнің университеттегі ұстазым доцент Байтұрсын Дәрішевтен (ол кісі Көкшетаудың тумасы болатын) Көкшетауда Бурабайда – Абылай алаңы бар, кәзір Ясная поляна деп аталады – деген сөздерін естігенімді айттым, соңында бұл ескерткіштерді дайындалып жатқан тізімге кіргізу қажеттігін ол үшін, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау облыстық мәдениет басқармаларына сіздің атыңыздан хат жазайық деп ұсыныс жасадым. Өзекен мұқият тындап алдыда хаз жазып не керек – хат жазатын Москва ма, Ленинградпа, Парижбе? Өзің барып көрмейсіңбе, бір аптадан он күн арасында командировкаға, барасың нәтижесін маған айтасың – деп тоқ еткізді. Әлбетте Ө. Жәнібеков көп сөзді, әсіресе, жастардың көп сөзділігін жақтырмайтын істі сол мезетте шешіп тастайтын, істің байыбына бармайтын, сөз ұқпайтын адамдарға дауыс көтеріп ұрсып жіберетіні де бар еді. Алдымен Қызылжарға барып Абылайдың сарайын анықтадым, ғимарат әскери бөлімшенің госпиталі болғандықтан, сыртынан фотоға түсіруге рұқсат алып түсірдім, БТИ-ден планын алдым, жолшыбай Бурабайға соғып Абылай алаңы туралы ауызша материалдар жинадым. (Ясная поляна) туралы көнекөз қариялардың көпшілігі білетін болып шықты. Кейін бұл ескерткіштер туралы мақалаларымда келтірдім [3, 3 б.]. Абылай хан сарайы менің ұсынысыммен мемлекеттік тізімге кірді [1, 112 б.]. Қазір Абылай алаңында үлкен ескерткіш орнатылды, әрине бұл тәуелсіздіктің жемісі, егемендіктің баянды болуының белгісі. Кезінде бұл қасиетті жер туралы алғашқылардың бірі болып, бізде өз ойымызды жазғанбыз. «... Қазақстандағы әр жердің, таудың, судың, төбенің өз тарихы бар. Жерге ат қоюға қазақтан шебер халық жоқ шығар, сірә! Жердің ғасырлар бойы халықпен бірге жасасып, өміріне куә болған тарихи аттарын сақтау бүгінгі күні маңызын жоғалтқан жоқ. Үкіметіміздің шешімі бойынша, бұрын жер, қала, көше аттарын атаудағы қателіктердің беті ашылып, көп атаулар бұрынғы қалпына келтірілуде. «Ясная Поляна» атты жердің планетада бір – ақ жерде бар екенін, оның әрбір парасатты адамның жүрегіне жақын естілетін Л. Н. Толстойдың музей – усадьбасы екенін бүкіл әлем жұртшылығы біледі. Сөйте тұра Бурабайдағы «Абылай алаңын» «Ясная поляна» деп атап жүрміз. Халқымыздың тарихындағы белді оқиға – Абылайханның

үш жүздің басын қосып үлкен мәселелерді шешкен жерді халық өз ықтиярымен тарихи қайраткерге құрмет етіп «Абылай алаңы» деп атаған. Қазір бұл жер «Бурабай курортының» картасында, Көкшетау облысының жер-су атауларында «Ясная поляна» деп жазылып кеткен, ендігі жерде осы жердің көне атауын қалпына келтірген жөн...» деп Жұлдыз журналындағы мақаламда жарияладым [4, 9 б.]. Ал, хан сарайын қалпына келтіру қажеттігін тиісті орындардың назарын аудару мақсатымен бұл мәселеге қайта оралғанбыз: «... Қазіргі таңда елімізде реставрация жұмыстарын күтіп тұрған бірнеше объекті бар. Қызылжар қаласындағы Абылай хан сарайы – Абылай ханның есімімен тікелей байланысты тарихи ғимарат. Кезінде бұл сарай туралы Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Сәбит Мұқанов, Есмағамбет Ысмайылов жазған – ды. 1980 жылдары Өзбекәлі Жәнібеков әрекет жасаған еді, сарайды қалпына келтіруге құрылыс әскерилердің қолында болғандықтан, жоспары іске аспай қалды.

Сарай тарихи документтерде кездеседі. Мысалы, Қызылжар облыстық музейінде сақтаулы тұрған, көшіп – қонып жүргенде қолданылған хан орындығы кезінде осы сарайдан алынған деп айтылады. Тақты қытай шеберлері жасаған дейді, мүмкін Қытаймен дипломатиялық қарым – қатынастарда ханға сыйға тартылған шығар.

Бұл кезде Қызылжарда бір сарай бар,
Абылайдың Ақсарайы деп айтады олар,
Бір шеті шекараның Орынборда,
Жер екен Кіші жүздің сауда қылар.

Жалпы, көшпенділерде екі астана сайлау – сонау Алтынорда хандарынан басталған, көне түркілерден, кимақ-қыпшақтардан келе жатқан үрдіс. Бұл қарапайым көшпенділік өмір салтынан «қыстау-жайлау» принципінен шыққан. Абылай ханның бас ставкасы Түркістан қаласында тұрды, мұны «қыстаулық» – деп айтуға болады, ал жазда Көкшетау, Қызылжар маңында көшіп – қонып жүрді. Қызылжардағы сарайды Ресейдің күннен-күнге үдеп келе жатқан экспансиясына қарсы әдейі салдыруы да ықтимал [5, 14 б.].

Өзекеннің басы жастыққа тимей күндіз-түні жүгіріп істеген күрделі шаруасының бірі – қазақ халық аспаптар музейі еді. Оған түрткі болған профессор Болат Сарыбаевтың өмір бойы Қазақстанның түкпір-түкпірін аралап, көптеген көне аспаптарды жинап, 1970 ж. ортасынан бастап фольклорлық-этнографиялық ансамбль құрып, Қазақстанның бірталай жерін аралап, көне аспаптарды күмбірлетіп, тіл бітіріп халық аспаптарының рөлін күшейтті, бұқаралық ақпарат беттерінде көп насихатталды. Осыған ұқсас жер-жерде халық

аспаптарын қолданатын ансамбльдер көбейе бастады. Осы үрдістерді көре отырып Өзекең Болат Сарыбаевпен ақылдасып, коллекцияның негізінде музей ашуды жоспарлап, келешекте аспаптанудың алғашқы ұстазы Б. Сарыбаевтың атын бергізбекші болып екеуара келіседі. Болашақ музейдің ғимаратына Панфилов пен Жібек жолы көшелерінің қиылысындағы, 1918 ж большевиктер партиясының мұсылман бюросы орналасқан екі қабатты үйді алып ремонт жасатып, экспозицияға Б. Сарыбаевтың аспаптарын орналастыруды жобалайды. Ремонт біткенде Б. Сарыбаевты мәдениет министрлігінің көркемөнер кеңесінің экспонаттарды сараптап бағалау жиынына шақырып, 16 мың рубль ұсынады. Ол кісі көнбей 40 мың рубль сұрайды.

«Мәдениет» министрлігі Б. Сарыбаевтың сұраған сомасын тауып бере алмайды да, мәселе музейдің ашылу-ашылмауына әкеп саяды. Өзекең не істерін білмей дағдарып қалады. Бір күні дейді музей қызметкерлері бәріміз шәй ішіп отырғанбыз, Өзекең келді де бізбен бірге шәй ішіп, бұрын-соңды бүйтіп шайға қанғаным жоқ еді –деді. Жолдастар музейді ашамыз, ашқанда екі ай көлемінде, Дәркембайға қарап, сен өзін шеберлеріңмен аспаптардың копиясын жасайсың, Жарқын Шәкәрімовке (музейдің болашақ директоры) қарап, сен қызметкерлеріңмен экспонаттар іздейсің. Қазірден бастап командировкаға баратындарға жол қаражатын бер, іздейсіңдер, табылады. Музейреставрацияның бастығы Әбділмановқа барлық құрал-жабдық материалмен қамтамасыз етесің, күндіз-түні жұмыс істейміз, керек десең осы жерде қонамыз. Иске сәт – өзі кабинетіне барып, телефонмен сөйлесе бастайды. Біз Өзекеңнің сөзін екі етпей жұмыс істедік дейді ұста Дәркембай Шоқпарұлы.

Кейінірек Орта Азия әскери округы жаңа офицерлер үйін салған кезде, Өзекең Республика премьер-министрі Байкәен Әшімовке кіріп және әскери округінің тыл істері жөніндегі орынбасары генерал Сағадат Нұрмағамбетовпен келісіп бұрынғы офицерлер үйін музейге алып алады. Сол кезде Өзекең көңілді еді, аспаптар музейінің жаңа экспозициясын ашып, астындағы подвалынан қобыз, домбыра т.б. саз аспаптарын жасайтын шеберхана аштырды. Бір сөзінде бұл ғимаратты ата-бабаларымыз салған – деп қазақтарда таласыпты дегенде мен: Қазақтар мен Совет өкіметі 1918 ж. бастап иеленді ғой. Әйтпесе бұл ғимаратты салғызған Гулжахан Галиеваның әкесі Қали Жетісудың 10 мың бас қой айдаған ірі байы болған дегенімде Өзекең: Марқұм Ілияс Омаров эстрада студиясын ашамыз – деп Гулжаханға тапсырма беріп еді, мен айтайыншы Гулжаханға әкенің үйін қазаққа қайтардым – деп жымыды.

1982 жылдың басында Алматы қаласы, Көктөбенің етегі, Арман кинотеатрының артынан бастап, Ақбұлақ кафесіне дейінгі, яғни, Кіші Алматы өзенінің екі жақ жағалауына Өзекең ашық аспан астындағы музей құрмақшы болды. Музейдің прототипіне Швециядағы атақты Скандсен музейімен Прибалтика елдеріндегі музейлер алынды. Архитекторлар, инженерлер, этнографтар барлығы 15-тей жобалаушылар үш жылдай айналысты. Қазақстанның жан-жағынан үйлер, мекен-жайлар, қыстаулар, қора – қопсылар, мола-күмбездер, құлпы тастар т.б. тіршілік қамына қатысты жылжымайтын мүліктердің жобалары мен жаңғыртпалары жасалды. Өзекең Мәдениет Министрлігінен кеткен соң бұл іс аяқсыз қалды. Бірталай жаңғыртпалар (реконструкциялар) кітабына кірді [2,40 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Государственный список памятников истории и культуры Казахской ССР республиканского и местного значения. Сборник документов. Алма-Ата 1983.112-б.

2 Жәнібеков Ө. Жолайрықта. Алматы: Рауан, 1995.40-б.

3 Токтабаев А.Ескерткіштер энциклопедиясы //Білім және Еңбек -№ 2.-1983. 3-б.

4 Токтабаев А. Өсер ел өткенін қадірлейді // Жұлдыз. -№ 11.1988. 9-б.

5 Токтабаев А. Ескерткіштер ел тарихы // Қазақ әдебиеті -2003. 14-б.

ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

КЕҢЕС С. Б.

магистрант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы Орталық Азиядағы халықаралық қатынастардың аса маңызды және серпінді дамып келе жатқан салаларының бірі. Соңғы онжылдықтар ішінде Қазақстан мен Қытай экономикалық әріптестікті еңсеріп, ынтымақтастықты саяси, мәдени және білім беру салаларына кеңейте отырып, өздерінің екіжақты байланыстарын едәуір тереңдете түсті. Бұл ынтымақтастық географиялық жақындыққа, аймақтық қауіпсіздіктің ортақ мүдделеріне және тұрақты дамуға деген ұмтылысқа байланысты.

Қазақстан-Қытай ынтымақтастығының негізгі кезеңдерін Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін 1990 жылдардың басында дипломатиялық қатынастар орнатудан бастап бірнеше негізгі кезеңдерге бөлуге болады. Сол кезден бастап екі ел де екіжақты байланыстарды кеңейту үшін белсенді жұмыс істеді, бұл сауда, инвестициялар және ірі инфрақұрылымдық жобалар көлемінің айтарлықтай өсуіне әкелді. Шешуші сәт Қазақстанның Қытай ұсынған «Бір белдеу, бір жол» бастамасына қосылуы болды, бұл екі мемлекет арасындағы экономикалық және стратегиялық әріптестікті одан әрі нығайтты.

Энергетика, көлік және логистика саласындағы ынтымақтастық Қазақстанның Қытайға мұнай мен табиғи газды ірі экспорттаушылардың бірі ретіндегі рөлін, сондай-ақ Азия мен Еуропа арасындағы жаңа көлік дәліздерін дамыту шеңберіндегі негізгі транзиттік нүкте ретіндегі рөлін ескере отырып, Қазақстан-Қытай қатынастарында ерекше орын алады. Сонымен қатар, екі ел де халықтар арасындағы өзара түсіністік пен достықты нығайтуға ұмтылып, білім мен мәдениет саласында белсенді ынтымақтасады.

Осылайша, Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы Орталық Азияда ғана емес, одан тыс жерлерде де тұрақтылыққа, өркендеуге және қауіпсіздікке елеулі үлес қоса отырып, дамуын және кеңеюін жалғастыратын көп аспектілі әріптестік болып табылады [1, 19 б.].

Мақаланың негізгі бөлігі дипломатиялық қатынастар орнаған сәттен бастап қазіргі уақытқа дейінгі Қазақстан-Қытай ынтымақтастығының негізгі аспектілері мен кезеңдерін егжей-тегжейлі талдауға арналған. Бұл қатынастардың маңыздылығы тек экономикалық өзара әрекеттестікте ғана емес, сонымен қатар аймақтық тұрақтылық пен дамуға үлес қосуда.

Дипломатиялық қатынастар орнату. Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастық 1990 жылдардың басында ресми дипломатиялық қатынастар орнатудан басталды. Бұл кезең екі ел үшін де маңызды болды: Қазақстан Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін ғана тәуелсіздік алып, сенімді халықаралық серіктестер іздеді, ал Қытай Орталық Азиядағы ықпалын кеңейтуге белсенді ұмтылды.

Экономикалық ынтымақтастық. Қазақстан-Қытай әріптестігінің негізі экономикалық өзара іс-қимыл болып табылады. Елдер арасындағы сауда көлемі жыл сайын өсіп, Қытайды Қазақстанның ірі сауда серіктестерінің біріне айналдырды. Қытайдың Қазақстан экономикасына, әсіресе энергетика секторына салған инвестициялары елдің экономикалық дамуында маңызды рөл атқарады. Мұнай, газ және минералдарды қоса алғанда, бай табиғи

ресурстарға ие Қазақстан Қытай үшін энергетикалық ресурстардың маңызды жеткізушісі болып табылады.

Көлік және логистика. Көлік және логистика саласындағы ынтымақтастық Қытай ұсынған «Бір белдеу, бір жол» стратегиясы аясында ерекше маңызға ие. Қазақстан Қытайдан Еуропаға баратын жолдағы маңызды транзиттік торап ретінде әрекет етеді, бұл көлік инфрақұрылымын дамытуға және елдер арасындағы ынтымақтастықты тереңдетуге ықпал етеді. Осы саладағы бірлескен жобаларды іске асыру Қазақстан аумағы арқылы жүк тасымалының байланысын күшейтуге және көлемін ұлғайтуға бағытталған [2, 288 б.].

Энергетикалық серіктестік. Энергетика Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастықтың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Қазақстан мұнай мен газдың қомақты қорына ие бола отырып, Қытайды энергиямен қамтамасыз етуге белсенді қатысады. Қазақстан мен Қытайды байланыстыратын құбырларды салу және пайдалану елдер арасындағы энергетикалық байланыстарды нығайтты және қазақстандық мұнайдың Қытай нарығына экспортының өсуіне ықпал етті.

Мәдени және білім беру ынтымақтастығы. Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы туралы мақаланың негізгі бөлігі өзара іс-қимылдың негізгі салаларын, жетістіктері мен сын-тегеуріндерін бөліп көрсете отырып, екіжақты қатынастардың негізгі аспектілері мен кезеңдерімен толығырақ танысуға мүмкіндік береді.

Ынтымақтастықты дамыту кезеңдері. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін 1990 жылдардың басында дипломатиялық қатынастар орнату екі ел арасындағы болашақ ынтымақтастықтың негізін қалады. Бұл кезең жоғары деңгейдегі өзара сапарлармен және сауда мен экономикалық қатынастарды дамытуға бағытталған алғашқы екіжақты келісімдердің жасалуымен сипатталады [3, 4099 б.].

2000 жылдардағы экономикалық ынтымақтастықты кеңейту келесі маңызды қадам болды. Елдер арасындағы сауда көлемі тез өсе бастады, ал Қытай біртіндеп Қазақстанның жетекші сауда серіктестерінің біріне айналды. Осы уақытта энергетика, көлік және инфрақұрылым саласындағы ірі бірлескен жобаларды іске асыру басталды.

«Бір белдеу, бір жол» бастамасына қатысу 2013 жылы Қазақстан-Қытай қатынастарында жаңа дәуірді ашты. Қазақстан трансконтиненталдық көліктік-логистикалық және

инфрақұрылымдық желілерді құруға бағытталған осы жаһандық бастаманы іске асырудағы басты елге айналды [4, 49 б.].

Ынтымақтастықтың негізгі салалары:

- қазақстандық энергоресурстар мен ауыл шаруашылығы өнімдерінің Қытайға экспортын, сондай-ақ қытайлық кең тұтыну тауарлары мен технологиялардың Қазақстанға импортын қоса алғанда, өзара сауда өсуін жалғастыруда.

- энергетика саласындағы ынтымақтастық мұнай және газ өндіру, мұнай құбырлары мен газ құбырларын салу жөніндегі бірлескен жобаларды қоса алғанда, екіжақты қатынастардың тіректерінің бірі болып қала береді.

- Қазақстан арқылы көлік дәліздерін дамыту «Бір белдеу, бір жол» бастамасының маңызды бөлігі болып табылады, бұл Азия мен Еуропа арасындағы жүк транзитін ұлғайтуға ықпал етеді [5, 235 б.].

- Қытай Қазақстан экономикасына, әсіресе инфрақұрылымдық жобаларға, энергетика мен тау-кен өнеркәсібіне белсенді инвестиция салуда.

- өсіп келе жатқан мәдени және білім беру ынтымақтастығы студенттермен алмасуды, бірлескен ғылыми жобаларды және екі ел халықтары арасындағы өзара түсіністік пен достықты нығайтуға бағытталған мәдени іс-шараларды өткізуді қамтиды.

- Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастық елдер арасындағы сауданың айтарлықтай өсуіне алып келді, бұл Қытайды Қазақстанның ірі сауда серіктестерінің біріне айналдырды.

- көлік дәліздерін, энергетикалық объектілер мен өнеркәсіптік парктерді салу экономикалық дамуға және елдер арасындағы байланыстарды нығайтуға ықпал етті.

- екі елдің өңірлері мен қалалары арасындағы өзара іс-қимылды жандандыру жергілікті деңгейде бірлескен жобаларды терең интеграциялауға және іске асыруға ықпал етеді.

- сауда көлемінің ұлғаюына қарамастан, Қытайдың пайдасына бейім сауда балансы мәселесі бар.

- Қазақстанның кейбір топтарында Қытайдың өсіп келе жатқан ықпалына қатысты алаңдаушылық бар, бұл екіжақты қатынастарда ашықтық пен тепе-теңдікті талап етеді.

- кейбір ірі жобалар қоршаған ортаға және әлеуметтік салаға әсер ету тұрғысынан алаңдаушылық туғызады, бұл экологиялық және әлеуметтік стандарттарды Мұқият ескеруді талап етеді.

Даму перспективалары

Қазақстан мен Қытай арасындағы өзара іс-қимыл одан әрі кеңейту мен тереңдету үшін зор әлеуетке ие. Цифрлық экономиканы, жасыл технологияларды дамыту, инновациялар мен жоғары технологиялар саласындағы ынтымақтастық әсіресе перспективалы бағыттар болып табылады. Мәдени алмасу мен білім беру бағдарламаларын күшейту өзара қабылдауды жақсартуға және халықтар арасындағы достық байланыстарды нығайтуға ықпал етуі мүмкін.

Перспективалы жобалар мен бастамаларды іске асырудағы табыстың негізгі факторы екі тараптың мүдделері мен үміттерін есепке алу, сондай-ақ ынтымақтастықтың барлық аспектілерінде тепе-теңдік пен ашықтықты қамтамасыз ету болып табылады. Қолданыстағы сын-қатерлерді шешу және Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастық ұсынатын мүмкіндіктерді тиімді пайдалану екі елдің тұрақты дамуы мен өркендеуіне ықпал ететін ұзақ мерзімді және өзара тиімді әріптестікке қол жеткізу үшін негіз бола алады [6, 206 б.].

Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы тақырыбы бойынша қорытынды екіжақты қатынастарды талдауды қорытындылайды және екі мемлекет арасындағы Болашақ өзара іс-қимылдың контурын белгілейді.

Қазақстан мен Қытай соңғы онжылдықтарда экономика, энергетика, көлік, мәдениет және білім салаларын қамтитын ынтымақтастықты едәуір кеңейтіп, тереңдете түсті. Бұл қатынастар жаһандық және аймақтық өзгерістер аясында дамыды, бұл екі жақтың өзара тиімді серіктестікке икемділігі мен ұмтылысын көрсетті.

Қазақстан-Қытай ынтымақтастығының жетістіктері өңірлік тұрақтылық пен экономикалық дамуды қамтамасыз ету үшін екіжақты байланыстардың маңыздылығын көрсетеді. Сонымен қатар, теңдестірілген сауда қажеттілігі, экологиялық және әлеуметтік стандарттарды есепке алу, сондай-ақ қоғамның қабылдауы сияқты қиындықтар диалогты жалғастыруды және өзгертін жағдайларға бейімделуді талап етеді.

«Бір белдеу, бір жол» бастамасы және басқа да екіжақты және көпжақты форматтар шеңберіндегі Қазақстан мен Қытайдың өзара іс-қимылы, әсіресе инновациялар, цифрландыру және жасыл технологиялар саласындағы ынтымақтастықты кеңейту үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл екі ел халықтарының тұрақты дамуы мен әл-ауқатының ортақ мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ете

отырып, серіктестіктің жоғары сапасы мен деңгейіне көшудің алғышарттарын жасайды.

Қорытындылай келе, Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы күрделі геосаяси контекстегі мемлекеттер арасындағы табысты және серпінді өзара іс-қимылдың үлгісін көрсетеді. Өткен жылдардағы қол жеткізілген нәтижелер мен тәжірибелерге сүйене отырып, екі елде де қазіргі заманның сын-қатерлерін үлкен интеграциялаумен, өзара түсіністікпен және бірлесіп шешумен сипатталатын жаңа дәуірде өз қарым-қатынастарын дамытуды жалғастыру үшін барлық қажетті алғышарттар бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Татиев, Н. С. Экономическое сотрудничество Казахстана и Китая: 30 лет партнерства // Вестник КГПИ №4, 2023. – С. 19-25.
- 2 Narutyunyan A. A. China-Kazakhstan: Cooperation within The Belt and Road and Nurlu Zhol //Asian Journal of Middle Eastern and Islamic Studies. – 2022. – Т. 16. – № 3. – С. 281-297.
- 3 Muratshina K. China–Kazakhstan cooperation in the field of education // INTED2018 Proceedings. – IATED, 2018. – С. 4091-4097.
- 4 Хаджиева Г. У. Новый уровень казахстанско-китайского стратегического партнерства // Современная глобализация: Казахстан в конкурентном мире. – 2017. – С. 48-55.
- 5 Nurgaliyeva L. Foreign policy of Kazakhstan towards China through the prism of economic and energy cooperation. – 2015.
- 6 Kembayev Z. Development of China–Kazakhstan cooperation: building the silk road of the twenty-first century? //Problems of Post-Communism. – 2020. – Т. 67. – № 3. – С. 204-216.

ИСТОРИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ МЕЦЕНАТСТВА В КАЗАХСТАНЕ И ЕГО ОТРАЖЕНИЕ В ТРАДИЦИЯХ КАЗАХСКОГО ОБЩЕСТВА

КУБЖЕСАРОВА А. Б.

учитель истории, СОШ № 4, г. Экибастуз;
магистрант, Торайгыров университет, г. Павлодар

РАХИМОВ М. И.

PhD, постдокторант, кафедра «История Казахстана»,
Торайгыров университет, г. Павлодар

Казахи – кочевой народ, который сегодня перешел к оседлому образу жизни, но бережно хранит свои традиции, сформировавшиеся на протяжении тысячелетий. Постоянные переезды по бескрайним степям, жизнь в небольших группах и особенности религиозных верований способствовали формированию уникального комплекса обрядов и обычаев, которые сегодня принято называть казахскими традициями. Некоторые традиции помогали развивать практические навыки выживания, другие имели сакральное значение, некоторая часть создавалась для развития взаимоотношений и социализации, а какие-то стали основой для формирования культуры казахского народа и его идентичности. Именно Традиции и обычаи, связанные с взаимопомощью, такие как «Асар», «Жылу», «Сыбага» стали основой для формирования меценатства и филантропии в казахском обществе. В Казахстане традиции благотворительности имеют глубокие корни и связаны они с самой структурой и иерархией в традиционном казахском обществе, где благотворительность носила естественный характер, укрепленный с приходом ислама.

Несмотря на формирование иерархии, необходимой для кочевого скотоводства и образа жизни, в социальной организации казахского общества, рядовые общинники и богатые скотовладельцы могли существовать и обеспечивать нормальное функционирование скотоводческого хозяйства только благодаря активному взаимодействию друг с другом. Традиции взаимопомощи обязывали богатых кочевников предоставлять необходимый прожиточный минимум нижестоящим социальным слоям общества. Таким образом, оба класса казахского общества взаимно дополняли друг друга и являлись составными частями единого социально-экономического комплекса.

«Кен болсаң кем болмасың» (Если будешь щедрым, станешь богаче) звучит народная мудрость Великой степи. В ней широкая

душа казахского народа и присущая «Ұлы дала» ценность взаимопомощи, сопричастности и неравнодушного отношения к ближнему. Именно пласт традиций, берущих свое начало в обычаях великодушия, гостеприимства и милосердия казахской земли лег в основу благотворительных дел казахского общества.

Меценат – лицо, способствующее на добровольной и безвозмездной основе развитию не только науки, искусства, здравоохранения и образования в целом, но и конкретным лицам в частности, оказывая финансовую помощь из личных средств или же имея для этого собственную организацию, ориентированную на ту или иную благодетель.

История меценатства в Казахстане – это история личностей, тех, кто сохранял и распространял духовные ценности в обществе, активно содействовал развитию науки, культуры, искусства; способствовал сохранению и содержанию зданий и объектов, имеющих культурное, историческое и культовое значение.

Следующие исторические факторы формирования и развития меценатства и благотворительности в Казахстане, связаны с влиянием колониальной политики царской России в Казахстане. Этот период можно условно разделить на два временных отрезка: первая половина XIX века, когда можно наблюдать отдельные примеры поддержки со стороны степной аристократии, и вторая половина XIX века – начало XX века, когда капитализм в Казахстане развивался более активно, а участие в благотворительности и меценатстве стало более широко распространенным. К этому времени к благотворительной деятельности присоединились предприниматели, баи и купцы. Среди меценатов Казахстана были представители различных религиозных течений, сословий и национальностей. Все они отличались хорошим эстетическим вкусом и прекрасно сочетали в себе как национальные, так и европейские традиции. Представители крупной аристократии, будучи образованными людьми, активно поддерживали ученых, поэтов и композиторов.

Например: Аблай Хан был покровителем поэтов, музыкантов и религиозных деятелей, мечтал о строительстве в крае городов.

Примером, является Хан Жангир, правитель Букеевской (Внутренней) Орды (годы правления: 1824–1845 гг.). Остановимся на роли Жангир хана как мецената казахской степи. 1835 году по указанию Жангир хана была построена первая мусульманская мечеть. Увеличил число мулл в аулах. Они выполняли функции

письмоводителей и духовных наставников. Хан показывал личный пример в богослужении. По словам российского исследователя А.Алеторова, «хан не оставлял ни одного намаза и пять раз в день посещал с султанами мечеть, в которой поста Рамазан и ночевал». На личные средства издавал книги, пропагандирующие ислам суннитского направления ханифитского масхаба [1, с.71]. В 1841 году в Ханской ставке по инициативе Жангир-хана была открыта первая светская общеобразовательная школа для казахских детей, причем все материальные затраты по содержанию школы хан взял на себя и даже занимался проверкой знаний учащихся. Строительство медресе и аульных мектебов, направление детей на учебу в Астрахань, Саратов и Казань, в Неплюевский кадетский корпус в Оренбурге, в котором специально было открыто 10 вакансий для детей из Внутренней Орды, были частью политики Жангира. Среди выпускников этой школы – известные люди, активисты движения Алаш и автономии Алаш Орда, депутаты Государственной думы Российской империи, просветители и ученые. Также известно, что Жангир хан отправил на учебу в г.Оренбург вместе со своим сыном Зулкарнайыном и будущего известного акына Махамбета Утемисова [2, с. 138].

Повсеместно внедрял делопроизводство и даже создал собственную архивную службу. В области здравоохранения ввел практику прививки от инфекционных болезней. Его усилиями во Внутренней Орде появилась также больница и аптека [1, с.72]. Жангир-хан одним из первых создал музей предметов быта и культуры казахского народа, открыл «Оружейную комнату» с коллекцией оружия, которое принадлежало предкам Жангира, также были представлены воинские доспехи работы казахских мастеров-оружейников и жалованные российскими императорами ханскому двору сабли.

Отец Абая Кунанбаева – Кунанбай Оскенбаев (1804-1886 гг.) – один из самых состоятельных лиц в Каркаралинском округе, знаменитый оратор и прекрасный знаток «Степного права» был не только крупным политическим деятелем (избран народом старшим султаном из среды «черной кости»), но и оставил заметный след в духовной жизни казахов. В 1849 г. В Каркаралинске на средства Кунанбая была построена первая мечеть. В 1874 году Кунанбай совершил хадж, прожил в Мекке более 2 лет и построил в городе для паломников такие (дом, служивший гостиницей), чтобы в ней могли отдохнуть паломники, осуществлявшие хадж, в основном, прибывшие из казахских степей. При Семипалатинском

статистическом комитете действовал музей и библиотека. В музее систематизировался и хранился ценный материал по истории края, который служил хорошим источником для научных экспедиций. В 1885 г. в этот же музей Абай Кунанбаев передал ценную коллекцию предметов прикладного искусства казахов, которую он собирал на протяжении длительного времени, часть из которых сегодня представлена в музее города Семей.

Одним из просветителей и организатором меценатства среди казахов стал Ы. Алтынсарин. Когда Ыбыраю было всего 19 лет, Оренбургская администрация поручила ему судьбоносное задание. Молодой педагог должен был отправиться в Тургай и основать там школу, а также преподавать в ней русский язык. В Оренбурге юноше дали множество предписаний, рассказали о полномочиях, но никакой иной поддержки ему ждать не приходилось. Молодому организатору пришлось вплотную заняться строительством и самостоятельно искать финансирование. Алтынсарин разезжал по аулам, разъясняя кочевникам значение светского образования. Собрал народные средства и вложив свои сбережения, он приступил к строительству школы, которая открылась 8 января 1864 года. Просветитель уделял большое внимание постановке работы разнопрофильных школ, и в своем завещании оставил принадлежащие ему земли в пользование сельскохозяйственной школы Тургая [2, с. 199].

Широко был известен своим меценатством бай Абдыкарим, который оказывал всяческую помощь Султанмахмуту Торайгырову, а также старший султан Баян-Аульского округа Муса Шорманов. О Мусе Шорманове в 1885 году не раз писали «Акмолинские областные ведомости». М. Шорманов много занимался проблемами улучшения социально-бытового положения кочевого населения, о выделении лекарств для прививок от оспы, усиленно привлекал состоятельных казахов к сбору средств для благотворительных заведений в Омске и Павлодаре – приюта, богадельни. Будучи убежденным сторонником просвещения, М. Шорманов хорошо понимал значение русского образования, поощрял открытие русских школ для казахских детей в Омске и Павлодаре, оказывал школам материальную помощь. Так, например, при его активном участии были открыты в Омске – в 1857 г. казахская школа по подготовке писарей волостных канцелярий; в 1878 г. школа-интернат для казахских девочек. М. Шорманов оказал определенное влияние на формирование мировоззрения выдающегося казахского ученого Ч.Ч. Валиханова, приходившего ему родным племянником,

которому он оказывал всестороннюю поддержку, в том числе и материальную [3, с.60-61]. Сын Чорманова Садуакас продолжил дело отца. Благодаря инициативе Садуакаса десятки талантливых детей получили возможность учиться в лучших заведениях России. Те, кто стремился продолжить образование в лучших университетах Российской империи: в Москве, Санкт-Петербурге, Казани могли получить учрежденные именными стипендии. В 1885 г. было представлено 100 стипендий для обучающихся в земледельческих и медицинских академиях, в ветеринарном институте, на высших женских курсах и других учебных заведениях страны. Одним из учебных заведений, где обучались казахи, была Оренбургская гимназия, в которой с 1868 г. по 1892 г. обучалось 52 казахских стипендиата, из которых 10 человек получили аттестат. В Казанском университете с 70-х г. XIX в. до 1917 г. училось 25 казахов, из них 16 человек обучалось на юридическом факультете, остальные – на медицинском [4, с.129]. Первым средним учебным заведением, в котором был открыт доступ для детей инородцев, было Оренбургское Неплюевское военное училище (1825 г.), переименованное затем в Оренбургский кадетский корпус. С 1825 по 1866 г. Оренбургский кадетский корпус окончили 35 казахов. В Омске, Кокчетаве, Акмоле были открыты интернаты для казахских детей. Они содержались за счет пожертвований казахского населения. Каждая казахская волость обязывалась отправлять по 2 мальчика.

Постепенное вовлечение Казахского края в сферу капиталистических отношений внесло немало изменений в экономическую жизнь населения, в частности, в формы и содержание благотворительности.

Во второй половине XIX века появились первые состоятельные граждане, купцы – Галиаскар и Сыздык Халфины, Нуркен Забиров, династия Кошегуловых (Косшыгула) из Акмолинска. В 1898 году они образовали Общество попечения о начальном образовании. Основатель династии Косшыгула – Баймухамет открыл на свои средства книжный магазин и первую в Акмолинске казахско-мусульманскую школу, а также выплачивал жалованье (зарплату) учителям школы и стипендии ее ученикам. Кошегулов был родом из Жанаркинских степей. Он понимал, что людям нужна грамота, и открыл для горожан медресе (воскресную школу). К слову, грамоте в этой школе мог обучаться любой желающий. На средства

купеческой семьи Кошегуловых была построена школа для мусульманской молодежи.

Следующим историческим событием повлиявшим на активное развитие меценатства к Казахстане, были буржуазно-демократическая и социалистическая революции в России и последующие изменения. Распространение идеи возрождения казахской, национальной государственности, связаны со стремлением помочь талантливым соотечественникам. Многие предприниматели оказывали материальную поддержку талантливой молодежи в получении образования. В 1913-1918 годы, когда начали выходить казахские издания, годы активной деятельности партии «Алаш» и правительства Алаш-Орда. Казахские баи активно включились в дело становления, развития, распространения казахских газет, казахской культуры. Они финансово начали помогать казахским газетам. В частности, они помогли распространению и популяризации среди населения газете «Қазақ», которая за 1913-1918 годы выпустила 265 номеров. При создании Алашской автономии именно богатые степняки взяли на себя все финансовые и материальные расходы. Среди них были – Абдрахман Жусипулы, Ике Адильулы, Алесандр Еракылов (крещенный казах), Мусатай Молдабайулы, Жумекке Оразалыулы (Оразалин), Медеу Оразбайулы (Оразбаев), Хасен Акайулы (Акаев), Ибрай Акбайулы (Акпаев), Алихан Букейхан, на западе – Альнияз Тобаниязулы (Тобаниязов), Садык Омарулы (Омаров), Салимгерей Жанторин (Салим-Герей Джантюрин), Иса Копжасарулы (Кобжасаров), на юге – Ахмет и Мустафа Оразайулы, сыновья бая Мамана – Турсыбек, Сеитбаттал и Есенгул, Садык Утегенулы В одном из номеров газеты «Қазақ» отмечалось, что когда издание оказалось в затруднительном материальном положении на помощь пришли казахские баи, которые оказали своевременную помощь, перечисляя денежные взносы, тем самым поддержали издание. В этом номере перечислялись фамилии и размер внесенного взноса [5, с.117]. В декабре 1917 года, когда правительство Алашорды, созданное в Оренбурге, вынуждено было переехать в Семей, такие состоятельные казахи как Каражан Укибаев, Абдырахман Жусипов, Анияр Молдабаев оказали неоценимую материальную поддержку передали в безвозмездное пользование – дома, мебель и все необходимое для продолжения работы. Поддержку правительству Алаш-Орды после Февральской революции 1917 года оказывал один из известных меценатов Салимгерей Жантурин, который налазил

связь с руководителями партии «Алаш». Салимгерей Жантюрин - потомок казахских ханов Букеевской Орды, чингизид. Салимгерей Жантурин предстает как крупный землевладелец, меценат и видный деятель тюрко-мусульманского сообщества.

Люди, занимавшиеся благотворительной деятельностью в духовной сфере в XIX – нач. XX в., были разные по своему образованию (зачастую отсутствию его), роду деятельности, религиозным верованиям, размеру капитала. Разными были и причины, толкавшие баев, купцов, состоятельных людей заниматься меценатством. На наш взгляд можно выделить несколько причин занятия благотворительностью и меценатством в рассматриваемый период:

1. Стремление внести посильный вклад в развитие культуры своего народа.

2. Высокая религиозность буржуазии, баев и купцов (традиционно православие, как и ислам не поощряли материальное богатство).

3. Экономическая заинтересованность Крупных предприниматели стремились нанять квалифицированный персонал на своих заводах и фабриках, поэтому заинтересованы в развитии образования. Во многих компаниях подобные расходы становятся обязательными уже с конца XIX в.

4. Благотворительность часто открывала предпринимателям единственную возможность получать чины, почетные звания, сословные привилегии, ордена и прочие отличия, так как всячески поощрялась властью. Власть стремилась стимулировать развитие общественных институтов.

5. Стремление некоторых купцов, сколотивших свои капиталы несправедливым путем искупить вину, занявшись богоугодными делами.

Судьба многих баев, купцов, направлявших свои средства для поддержки соотечественников, строивших мечети и церкви, школы и гимназии до сих пор остается «белым пятном» истории. Многие из них были осуждены по политической статье 58 за связь с партией «Алаш». Большинство были раскулачены и высланы за пределы области, в которой проживали. Необходимо исследовать исторические аспекты благотворительности и меценатства, учитывая объективные и субъективные причины занятия этим благородным делом, при этом не идеализируя и не принижая цели и задачи, которые ставились перед первой когортой людей, делавших

важные вклады в поддержку культуры своего народа. История и опыт отечественного меценатства чрезвычайно актуальны, так как стоит вопрос о возрождении, сохранении и развитии национальной культуры.

ЛИТЕРАТУРА

1. Кабульдинов З. Е История Казахстана: учебное пособие. – Алматы: Атамура, 2012. – 208 с.
2. Касымбаев Ж., Омарбеков Т. История Казахстана: учебное пособие. – Алматы: Мектеп 2016 – 344 с.
3. Зиманов С.З., Атишев А.А. Политические взгляды Чокана Валиханова. – Алма-Ата: Наука, 1965. – 205 с.
4. Галиев В.З. Медицинская деятельность ссыльных революционеров в Казахстане (вторая половина XIX в.). – Алма-Ата: Казахстан, 1982. – 164 с.
5. Исторические аспекты меценатства в Казахстане / Капаева А. Т// Отан тарихы - №2 (90) 2020 – 266 с. [просмотрено: 04.03.2024]

ТАРИХИ КАРТАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

МАЖЕНОВА З. С.
магистрант, Ә. Марғұлан атындағы
Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.
КАРИМОВА А. Е.
т.ғ.к., декан, Ә. Марғұлан атындағы
Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

«Тарих заттар немесе құбылыстар туралы емес, адам, адамзаттың өткені туралы ғылым.

Оларды ұстанатын адамдарға тәуелсіз қандай да бір идеялар бар ма?

*Тек бір ғана тарих бар – адамның тарихы, бұл тарих – кең мағынадағы тарих.»
Люсьен Февр [1, 33 б.]*

Жалпы мағынада тарих дегеніміз – өткен заманның айнасы, тұрмыс-тіршілігі, жүйелі баяндауы бар формасы. Бұрыннан бері тарихшылар қандай да бір кезең болсын, қандай да бір мәдениетке

тиесілі болғанымен, тарих үшін маңызды ақпаратты іріктеп алады. Олар өткен кезеңнің әңгімелері қалай көрінуі керек, қалай ұйқасу керек, қандай ережелерге бағынатынын анықтай алады. Ақпарат көзі ретінде тарихи деректер пайдаланылады. Тарихи дерек – зерттеушінің назарына ілінетін өткеннің куәлігі (мүмкін ол қолжазба, бейне, құжат, әдет-ғұрып, құрал т.б.) болып табылатын, тарих пәнінің аса маңызды ұғымдарының бірі. Деректерге талдау жұмысын жасау нәтижесінде алынған ақпараттар көздерінің негізінде тарихшылар әдетте өткен шақтың өзіндік тарихи бейнесін қалыптастырады [1, 33 б.]. Дегенмен, деректің қаншалықты тарихи сыннан өткендігі, сол кездегі шынайылығын анықтау үлкен мәселе. Өзгертілімсіз қалатын бір жәйт – тарихи карталар. Ағылшын тарихшысы әрі философы Р. Дж. Коллингвудтың сөзімен айтпақшы, «Дүниенің барлығы – белгілі бір заттың әлеуетті куәліктері», тарихи карталар болса, мүлк етпес тарихтың өзгермейтін шындығы [1, 35 б.].

Тарихи карталар географиялық тұрғыда жасалады және оқиға немесе белгілі бір дәуірдің бірнеше есе кішірейтілген, жинақталған бейнелі шартты түрдегі көрінісін анықтайды [2, 51 б.]. Деректер негізінде тарихтағы ең ежелгі карталар біздің дәуірімізге дейін III-I мың жылдықтарда Вавилон мен Египетте жасалған, ал Ресейде болса XVIII ғасырдың соғына қарай арнайы дайындалған оқу карталары жасалынған еді [3].

Карталардың ерекшелігі, онда өткен оқиғалар мен процестердің сол кездегі қозғалысы мен динамикасы айқын көрсетіледі. Сонымен қатар, тақырыптық карталарда тарихқа қатысы жоқ, яки сабаққа қатысы жоқ ақпарат берілмейді, бұл өткен оқиғаның мән-жайын барынша аша түседі. Карталар өзара оқиғалар желісін құра алады, мысалы, «1812 жылы Отан соғысы тақырыбында» «XIX ғасырдың басынан 1861 жылға дейінгі Ресей империясы» және «1700 жылдан 1914 жылға дейінгі Ресей империясының аумағының өсуі» атты карталарды да қосарлай пайдалануға болады [2, 52 б.].

Кеңістік туралы ұғымдарын пайдалану барысында оқу карталарымен қоса тарихи картиналар қатар пайдаланылады. Тақырыпты ашқан кезде бұл ең тиімді әдістердің бірі, дегенмен, географиялық тұрғыдан оқиға орнын білу де маңызды фактор. Жалпы тарихи карталармен жұмыс істеген қатысушылар келесі білім мен дағдыларды меңгереді:

1. Картаның атауымен тақырыбы, хронологияға сай оқиғаның орын алған кезі мен мазмұнын, картаның жергілікті жеріне сай масштабын (Масштаб (нем. Mastab. [mɛ'] – өлшеуіш, мөлшер және

[star] – таяқ) – картадағы, сұлбадағы, сызбадағы ұзындықтың жердің шынайы ұзындығына лайық қатынасы), аңызға байланысты шартты белгілердің шешілуін біледі;

2. Тарихи картада белгіленген географиялық кеңістікті тауып, ақиқатқа жетіп, кескіндемелік құралдармен карта мазмұнын беріп, мәліметтерді салыстырып, сын тұрғысынан бағалай отыра, басқа берілген ақпарат көздерімен салыстыра алады.

Негізінен, карталар тарихи оқиғалар және белгілі бір құбылыстардың арасындағы байланысын, динамикасын, әрине де мазмұнын сақтауға мүмкіндік беретіні анық. Карталар тіпті, болған оқиғаның шындық тұрғысынан дәлдігін анықтауға септігін тигізеді [2, 58 б.]. Алайда картографтардың қателіктері де, біршама зиян келтірерлік жәйт. Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Батыс Қазақстан тарих және археология орталығының директоры Мұрат Сыдықов Қазақстан өңіріндегі ортағасырлық қалалар мен кенттер тарихын археологиялық қазбалар негізінде түбегейлі зерттеп жүрген белгілі ғалым өз ой-толғамында «Алтын орда зерттеушісі Егоровтың 1985 жылы жарық көрген кітабындағы схема-картада Жайық бойында жалғыз қала – Сарайшық қана көрсетілген» – деген оймен келіспейді де, «...Шакафни қаласы XVI-XVII ғасырларда сызылған карталарда белгіленген. Мысалы, 1562 жылы Лондонда Антон Дженкинсон шығарған «Ресей, Московия және Тартария картасы» атты еңбекте бар. ...Яғни Шакафни дегеніміз - «Жайық» емес, мүлдем басқа қала!» – деп, Шакафни қаласын дереккөздер негізінде жеке қала деген тұжырымдамаға келеді. Бұл кезде, байқағанымыз карталардағы ақпарат көздерінің берілу рөлі жоғары деңгейде екенін айта аламыз [4].

Профессор, тарих ғылымдарының докторы, синолог-шығыстанушы Нұрлан Кенжеахмет «XVII-XIX ғасырлардағы Қазақ хандығына және оның көршілес аймақтарына қатысты Еуропа-Қытай империялық карталары мен географиялық сөздіктерін тарихи тұрғыдан зерттеумен айналысамын» – дейді ғалым. «Eurasian Historical Geography as Reflected in Geographical Literature and in Maps from the Thirteenth to the Mid-Seventeenth Centuries» (XIII ғасырдан XVIII ғасырдың ортасынан дейінгі географиялық әдебиеттер мен карталарда көрініс тапқан Еуразияның тарихи географиясы) атты еңбегінде тарихи карталарды, олардың тарих саласындағы рөлінің маңыздылығын атап көрсетеді [5].

Қазақстанда, қоғамда, қазіргі экономикада болып жатқан инновациялық өзгерістер бүкіл білім беру жүйесін жаңғыртудың

негізгі бағыттарын айқындай отырып, білім беру жүйесіне де әсер етіп жатқандығы анық. Қазіргі білім беру инновациялық процестерсіз мүмкін емес. Жалпы мағынада «инновация» («латын тілінен аударғанда «инновация») – жаңашылдық, өзгеріс, жаңару жаңаны құру, игеру, пайдалану және тарату жөніндегі қызметпен байланысты. Сонымен қатар, ұстаным басым: Инновация – бұл тек ақыл-ойды құру ғана емес, жаңашылдықты тарату емес, бұл айтарлықтай сипаттағы өзгерістер, іс-әрекет тәсіліндегі, ойлау стиліндегі өзгерістермен бірге жүреді.

Қазіргі уақытта инновациялық оқытудың көптеген әдістері бар:

- модульдік оқыту,
- электронды-интерактивті оқыту,
- проблемалық оқыту,
- қашықтықтан оқыту,
- ғылыми-әдістемелік оқыту,
- жоба әдісі, жоғарыда олардың азы ғана көрсетілген.

Бүгінгі таңда тек теориялық тұрғыда ғана білім бермей, практика тұрғысында қолдана алтын сапалы білімді дамыту, еліміздің басты міндетіне айналып отыр. Жоғарыда көрсетілген отандық ғалымдармен қоса, бұл мәселе шетелдік ғалымдармен де зерттелуде.

Хайди Рупп «Teaching World History in the Twenty-First Century: A Resource Book» оқытушыларға дүниежүзілік тарихты оқытуға көмектесу үшін әзірленген жан-жақты нұсқаулық жасаған. Мұғалімдердің кәсіби дамуына арналған ресурстар кіреді, бұл мұғалімдерге дүниежүзілік тарихтағы білімге қатысты соңғы зерттеулер, оқыту әдістері мен технологиялары туралы хабардар болуға көмектеседі [6]. Тарихшы Д. Ислямов «Информационно-коммуникативные технологии на уроках истории.» еңбегін тарих сабағындағы АКТ қолдануына арнайды, олардың маңызды екенін де атап көрсетеді [7].

Қазірде инновациялық технология ретінде интерактивтік карталарды пайдалану да, алға басып келеді. Интерактивтік карталарды пайдалану мұғалім мен оқушылар үшін жаңа дағдылармен қоса, жаңа көзқарастар қалыптастырады, бұл кезегінде үздік нәтижеге апарып соқтырады. Жыл сайын оқу процесі барған сайын қызықты және көрнекі бола бастауы қажет [8]. Тарихты, географияны және компьютерлік технологияны қалай байланыстыруға болатынының кейбір мысалдары бар:

- Ancient Earth Globe;
- Map of Pangea with Modern Borders;

- Interactive World History Atlas since 3000 BC;
- World Population;
- The Stanford Geospatial Network Model of the Roman World;
- Pleiades.

Осы сайттардың мысалында ағартушылық қызметтің даму тенденциясы айқын көрінеді. Пәнаралық тәсілдің арқасында кәсіби ғалымдар өз зерттеулерінде қолдана алатын ғана емес, сонымен қатар болашақ мамандарды қызықтыруға мүмкіндік беретін жобалар жасалады.

Қорытындылай келе, мектепте тарихты оқытуда АКТ, Фаламтор ресурстарын, интерактивті әдістерді қолдану оқушылардың қосымша материалмен жұмыс істеу білімі мен дағдыларын арттырып қана қоймай, өткен материалды бекітуге көмектесіп қана қоймай, сабақтың тиімділігін арттырады. Сонымен қатар, мұғалімнің құзыреттілігін, кәсіби шеберлігін арттыруға, сабақтарды талаптарға сәйкес өткізуге көмектеседі, сабақтарды қызықты етіп, ғылым мен тарихты оқыту әдістемесінің жаңа жетістіктерге жетуіне талпынас береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Репина Л. П., Зверева В. В., Парамонова М. Ю. Тарихи білім тарихы. Академиялық бакалавриатқа арналған оқулық, -4-басылым. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2020. -236 б.
- 2 Қозғамбаева Г. Б., Алпысбаева Н. К. Тарихты оқыту әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2016.- 260 б.
- 3 18 древних карт мира глазами наших предков. Flytothesky. История. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://flytothesky.ru/18-drevnix-kart-mira-glazami-nashix-predkov/> [сайтқа жарияланған күні 23.04.2019].
- 4 Қазақ тарихында ортағасырлық қалаларды зерттеудің маңызы зор - М.Сыдықов. Қазақпарат. [Электрондық ресурс]. – URL: https://kaz.inform.kz/news/kazak-tarihynda-ortagasyrlyk-kalalardy-zertteudin-manyzy-zor-m-sydykov_a2371773/ [сайтқа жарияланған күні 18.04.2011].
- 5 Қазақтың көне карталарын зерттеп жүр. Egemen Qazaqstan. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://egemen.kz/article/274139-qazaqtynh-kone-kartalaryn-zerttep-dgur> [сайтқа жарияланған күні 10.05.2021].

6. Heidi R. Teaching World History in the Twenty-First Century: A Resource Book, Second Edition. – New York: Routledge, 2015. 208 p. [ағылшын тілінде].

7 Ислямов Д. Информационно-коммуникативные технологии на уроках истории //Иновации в образовании (Казахстан). – № 4. 2018.– 47-52 бб.

8 Подборка интерактивных карт по истории. Системный блок. История. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://sysblok.ru/history/podborka-interaktivnyh-kart-po-istorii/> [сайтқа жарияланған күні 23.04.2021].

ХІХ–ХХ ҒҒ. БАСЫНДАҒЫ ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ ДІНИ САЯСАТЫ (ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ)

МУХАМЕДИЯРОВ Д. Б.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

РАХИМОВ М. И.

PhD, постдокторант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазақ халқының дәстүрлері, діни наным-сенімдері, рухани өмірі және тәрбиелік нормалары патша өкіметін отарлау мақсатында қызықтарған еді. Оның басты көрсеткіші отаршылдық дәуірі кезінде қазақ даласына жіберілген әскерилердің, зерттеушілердің, кішігірім шенеунік жеке есептері, күнделіктері, естеліктері мен очерктері. Олар өз жазбаларында қазақтардың шығу тегіне, тарихына, аңыз әңгімелеріне, әлеуметтік құрылымына ғана емес, діни наным сенімдеріне ерекше назар аударып, сипаттап жүрген. Әрине мұндай қызығушылықтың өзіндік негіздері бар, кез келген метрополиалық мемлекет отарлау саясатының басты мақсаты ретінде дәстүрлі діннен ажыратуды және өзінің идеологиялық мақсаттарына сай келетін дінге айналдыруды көздеді.

С. Броневский қазақтардың өз-өздерін мұсылмандарға жатқызады деп көрсеткен, дегенмен тұрақты мешіттер мен діни дәстүрлердің болмағанын белгілейді. Кез келген ауылда молданың, немесе діни білімі бар ақсақалдың бар екені және ол күніне бес рет намаз оқыған кезде қазақтар намазға бірлесіп жығылатының да көрсеткен. Сонымен қатар Броневский қазақтар арасында отқа табынушылық әлі де күшін жоғалтпаған және мұсылманға тән ораза сияқты дәстүрлер көші-қон кезде немесе жолдағылар ұстанбайды,

тек ақсақалдары ғана діни мерекелерді ұстануға тырысады деп жазған [1, 56-57 бб.].

Левшин А.И. қазақ қауымын мұсылмандарға жатқызғанына қарамастан, олардың арасында исламның шығу тегі, қағидаттарының терең мағынасы туралы теориялық білімдері үстеме екенін көрсетті. Қазақтар өз-өздерін исламның сұна тармақшасына жатқызады, басқа дін өкілдерін қарсыластар ретінде көпірлер деп атайды. Сонымен қатар, исламның қағидаттарына қарамастан қазақ қоғамында бақсыларға, шаманизмге, яғни исламға дейін таралған ілімге сенім өте жоғары деп сипаттаған. Левшиннің пікірінше, егер Хиуа мен Бұқараның молдалары тұрақты түрде қазақ арасында діни ілімдерін оқып кетпесе, тіпті қазақтар өздерін мұсылман дінімен байланыстармаушы еді. Дегенмен қазақтың сұлтандары ортаазиялық молдаларды өздеріне жиі шақырып оларды тілмаш, хатшы қызметіне қабылдайды деп көрсеткен [2, 74 б.].

Сонымен, XIX ғ бірінші жартысына дейін, қазақ даласында жергілікті халықтың діни наным-сенімдері туралы ақпаратты жинау жұмысы кеңінен етек жайды және келешекте патшалықтың діни саясатына қажетті құралға айналды.

Тіпті 1861 ж патшалық Ресей аграрлық қысымшылықты шешу мақсатында қазақ даласына славяндарды жер тапшылығы мәселесін шешу үшін жібере бастаған. Қазақ жерінде қоныстанған славяндар әскери, тінту міндеткерліктерін атқарды. Сонымен қатар христиан дінін таратудың әлеуметтік негізіне айналып жергілікті қазақ өкілдерін шоқындыру құралына айналдырды.

Қазақ даласында орыс, украин және басқа да мұсылман емес қоныс аударушыларды рухани тәртіпке салу мақсатында қазақ даласында алғашқы шіркеулер мен христиан қызметкерлері пайда болды. Оларды отаршылдықтың бір бағыты ретінде қолданып патшалық миссионерлерік қызметке жұмсады, яғни жергілікті қазақ қауымында исламның шамалы таралғанын пайдаланып христиандандыру бағытын ерекше қолға алды.

Бұратана халықты шоқындыру туралы пікірталастар мерзімді басылымдардың беттерінде, ғылыми жарияланымдар мен зерттеулер аясында өтті. Өңірдің бас ресми басылымының беттерінде – «Түркістан уәлаяты» газетінде шамадан тыс миссионерлік белсенділігімен ерекшеленетін жарияланымдар санының өсуі байқалады. Қазақ даласын шоқындыру жолдары туралы идеялар мен ұсыныстар келесі авторлардың шығармаларында көтерілді, XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы.:

А. И. Добросмыслов [3], М. А. Миропиев [4], Н. А. Бобровников [5], В. П. Наливкин [6].

Пікірталасқа шығыстанушы ғалымдар, миссионерлер мен шіркеу қызметкерлері, қатардағы әскерилерден бастап генерал-губернаторларға дейінгі әр түрлі деңгейдегі отаршыл әкімшіліктің шенеуніктері қатысты. Шенеуніктер мұсылмандардың саны, исламның жергілікті халықтың рухани өміріне әсері мен жағдайы туралы мәліметтерді жинап, талдады, мұсылман мектептерінің қызметін зерттеді, қазақ халқының діни трансформациясы қоғамды толғандыратын мәселелеріне өз көзқарастарын білдіретін жоспарлар мен жобаларды әзірледі. Шығыстанушы ғалымдар, этнографтар Түркістан өлкесі халқының мұсылмандық ұстанымдарының тұрақтылық себептері менталитетінің ерекшеліктерін түсінуге тырысып, халықтың мәдениеті мен тұрмысын зерттеді. Кейбіреулер, мысалы, В. П. Наливкин, мәселені іштен зерттей отырып, тікелей қазақ ортасында өмір сүрді [7, 39 б.].

Империяда белгілі және жаппай қолданылатын тұжырымдамалардың бірі-Қазан мемлекеттік императорлық университетінің және Қазан теологиялық академиясының профессоры Н. И. Ильминскийдің христиандық ағарту жүйесі болды. Профессордың пікірінше, христиан діні дала көшпенділеріне егілмеген және оның көшпелі қазақтар арасында таралуы «олардың күнделікті өмірінің тәртібі», яғни көшпелі өмір салтына қатысты деп белгілеген. Н. И. Ильминский табысты христиандандыру шарттарын негіздеді: «Қырғыздар арасында Евангелие табысты тарату үшін бірнеше шарттарды жасау керек. Біріншіден, қырғыздар үшін ерекше рухани миссияны ұйымдастыру, екіншіден, қырғыздар, башқұрлар, татарлар арасында Құтқарушы, апостолдар, пророктар, т.с.с. туралы қысқаша аңыздарды тарату, тіпті бұл әңгімелерді орыс және татар тілінде суреттермен басып шығару керек, үшіншіден, миссионерлердің қызметіне барынша жағдайлар жасап, шіркеулер орнатып, шоқынған қырғыздарға орыс шаруаларына жатқызып, миссионерлер арасында тұрғызым ерекше мекемелерге айналдыру тиіс» [8, 47 б.]. Ильминскийдің айтуынша, шоқынған көшпенділерде жылжымалы шіркеулер ұйымдастырып, шоқынған мен шоқынбағандар арасында байланыстырады күшейту керек. Сонымен Ильминскийдің тұжырымдамасы көшпелілерге арнайы құрастырылғанымен, отырықшы аймақтарда да қолданылды [9, 39 б.].

Христиандықтың жолдары мен әдістері туралы өткір пікірталастар болды. Патша әкімшілігі белгілі бір тәжірибеге ие бола отырып, Түркістан өлкесінде христиандықты зорлық-зомбылықпен жүргізуден қорықты, өйткені жергілікті халық билікке қарсылық көрсете алды. Бұл тұрғыда шенеуніктердің көпшілігі уақыт пен шыдамдылықты қажет ететін христиандықтың біртіндеп, «жұмсақ» әдістері мен тәсілдерді талап етті [10, 66 б.].

Бұл көзқарасты орыстандыру саясатын аса сақтықпен жүргізуді талап еткен Түркістан өлкесінің бірінші генерал-губернаторы К. П. Кауфман ұстанды. Жоғары білімді адам және тәжірибелі әкімші ретінде ол отаршыл әкімшіліктің жергілікті тұрғындармен қарым-қатынасын құру процесінде, әсіресе дін сияқты нәзік салада барлық күрделілік пен ықтимал тәуекелдерді түсінді. 1868 жылы, қызметке кіріскеннен кейінгі жылы ол мұсылман дінбасыларының депутаттығымен кездесуде дінге қатысты саясат бағдарламасын әзірлеп, ұсынды. Оның мәні жергілікті тұрғындардың діни өміріне араласпау және мұсылман дінбасыларын қоғамның қоғамдық-саяси және рухани-мәдени институты ретінде мүлдем елемей болды. Христиандықтың табысты факторы ретінде К. П. Кауфман аймақтағы славян халқының көбеюін қарастырды, бұл шіркеулер мен приход мектептерінің құрылысымен бірге жүруі керек. «Мүмкіндігінше Түркістанда, әсіресе Әулие Ата мен Шымкентте орыс элементінің санын көбейту қажет, өйткені бұл аудандардың облысында қырғыздар тығыз қоныстанған, ал олар сарттарға қарағанда исламға діншілдігі төмендеу. Орыс элементінің аудандарында шіркеулер мен приход мектептерін неғұрлым көп салсақ, соғұрлым біз православие мемлекетінің келбетін береміз». К. П. Кауфманның идеялары біртіндеп жүзеге асырылды. Шымкент және Әулие-Ата уездерінде орыс қоныс аударушы шаруалары үшін аудандар құрылды. Бос жерлерде алдымен шіркеу мен базар ұйымдастырылды, содан кейін жоспарлы түрде қоныс аударушылар қоныстанды. Сырдария уалаятында 50 ауыл ұйымдастырылды, уездерде 3000 орыс отбасы орналастырылды [10, 130 б.].

Революцияға дейінгі кезеңде православиелік миссионерлік мәселесі бойынша арнайы ғылыми зерттеулер болған жоқ, бұл тақырып басқа мәселелермен қатар қамтылды, сондай-ақ белгілі миссионерлер Н. П. Остроумовтың (1879), М.А. Миропиевтің (1901) еңбектері шықты, онда Түркістан діндарлары арасында миссионерлік жұмыстың нәтижелері ұсынылды. Революцияға дейінгі авторлардың еңбектері арқылы Ресей империясының

өркеніеттік рөлі, орыс мектептері мен исламнан христиан дініне көшу құралы бола алатын орыстар арасында шетелдіктерді ассимиляциялау қажеттілігі туралы ой ашықтан ашық айтылды.

Ильминский шәкірті, белгілі миссионер, профессор Н. П. Остроумов өз еңбектерінде «Историческое и современное значение христианского миссионерства среди мусульман» (Қазан, 1894), «Способные ли кочевые народы Азии к усвоению христианской веры и христианской культуры» (Ташкент, 1895), «Колебание во взглядах на образование туземцев в Туркестанском крае» (Ташкент, 1910) миссионерлік идеяны қозғап, оларды жүзеге асыру жолын көрсетті. Бұдан басқа ол қырыққа жуық шығарма жазды [11].

Остроумов мұғалімі Ильминский сияқты мұсылмандар арасында белсенді православиелік миссионерліктің жақтаушысы болды. Остроумов (қазан миссионерлік мектебі аясында) православие негізінде шетелдіктерді Ресей қоғамына біріктіру қажет деп санады. Осыған байланысты тапқырлар исламмен күресу қажет деп санады [12,47 б.].

М. А. Миропиев 1852 жылы діни қызметкердің отбасында дүниеге келген. Қазан теологиялық семинариясын бітіріп, 1874-1878 жылдары Қазан теологиялық академиясында оқып, теология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алды. Орынбор оқу округінің аудандық инспекторы лауазымына тағайындалды. 1886 жылдан бастап Ташкент мұғалімдер семинариясында тарих және география пәндерінен сабақ берді. 1888 жылы осы оқу орнының директоры болды, семинаристерге «Педагогика» пәнін оқиды. 1888 жылы 30 желтоқсанда белсенділігі мен ғылыми таланты үшін екінші дәрежелі Әулие Станислав орденімен марапатталды. М. А. Миропиев бұратана халықтарды христиандандыру мен орыстандырудың жақтаушысы болды. Автор өз еңбектерінде мемлекеттің христиандандыру процестеріндегі жетекші рөлі туралы көзқарасты анықтады [4].

Г. Н. Потанин ұзақ уақыт бойы қазақ халқының рухани және материалдық тарихын зерттеген. Өз еңбектерінде ол қазақ арасында ислам мәселесін тікелей терең зерттеген жоқ, бірақ дәстүрлі қазақ қоғамы туралы бірқатар ой-тұжырымдарын білдіртті. Өзінің негізгі идеяларын ол «Иностранческий вопрос в Сибири» атты мақаласында көрсеткен және орыс үкіметінің бұратана халықты мәжбүрлеп орыстандыру және шоқындыру саясатына қарсылығын білдірген. Мақалада автор Ресейдің отаршылдық саясатын еуропалық мемлекеттердің саясатымен теңестіріп сынға

алды. Потанин қазақтарды «көршілес тәуелсіз елдермен ортақ тілде сөйлетін және ортақ дін ұстанған саны бойынша үлкен халық» деп сипаттаған. Дегенмен автор Ресейдің қоластындағы басқа халықтармен салыстырғанда қазақтар дінге деген ерекше құштарлығы жоқ екендігін көрсетті. Олар европалық білімге қарсы емес, дегенмен орыстардың озбырлықтары нәтижесінде, яғни білімді тек орысша игеру, православиені қабылдау идеяларына қарсы шықты. Нәтижесінде қазақтар ислам дінін күшейтуге, сол арқылы патшаның саясатына қарсылықтарын өсіруде деп тұжырымдаған [13, 33 б.].

Отаршылдық кезінде қазақтардың діни мәселесіне зор назар аударып оны патшалықтың назарына жеткізуге тырысқан атақты зерттеушіміз Ш. Уалиханов болды. Атақты ғұлама шыңғыс ұрпағы ретінде дәстүрлі қоғамда тәрбие алды. Өзінің көптеген зерттеулерінде қазақ арасында ислам мәселесіне ерекше көңіл бөлді. «Даладағы мұсылмандық туралы» атты мақаласында бұл туралы ойларымен бөліскен. Оның пікірінше, дәстүрлі қазақ қоғамында шаманизм мен ислам қатар жүрген, дегенмен орыс патшалығы татарлар арқылы исламның рөлін күшейтуге тырысты деп оған ашықтан-ашық қарсылығын білдірген еді. Бұл бағытта Шоқан Ресейдің XIX ғ бірінші жартысындағы II Екатеринаның саясатын сынаған. Қазақстанның оңтүстік аймақтары мен Орта Азияны жаулап алғанға дейін патшалық жергілікті халықты өз жағына идеологиялық жағынан тарту үшін исламның ықпалын күшейтуге тырысты. Дегенмен бұрыннан патшалыққа бағынған татарлар және башқұрттардың молдалары арқылы бұл саясатты іске асырған. Шоқан орыс білімінің да маңызын мойындаған. Дегенмен, зерттеуші сонымен қатар, исламға қарсы шыққан да емес, ол қазақ даласында қазақ өкілдерінен шыққан молдалар ғана қызмет етуге тиісті деп ашықтан ашық айтқан еді [14]. Әрине ұлы ғұлама ерте қайтып кетіп өзінің жарқын әрекеттерін аяқтаған болды.

Қазақ халқының атақты ойшылы М. Ж. Көпейұлы өз еңбектерінде қазақтың дәстүрлі қоғамы мен тарихи өткеніне ерекше назар аударған. Шығыстың атаулы білім ордаларын тәмамдап, шығыстың бірнеше тілдерін игеріп ортаазияның танымал жерлерін басқан ғұламаның өзіндік ой-танымы қалыптасты. Ол шығыс және батыс зерттеушілерінің тарихи дәстүрімен жақын танысқан болды. Бірақ қазақ тарихы мен өткенін шежіре, әдет, ғұрып, қазақтың атаулы тарихи тұлғалары арқылы жеткізудің жақтаушысы болды. М. Ж. Көпейұлы патша үкіметінің саясатына қатысты идеяларының

едәуір бөлігін «Сарыарқа кімдікі екені» атты туындысында білдірген. Өзі тілге, ойға шешен және шебер болғандықтан басқа тілдің әдебиет туындыларына тартылғанына қарамастан, патшалықтың саясатын қатты сынаған еді. Соның ішінде әскери бекіністердің салынуына, пара беру арқылы қазақтың билеушілерін құлдыратуға, қазақи сананы бұзуға қарсылығын білдіртті [15, 29 б.].

XIX ғ соңында патшалықтың отаршылдық езгісіне қарасты аймақтарында жөділдік ағартушылық идеялары тарала бастады. Бұл бағыттың негізін салушысы ретінде Исмаил Гаспринский ғылыми қауымға танымал. Атақты ағартушы Ресейдің қол астындағы халықтардың едәуір бөлігі мұсылманшыл татар, башқұрт, казак, азербайжан, т.с.с. халықтардың бұрыннан келе жатқан діни ұстанымдары деген ұстанымға негізделді. Тіпті бұл халықтар түркі тілдес болып табылады. Дегенмен, европалық бағыттағы реформалауды олар өздігінше түсіндірді. Дәстүрлі ислам білімін жетілдіріп, басқа тілдерді, соның ішінде орыс, ағылшын, француз, т.с.с. енгізуге, өмірге қажетті тұрғыдан реформалауды ұйымдастырды. Араб әліппесін игеруде жеке ережені ойлап шығарды, оның басты жетістігі, арабша білім алушылар араб жазуын қысқа мерзімде игеретін. Гаспринскийдің идеялары Ресейдің қоластындағы прогрессивті ойшылдардың жаппай қолдауын тапты [16, 63 б.]. Соның арқасында көптеген қазақ зиялылары ағартушылық ислам, батысшыл ислам, немесе дәстүрлі мұсылман қауымын прогрессивті идеяларға тартудың әдіснамасына айналдырды.

Қазақ қоғамында ислам және оның идеологиялық күші ретінде өзара бәсекелестер М. Шоқай және Ә. Бөкейхан арасында орын тапты.

Атақты қазақ зиялы ғұламасы Ә. Бөкейханның дәстүрлі қазақ қоғамында ислам діні туралы айтқан-жазған пікірлері деп аз емес. Өзінің көптеген мақалаларында зерттеуші ислам дінін ешқашан да прогрессивті дамудың кедергісі ретінде қарастырған жоқ. Ол мұсылман қоғамының келеңсіз жақтарын сынға алды, соның ішінде надандықты, қараңғылықты, парақорлықты, тәкаппарлықты, т.с.с. жақтарын рухани нанымға жат нәрсе екенін көрсетті. Сонымен қатар, дін адамның рухани байлығын қалыптастырады, себебі, қайырылымдықты, адам теңдігі, білімге құштарлық сияқты идеяларды уағыздайды. Бөкейхан ислам дінін бұрмалайтын дін қызметкерлерінің тұлғалық қасиеттеріне ерекше назар аударған және патшалықтың отарлау құралы ретінде біліп таныған еді. Тіпті діннің адамзат тарихында алатын орнын шетелдік зерттеушілердің

еңбегінен талдай отырып, діндардың мемлекет басқару ісіне қарсы болды. Дегенмен дінге қысымшылықты қолдамады. Әлихан Жапония, Түркия, еуропалық елдердің мемлекеттік басқарудың табысты тәжірибесін зерттей отыра басты принцип ретінде келесі ойды шығарды: «Оразаға тек, ауыз бекіту, харам істерден, оразаны бұзатын қылықтардан сақтану, оның шарттарын мүлтіксіз орындаумен шектелмейді, бұл айға адамшылық, ұлтшылық істері жағынан қарап, біраз тексеріп көрейік» [17, 223–225 бб.]. Яғни ғұлама адамның ішкі дүниесінің сырын дін және діни ғұрыпқа жаппай берілу емес, нағыз адамзат, ниет, ұлт мүддесіне қатысты әрекеттер ашады деген пікірде болғанын көрсетті. Сонымен қатар, Бөкейхан отаршылдыққа қарсы құрал ретінде қазақ даласына қатысты идеологияны іздеуге тырысады, түркі идеясын «Алаш» автономиясы мен мемлекеттіліктің негізіне алады

Мұстафа Шоқай бастапқы кезде Бөкейханның серіктесі болды, дегенмен ортақ идеология мәселесі бойынша келіспеді. Егер «Алаш» Орта Азия халықтарының ортақ түркі тектес шығу тегі мәселесіне ерекше назар аударса, Шоқай оған қарсы шықты. Себебі, ХХ ғ бас кезіне қарай Ресейдің құрамындағы мұсылман ұлттардың едәуір бөлігі, соның ішінде, татар, башқұрт, Сібірдің түркі тектес ұлттары мәжбүрлеп шоқындырылды. Яғни шоқындырылған түріктердің идеологиясы бұзылған және мұсылмандардың идеологиясына қайшы болып келеді деп көрсеткен. Өзінің мақалаларында Шоқай өз-өзін мұсылман екендігін ашықтан ашық жариялап, мұсылмандардың шарифат, т.с.с. дәстүрлерін сақтау үшін күресемін деп анықтаған» [18, 45 б.].

Сонымен, патшалықтың қазақ даласында, қазақ халқы арасында христиан дініне айналдыру бағыты отаршылдық саясаттың ерекше сипатына айналды. Тарихнамалық шолу барысында отарлаудың құралы ретінде отаршыл, кеңес және тәуелсіздік кезеңінде діни саясаттың жүйеленген түсінігі қалыптасқан жоқ. Отаршыл зерттеушілер қазақ қоғамы, қазақ билеуші топтары арасында исламның, оның бағыттарының таралу мәселесін толық қарастырған жоқ, дегенмен исламды патшалыққа қарсы идеология ретінде түсініп христиандандыру, шоқындыру құралы ретінде мойындады

Кеңес дәуірінде идеологиялық мақсаттарға сай дін мәселесі жеке зерттеу тақырыбына айналған жоқ, дегенмен, зерттеушілер ислам дінінің қазақ дәстүрлі қоғамында ерекше орнын белгілеген.

Заманауи зерттеулер дін және діни отарлау саласында көптеген тұжырымдарды дүниеге әкелді. Ислам қазақтың хандары мен

билеуші әулет қожалар арасында терең орын алғанын көреміз. Дегенмен, қарапайым халық арасында діни синкретизм байлады, діни төзімділік пен ашықтық тән. Дәстүрлі қазақ қоғамына шаруашылық, билеушілік, мәдени салада отаршылдықтың басты құралы ұлт-азаттық көтеріліс барысында діни ойлар күшейгені белгілі. Ол наразылықтың басты идеологиясына айналады.

Яғни, қоғамдық, экономикалық, саяси және мәдени тұрақсыздық немесе дағдарыс жағдайында кез келген қоғамның діни наным-сенімдері күшейе түседі. Ол сырттан келген қауіп-қатерге протест формасына айналып мыңжылдық дәстүрлердің сақтау құралы ретінде алға басады. Патшалық үкімет қазақ қоғамы арасында неғұрлым сауатты және шығыс дәстүріне сай ниеттерді басуға тырысқаны мәлім.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Броневский С.Б. О казахах Средней Орды -Павлодар: ТОО «ЭКО», 2005, - 168 с. /Библиотека казахской этнографии, Том 5
- 2 Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких гор и степей. Алматы. Санат. 1996
- 3 Добросмыслов А.И. Ташкент в прошлом и настоящем : исторический очерк. – Ташкент: Электро-паровая типолитогр. О. А. Порцева, 1912.-520 с 204),
- 4 Миропиев М.А. О положении русских инородцев / М. А. Миропиев. – Санкт-Петербург : Синод. тип., 1901. – 515 с
- 5 Бобровников Н.А. Русско-туземные училища, мектебы и медресе Средней Азии. Путевые заметки. СПб, 1913. – 267 с
- 6 Наливкин В.П. Роль религии и духовенства в жизни туземного мусульманского населения // Туркестанские ведомости. 1906. № 27. 29 сентября.
- 7 Лукашова Н.М. В. П. Наливкин : еще одна замечательная жизнь//Вестник Евразии. – 1999.-№ 1-2. – С 38-60
- 8 Ильминский Н.И. Из переписки по вопросу о применении русского алфавита к инородческим языкам. Казань: Типография Университета, 1883. 47 с.
- 9 Алпыспаева Г.А., Жұман Г., Саяхимова Ш.Н., Багдатова С.А. Дискуссии о христианизации казахов Туркестанского края (вторая половина XIX – начало XX вв.) «Откен жылдар» журналы (Q 1), Ресей, Сочи, 2019, № 2, 655-667 бб.
- 10 Кауфман К.П. Начальное народное образование в Туркестанском крае. СПб., 1910. - 227 с

11 Остроумов Н. П. Историческое и современное значение христианского миссионерства среди мусульман. Казань, 1894; Способные ли кочевые народы Азии к усвоению христианской веры и христианской культуры, Ташкент, 1895; Колебание во взглядах на образование туземцев в Туркестанском крае, Ташкент, 1910

12 Алексеев И. К проблеме культурного диалога: ислам и казанское миссионерское исламоведение // Ислам в советском и постсоветском пространстве: история и методологические аспекты исследования. Материалы Всероссийской конференции «Ислам в советском и постсоветском пространстве: формы выживания и бытования», Казань, май 2003 г. Составитель и редактор Р. М. Мухаметшин. – Казань: Институт истории Академии наук Республики Татарстан, 2004. – С. 40-51.

13 Потанин Г.Н Иногородцы: Вопрос в Сибири // Вост. обозрение. -1884. - № 26, 33 с.

14 Уалиханов Ш. О мусульманстве в степи // <https://shoqan.kz/kz/articles/>

15 Көпейұлы, М. Ж. Сарыарқаның тарихи әңгімесі, Сарыарқаның кімдікі екендігі // Век казахско-дзунгарского противостояния. – Павлодар, 2006. – 29-32 б.

16 Надеин-Раевский В. А. История пантюркизма и его современные сторонники. часть 1. пантюркизм: основные вехи истории // Перспективы. Электронный журнал. – 2022. – Вып. 1 (28). – С. 62–73.

17 Бөкейхан. Шығармаларының толық жинағы. Итом.-Астана: Сарыарқа, 2009.-564б

18 Туркестанские ведомости», 21 октября 1917 года/ Собрание сочинений в 3 томах (на казахском языке). Алматы, Кайнар, 2007. – 420 с.

СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ БІРТУАР ҒАЛЫМ

НУРАЛИНА З. Е.

орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 35 ЖОББМ, г. Павлодар

Қазақ халқының талантты ұлдарының бірі Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – атақты ғалым, геолог, қойғам қайраткері, Қазақ КСР Ғылым академиясының ұйымдастырушысы мен президенті (1946), КСРО Ғылым академиясының академигі (1946), КСРО Ғылым

академиясы Қазақ филиалы құрамындағы геология ғылымдар институтының директоры, КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы президиумы төрағасының орынбасары (1941–1942), төрағасы (1942–46), Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті (1946–52, 1955–64) [1, 3].

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1899 жылғы 12 сәуірде Павлодар облысы Баянауыл ауданында дүниеге келді. Ол алдымен орыс-қазақ бастауыш мектебінде, содан кейін Павлодар қаласындағы орыс-қазақ училищесінде білім алды. Кейін Семейдегі мұғалімдер семинариясына түскен еді. Бұл кезде Қ.И. Сәтбаев туған өлкенің жер байлығын зерттеу ісіне қызыға бастап, оқуын геология саласында жалғастыруды жөн көреді [2, 14]. Сәтбаевтың бұндай ойларына Томск технология институтының профессоры, кейін академик атанған Михаил Антонович Усовпен кездесуі себепші болды. Жас Сәтбаевтың қабілеті мен қызығушылығын бағалаған М. А. Усов өзі қызмет еткен институтқа шақырған. Осылайша 1926 жылы Қ. И. Сәтбаев аталмыш институтын бітіріп, республикадағы бірінші инженер-геолог атағын алды [2, 16]. Осыдан бастап ғалымның тынымсыз еңбек жолы басталады.

1926 жылы жас инженер-геолог өзінің өтініші бойынша Мәскеуде орналасқан «Атбасцветмет» тресіне жұмыс істеуге жіберіледі. Сол жылдың күзінде осы «Атбасцветмет» тресінің басқармасы орналасқан Қарсақпайға келеді. Бұрынғы жиналған геологиялық деректерге талдау жасап, Жезқазған аймағының орасан зор өндірістік потенциалын көріп, 1928 жылы Қ. И. Сәтбаев «Қарсақпай ауданы және оның перспективасы» атты мақаласын жазады. Бұл мақалада Жезқазғанның потенциалын осылайша сипаттайды: «Жезқазған ауданы өзінің потенциалы бойынша келешекте дүние жүзінің ең бай мысты провинцияларының біріне айналады, оған бірінші жүлдені алуға Орал кен орындары ғана емес, Американың да белгілі мыс провинциялары жол беретін болады» [3].

Ғалым өзінің батыл, бірақ толық негізделген геологиялық болжамын тезірек тексеру үшін геологиялық-барлау жұмыстарын жылдамдату керектігін түсініп, Бүкілодақтық КСРО Халық шаруашылығы Кеңесінің алдына бірінші бесжылдықта Жезқазған рудасы негізінде жаңа мыс комбинатын салудың қажеттілігін көрсетті. Осылайша 1928 жылғы 19 қазанда Жезқазған кенінен тұңғыш мыс алынды [4, 21]. Ал 1931 жылы Үлкен Жезқазған комбинатын салу туралы Кеңес үкіметінің шешімі қабылданды. Ал 1931 жылдың

аяғында Жезқазған кен орны ашылған руда қоры бойынша КСРО мыс кен орындарының ішінде алдыңғы орынға шықты [2, 17].

1931 жылы Жезқазған-Ұлытау аймағында жүргізілген көлемді геологиялық-зерттеу жұмыстарының қорытындылары бойынша Қаныш Имантайұлының «Жезқазған мыс кен ауданы және оның минералдық ресурстары» атты монографиясы басылды. Енбекте бұл аймақта одан әрі жүргізілетін жұмыстардың ауқымды бағдарламасы белгіленді. 1940 жылы Жезқазған-Ұлытау ауданында жүргізілген аса маңызды геология зерттеулеріндегі көрнекті ғылыми жетістіктері үшін Сәтбаевқа ресми диссертация қорғауынсыз геология, минералогия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілді [1, 5].

Қаныш Имантайұлы Жезқазған – Ұлытау аймағын шұғыл зерттеумен қатар, Қазақстанның барлық территориясында да геологиялық зерттеу, барлау жұмыстарын ұйымдастыруға белсене қатысты. Атасудың темір, мыс, қорғасын, Торғайдың темір, боксит, Алтайдың түсті металдар кен орындарының Жедел барланып игерілуі қажет екендігін көрсетіп, Орталық Қазақстанда қара металлургия индустриясын құру мәселесін көтерді, Жезқазған-Ұлытау аймағының қазба байлықтарын тез арада еліміздің халық шаруашылығына пайдалану үшін қажетті мына мәселелерді алға қойды: Жезқазғаннан Атасу темірлі ауданы арқылы Қарағанды көмір бассейніне дейін темір жол салу; Үлкен Жезқазған комбинатын салу; кешенді геологиялық барлау жұмысын жеделдету; Жезқазған ауданында ферромарганец заводын салу; болашақ зор өндіріс комплексін тез арада сумен қамтамасыз ету т.б. Міне, осындай Жезқазған болашағына қатысы бар, маңызы зор мәселелер Қ. И. Сәтбаевтің іскерлігінің, ұйымдастырушылық талантының арқасында қысқа мерзімде іске асырылды [2, 19].

Ұлы Отан соғысы жылдарында металдардың жетіспеуімен және Қазақстанда қара металлургияны дамытудың үлкен маңыздылығымен байланысты еліміздің үкімет органдарында 40-шы жылдардың басында-ақ республикада ірі металлургия зауытын салу мәселесі көтерілген болатын. Сондықтан КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының Геология институтында Қ. И. Сәтбаевтың инициативасы бойынша Қазақстандағы темір мен марганец кен орындарының геология-экономикалық сипаттамаларын беру және болашақ металлургия зауытының шикізат қорын әрі қарай ұлғайту жөнінде үлкен ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Қаныш Имантайұлы өзінің әріптестерімен бірге 1942 жылы осы заводты салатын жерді белгілейтін Үкімет комиссиясының жұмысына

қатысты. Олар сонда Қарағанды қаласының іргесіндегі Теміртау алабын тандап алды. СССР Халық Қомиссарлар Советі мұндай металлургия зауытын жедел түрде салу туралы қаулы алды. Осыған орай Қазақ КСР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің жанында республикадағы барлық ғылыми-зерттеу мекемелерінің жұмысын үйлестіріп отыратын ғылыми-техникалық кеңес құрылды. [2, 20].

1946 жылы 1 маусымда Қазақстан Ғылым Академиясы ашылды, оның тұңғыш президенті болып Қ. И. Сәтбаев сайланды. Сол жылы ол СССР Ғылым академиясының академигі атағына ие болды. Соғыстан кейінгі жылдары Қазақ КСР Ғылым Академиясы өндірістік орындармен творчестволық байланысты нығайту үшін академияның кезекті сессияларын Алтай, Орталық Қазақстан, Қостанай, т.б. республиканың өндірістік орталықтарында өткізді.

1951 жылы «ұлтшыл» деген жаламен Қ. И. Сәтбаев Қазақ КСР Ғылым Академиясының президенті қызметінен босатылды. 1955 жылы Қ. И. Сәтбаев қайтадан Қазақстан Ғылым Академиясының президенті болып қайта тағайындалып, өмірінің соңғы күндеріне дейін осы қызметте істеді. Қазақстан Ғылым Академиясының жұмысын дамыта түсті. Көптеген салалы ғылыми-зерттеу институттары ашылды. Қаныш Имантайұлы физика-математика ғылымдарының, әсіресе ядролық физиканың дамуына жоғары мән берді. Қаныш Имантайұлының бастамасымен ядролық физика институтының комплексті құрылысы басталды. Сонымен бірге Қазақ КСР Ғылым Академиясында биология мен медицина ғылымдарының көптеген салалары зоология мен паразитология, адам физиологиясы мен ауыл шаруашылығы хайуанаттары, микробиология, вирусология, ботаника, физиология, биохимия және басқалары дамыды. Қаныш Сәтбаев тарих, археология, этнография, тіл, әдебиет, өнер, экономика, құқық, философия салаларындағы ғылыми-зерттеулердің дамуына айрықша мән беріп, бұл салаларда да ғылыми институттар ашуды ұйымдастырды. Солардың ішінде геологиялық ғылыми-зерттеу институты жетекші болып танылды. Ғылымды өндіріспен байланыстыру мақсатымен еліміздің ірі өндірістік орталықтары – Өскеменде, Қарағандыда, Атырауда Қазақстан Ғылым Академиясының әр саладағы институттарын ашуды ұйымдастырды [5, 98].

Қазақстан ғылымын дамытуда теориялық ғылымдағы жаңа мәселелерді шешуде, оны еліміздің игілігі үшін қолдануда Қ. И. Сәтбаевтың атқарған еңбегі өте зор. Қазақ ғылым Академиясының президенті халқымыздың мүддесін ойлап, жеке

бастың қамынан жоғары қоя білді. Оған мысал 1962 жылы Маңғыстауды Түркімендерге беру туралы Мәскеуден бірнеше рет комиссиялар келіп, Орталық Комитеттің Пленумына, оның Бас Хатшысы Н. С. Хрушевқа ұсыныстар дайындалалы. Орталықтағы билік басындағылар Қазақстанның әндірістік-техникалық базасы нашар дамыған, өз мамандарының күшімен табиғи байлықтарды игере ала ма деген күмән туғызады. Сол кезде біздің республикамызда Түркіменстанға кен орындарын бермеу жөнінде мемлекеттік комиссия құрылады және оны Академия президенті Қаныш Сәтбасв басқарады. Ленин сыйлығының лауреаттары – геология министрі Ш. Есенов, Батыс Қазақстан геология басқармасының бас геологы Н. О. Имашев комиссияның құрамына енгізіледі. Комиссия басшылары осы мәселені 1962 жылы Мәскеуде талқылағанда, КСРО Машина жасау министрі Ф. Б. Славский, КСР Геология министрі А.В. Сидоренко Қазақстанды қолдайды. Ал мұнай Өнеркәсіп министрі С.А. Оруджев «Қазақстан үлкен мұнайды ашқан болса, оны игеруде қолымнан келеді» – деп, Қ. И. Сәтбаев басқарған комиссия шешімін қолдайды [5, 98].

Қ.И. Сәтбаев – 641 еңбектің авторы, оның 5441 орыс тілінде. 98-і қазақ, қалғаны басқа тілдерде жарық көрді. Қ.И. Сәтбаевтың ғылыми еңбектерінің басым көпшілігі Қазақстанның минералдық қоры, мыс рудалары, түсті металдары, көмір, мұнай, газ, басқа да шикізат ресурстары жайында болды [5, 99]. Сонымен қоса Қ. И. Сәтбаев қаламгер де болған. Ол – он жылдық қазақ мектептеріне алгебра оқулығын алғаш жасаушы, Абай шығармаларының алғашқы бір басылымының редакторы, Ер Едіге туралы жырды алғы сөз, түсініктеме жазып, жинақ етіп шығарушы, Мұрын жырау мен қырымның қырық батырын жоқтаушы, өз дәуірі тыныс-тіршілігінің шежірешісі [6, 203].

Академик Қ. И. Сәтбаев – энциклопедиялық білімі бар ХХ ғасырдың ғұламасы. Ол өз заманының сан алуан салалар мен тарауларға бөлініп, жоғары дамыған ғылымының бөрінен хабардар болды. Әр ғылым саласының заңдары мен ерекшеліктерін жете білді. Қазақстанның табиғи кен байлығын ашып, халық игілігіне пайдалануға қалтқысыз еңбек еткен тамаша азамат, талантты геолог, ғұлама ғалым, ғылымның ұйымдастырушысы, аса ірі мемлекет қайраткері болған [5, 99].

Бүгінде қай жерде, қай елде болса да Жезқазған есімі аталып қалса, ойыңа сөз жоқ Қаныш Имантайұлының есімі оралады, ал ретіне қарай Қаныш есімі аталған жерде міндетті түрде Жезқазған,

кенді аймақ Кеңгір мен Қарсақпай, Жосалы мен Байқоңыр, ұлан байтақ Ұлытау өңірі ойына оралып, көңілге қона кетеді. Оның көңілден де, өмірден де дәл солай орын алуы заңды да. Олай дейтініміз, қазақ елінің бүгінгі күні әлемге аты мысымен танылған Жезқазған сияқты әдемі де айшықты, жасампаз қаланың кеншілер мен металлургртердің құт дарыған қонысына айналуы, сөз жоқ Қаныш есімімен тікелей байланысты [4, 28].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қаныш Сәтбаев; [ред. алқасы: Е. М. Арын [ж. б.] ; С. Торайғыров атын. Павлодар мем. ун-ті- Павлодар : ЭКО , 2003. – Кереку-Баян кітапханасы. Рухнама. 25-кітап– 1000 экз. . – ISBN 9965-568-45-3 (мұқ.) - Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауында ұсынылған «Мәдени мұра» арнаулы орта мерзімді бағдарламасы бойынша жарық көрді. - Мәтін қаз., орыс тілд. . – 205 б.
2. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев / ; Қазақ ССР Ғылым академиясы... – Алматы : Ғылым, 1989. - 160 б.
3. Сатпаев Қ.И. Карсақпайский район и его перспективы // Народное хозяйство Казахстана. 1928. № 1. С. 109
4. Үлкен Жезқазған және академик Қ. И. Сәтбаев = Большой Жезказган и академик К. И. Сатпаев : Қ. И. Сәтбаевтың 105 жылдығы мен Жезқазған қаласының 50 жылдығына арналған ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары / ; [ред. Ж. Ж. Наурызбай]; Білім және ғылым министрлігі ; Жезқазған қаласының әкімдігі ; Ө. Байқоңыров атынд. Жезқазған ун-ті... – Алматы : Ғылым, 2004. - 175 б.
5. Қазақ мәдениетінің ұлы қайраткерлері ХХ ғасыр : ғұламалар тағылымы ; оқу әдістемелік құрал / ; құраст. А. М. Сарбаева... – Көкшетау : Келешек-2030, 2012. - 202, [26] б.
6. Шығармалары / Т. Қожакеев- Алматы : Айғаным , 2014.– 2 000 дана . – 978-601-03-0262-4, 978-601-03-0261-7 (т. 1)(мұқ.) - ҚР Мәдениет министрлігі «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша жарық көрді . 1 т. .– 283, [2] б.

ВКЛАД ЗАКЛЮЧЕННЫХ В СТАНОВЛЕНИЕ ГОРОДА ЭКИБАСТУЗА И ЭКИБАСТУЗСКОГО ТОПЛИВНО- ЭНЕРГЕТИЧЕСКОГО КОМПЛЕКСА

САГНАЕВ Д. К.

магистрант, Евразийский национальный университет
имени Л. Н. Гумилева, г. Астана

На послевоенный период (вторая половина 40-х-начало 50-х годов XX века) пришелся апогей системы сталинских исправительно-трудовых учреждений. В качестве доказательства этого тезиса можно привести следующие данные. Так, если в 1940 году система Главного управления лагерей (ГУЛар) НКВД СССР включала в себя 53 лагеря, то в 1947 г. – 56, а в 1954 г. – уже 61. При этом увеличивалось и число заключенных, содержащихся в них: если в 1940 году их количество составляло 1 млн. 344, 4 тыс. человек, то в 1950 г. – 1 млн. 416, 3 тыс., а в 1953 г. – уже 1 млн. 727, 9 тыс. Численность заключенных, осужденных по политическим статьям Уголовного кодекса СССР, в тот период колебалась в пределах от 15 до 20 % [1, с. 10].

